

1. Фикһ және шариғат ұғымдары.

Анықтамасы

الفقه (фиқһ) сөзі лексикада ұғу, ұғыну, түсіну, аңғару деген мағыналарды білдіреді. Мысалға Алла тағаланың Құран Кәрімде:

(قَالُوا يَا شُعَيْبُ مَا نَفَقَهُ كَثِيرًا مِّمَّا تَقُولُ)

«Олар: «Ей, Шу'айб, сен айтып жүрген нәрселердің көбін түсінбейміз», – деді»¹ деген сөздерін келтірсек болады.

Ал ислам мәдениетінің терминологиялық жүйесінде *фиқһ* ұғымы *шариғи құқықтану* немесе *ислам құқықтануы* деп, ғылымның, пәннің атауын білдіреді.

Ар-Рази өзінің «Мухтар ас-Сихахында»: *фиқһ* сөзінің тілдік мағынасын *түсіну, ұғыну*, – деп түсіндіре келе, – кейін бұл ұғым шариғат іліміне ғана тиісті айтылып, шариғат ғалымы *фақиһ* (шариғи құқықтанушы) деп аталатын болды, – деген. Фикһ ілімінің маманы *فَقِيْهٌ* (фақиһ), ал фикһ негіздері ілімінің маманы *أُصُولِيٌّ* (усули) деп аталады. Усули (шариғи негізтанушы) жалпы дәлелдерді, ал фақиһ (ислам құқықтанушысы) талдаушы дәлелдерді зерттейді.

Имам Әбу Ханифаның ғасырында фикһ негіздері ілімі өз алдына жеке ілім ретінде қарастырылмаған болатын. Сол себептен *фиқһ, ақида, ахлақ ілімдері* жалпы анықтамаға тәуелді болған. Кейін әр ілімнің зерттелу өрісі кеңейіп, жеке терминдері пайда болып, әрқайсысы өзіне қатысты жеке анықтамаға иеленіп, ақида ілімі, сопылық ілімі, фикһ ілімі деген дара атауларға ие болған².

Имам Әбу Ханифа: *фиқһ ілімі дегеніміз – адамның өзіне тиесілі құқықтарды және өзінен талап етілетін міндеттерді білуі*, – деп анықтаған. Бұл анықтама әуел баста өз ішіне 'ақида, этика және фикһ нормаларын бірдей қамтитын жалпы анықтама болған-ды. Ол уақытта жалпы анықтама берілу себебі – фикһ ілімі басқа шариғат ілімдерінен бөлінетіндей, өз алдына дара ілім болып қалыптаса қоймаған еді. Уақыт өте *қалам ілімі* мен *таухид ілімі* имани мәселелерді, *ахлақ* пен *сопылық* этикалық-рухани тәрбие теориясын зерттеуге кірісе бастады. Фикһ іліміне қатысты *адамның өзіне не тиісті және өзінен не талап етілетінін білуі* деген жалпы анықтамадан ханафи ғұламалары ақида мен рухани тәрбиеге тән мәселелерді ысырып, оған

¹ «Һуд» сүресі, 91 аят.

² Уаһба аз-Зухайли. «Усул әл-Фикһ әл-Ислами»: 29.

практикалық амалдар деген ұғымды қосқан. Сөйтіп, оның анықтамасын адамның өзіне тиісті практикалық құқықтары мен өзінен талап етілген практикалық міндеттерін білуі, – деп, фикһ іліміне тән анықтаманы нақтылаған³. Фикһ ілімінің нақты анықтамасына назар аударайық:

«العلم بالأحكام الشرعية العلمية المستفادة من أدلتها التفصيلية»

«Талдаушы дәлелдерден алынған шариғи (заңи) практикалық нормалар (үкімдер) туралы ғылым». Талдаушы дәлелдер дегеніміз – белгілі бір іс-әрекеттің үкімін арнайы қозғайтын дәлелдер. Олар бізге қатысты құқықтар мен міндеттерді тудырады. Мысалы, намазды арнайы атап, оны орындауға бұйырған дәлел – талдаушы дәлел болып, намаздың парыздығы – талдап айтылған норма саналады.

Фикһ – шариғаттың практикалық бөлігі. Шариғат Аллаһ тағаланың құлдары үшін сенім мен амал тұрғысынан жүзеге асуын талап етіп бекіткен, Құран мен сүннетте көрініс тапқан заңдары мен нормалары. Сенім тұрғысынан жүзеге асуын талап еткен бөлігін кәлам немесе таухид ілімі, ал амал тұрғысынан талап еткен бөлімін фикһ ілімі зерттейді. Осы тұрғыда шариғат пен фикһ ұғымдарының парқын айыра тануымыз қажет:

1. *Шариғат* деп Аллаһ тағала тарапынан пайғамбарымыз Мұхаммедке  түсірілген дінді жалпы айтады. *Шариғат* толығымен Аллаһ тағаланың үкімдері саналса, *фикһ* мүжтаһидтердің шариғаттан түсінген пікірі. Бұл үкімдерді түсінуде және ижтиһад етуде ақыл өз алдына жол ашып тәуелсіздік таныта алмайды, керісінше, ол әрдайым шариғат негіздеріне бағынышты.

2. *Шариғат* ұғымы дінде ақида, этика және практикалық амалдармен байланысты нормаларды жаппай қамтыса, *фикһ* ұғымы тек қана практикалық амалдармен байланысты нормаларды білдіреді.

3. *Фикһ* ұғымы ғұламалардың барлық ижтиһадтарын: дұрысын да қатесін де, ал *шариғат* ұғымы мүжтаһидтердің дұрыс айтқан үкімдерін ғана қамтиды.

4. *Шариғат* ұғымы *фикһ* ұғымынан кеңірек. Аллаһ тағаланың Құран Кәрімдегі: «**Бүгін сендерге діндерінді кемелдендіріп, сендерді бөлеген нығметімді тәмәмдадым, сондай-ақ сендерге Исламды дін етумен разы болдым**»⁴, – деген сөзі *шариғатты* көздейді. Сол себептен *шариғат* жалпылаушы қағидалар мен негіздерді, ал *фикһ* мүжтаһидтердің Құран мен сүннет мәтіндеріндегі жалпылаушы қағидалардан түсінген үкімдерін білдіреді.

5. *Шариғаттың* жалпылаушы қағидалары мен тұрақты үкімдері қатеден пәк, мінсіз саналады. Ал *фикһ* үкімдері ішінде мүжтаһидтің түсінігіне сай дұрысы да, қатесі де болуы мүмкін. Дегенмен екі жағдайда да

³ Уаһба аз-Зухайли. «Усул әл-Фикһ әл-Ислами»: 29.

⁴ «Әл-Мәида»: 3.

мүжтаһид еңбегі үшін сауапқа бөленеді. Аллаһтың елшісі ﷺ: «Төреші үкім шығаруда ижтиһад етіп, сосын тура тапса, оған – екі сауап, ал үкім шығаруда ижтиһад етіп, сосын қателессе, оған – бір сауап», – деп айтқан⁵. Бірақ көп жағдайда дұрыс болады. Қандай да бір мәселенің үкімін баяндауда ғұламалар ақиқатты дәл тапса, онда фикһ шариғатқа сай болады. Ал қателессе, ижтиһадтары фикһ ұғымының шеңберінен аса алмайды.

6. *Шариғат* үкімдерін қай тұрғыдан болсын, ақида, құлшылық, этика, жүріс-тұрыс нормаларын толық ұстану – әр мұсылманға парыз. Ал *фикһ* мәселесіне келсек, бір мүжтаһидке басқа мүжтаһидтің ижтиһадын ұстану міндет емес. Сондай-ақ *фикһ* бір замандағы не бір елдегі проблемаларды шешуге жарамды болса, басқа бір замандағы не басқа бір елдегі проблемаларды шеше алмауы әбден мүмкін.

Фақиһ немесе *муфти* дегеніміз – мүжтаһид. *Мүжтаһид* дегеніміз – Фикһ ғалымдары арасында келісілген (Құран, сүннет, ижмағ және қияс) және даулы (әл-масалих ал-мурсала, садд әз-зараи' және сахаба сөзі) дәлелдерді пайдалануда, сондай-ақ олардан практикалық шариғи үкімдерін шығаруда алғырлық қабілеттілігіне иемденген ғалым, шариғи құқықтанушы.

Фикһ ілімі бірте-бірте пайғамбарымыздың ﷺ және сахабалардың ғасырында пайда бола бастаған. Оның сахабалар арасында пайда болуына адамдардың жаңа оқиғаларға қатысты үкімдерді танып-білу қажеттілігі түрткі болған. Фикһ ілімі бүгінгі күнге дейін 1) пайғамбар ﷺ кезеңі; 2) сахабалар кезеңі; 3) табиғиндер кезеңі; 4) мүжтаһид имамдардың (фикһ мәзһабтарының) кезеңі; 5) өткен ижтиһадтармен шектелу және ижтиһадтың іркілу кезеңдерін аттап, қазір жаңадан туындаған мәселелердің үкімдерін зерттеуде ижтиһадты жандандыру кезеңіне аяқ басты.

Ислам шариғаты адам өмірін жан-жақты қамтып, әр адамның ана құрсағындағы нәрестелік кезеңінен бастап қабірге қойылу кезеңіне дейінгі өмірін толығымен өз қамқорлығына алған. Шариғат адамзат өмірін барлық жағынан төмендегідей тәртіпте ретке келтірген:

1. Жеке адамның Аллаһ тағала қатысты міндеттерін бейнелейтін құлшылық үкімдерін бекітті. Бұл үкімдер шариғаттың «Құлшылықтар» атты бөлімінде қарастырылады. Қолдарыңыздағы кітап осы бөлімді зерттейді.

2. Адамның жеке жүріс-тұрысы мен көпшілік арасында ұстанатын этикасын жөнге салатын үкімдерді бекітті. Бұл үкімдер шариғаттың "Адал және арам" атты бөлімінде қарастырылады.

⁵ әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді.

3. Отбасы жағдайын ретке келтіретін үкімдерді бекітті. Бұл үкімдер некелесу, ажырасу, асырау, бала емізу, мұра қалдыру, мұралану секілді мәселелермен байланысты. Бұл бөлім шарифатта "Отбасы жағдайы" деп аталады.

4. Қоғамдық өмірдегі азаматтық және мал-мүліктік қатынастарды реттейтін үкімдерді бекітті. Бұл үкімдер сауда, қарыз алу, қарыз беру, жалға беру, кепілге беру секілді қатынастармен байланысты. Бұл үкімдерді шарифаттың «Азаматтық немесе мүліктік қатынастар» атты бөлімі зерттейді.

5. Қылмыстар мен олардың жазаларына байланысты үкімдерді бекітті. Бұған: ұрлық, зина, арақ ішу секілді күнәлардың жазалары кіреді. Бұл үкімдерді зерттейтін бөлім шарифатта "Қылмыстар" деп аталады.

6. Мемлекет басшылығы мен халық арасындағы міндеттер мен құқықтарды, сондай-ақ екі арадағы қатынастарды жүйелейтін үкімдерді бекітті. Бұл үкімдер "Үкімет заңдары" деп аталады.

7. Халықаралық қатынастармен байланысты үкімдерді бекітті. Бұларға: бейбітшілік, соғыс, келіссөздер секілді мәселелер кіреді. Бұл үкімдер «Халықаралық қатынастар» деп аталады.

2. Ислам шарифатының ерекшеліктері.

Біріншіден, ислам шарифатының бастауы да, асыл мақсаттары да, бағыт-бағдары да – Аллаһ тағаладан. Ол – ешбір періштенің, ешбір жынның, ешбір адамның ойы араласпаған қасиетті уахи. Уахи ұғымы шарифатта Құран мен сүннетті бірдей қамтиды.

Екіншіден, ислам шарифаты кез келген заманда әрі жердің кез келген аймағында практикаға жарамды кәміл үкімдер мен заңдарға бай. Оның адамзат өмірінің қамтымаған, жүйелемеген қыры жоқ. Исламдағы құлшылық мұсылманның сауапқа деген үмітін намаз, ораза, зекет, қажылық парыздарымен ғана шектемей, өмірдің әр сәтін сауаппен байланыстыруды мақсат етеді. Сол себептен Аллаһ тағала жақсы көріп, риза болатын сөздер мен істердің барлығы исламның көзқарасында құлшылыққа саналады.

Сондай-ақ шарифат адамның жүрегі мен мал-мүлкін ғана емес, денесінің әр мүшесін де құлшылыққа қатыстырады. Мысалы: намаз уақытында адамның бүкіл ішкі және сыртқы дене мүшелері құлшылықта болады. Сондай-ақ, мал-мүлкін Аллаһ тағала бұйырған және ұнатқан мақсаттарда пайдаланады.

Үшіншіден, ислам шарифаты заман ағысы мен талабына сай келеді. Ислам шарифаты қай заманда адамзатпен ажырамас байланыста өмір сүруге

бейімді. Ол барлық жағдайларды қадағалап, жақсы жақтарын толықтырады және жағымсыз жақтарын жөнге келтіреді. Мысалы, ол адамды ақиретке қатты қызықтыруымен қатар дүниедегі үлесін де ұмыттырмай еңбекке баулып, дүние-ақиреттегі пайдасын бірдей көздейді. Сондай-ақ ислам шарифаты адамның табиғаты мен сезімдерін ескеріп, парыз етілген құлшылықтар адамның күнделікті уақытының аз ғана бөлігін алады.

Төртіншіден, ислам шарифаты негізгі тұрақты үкімдерді адам өмірінде болып тұратын қиын жағдайларда кешірімді себептерге сай жеңілдеткен. Ол үкімді өзгертуге болмайтын жағдайларда қаттылықты, ал жеңілдетуге мәжбүрлеген жағдайларда жұмсақтықты ұстанады. Осы ерекшеліктің Құран Кәрімдегі кейбір көріністері:

«Сендерге өлексе, аққан қан, доңыз еті және Алладан басқаның атымен бауыздалған мал, сондай-ақ буылып, ұрылып, құлап, сүзіліп және жыртқыш жеп *өлген* малдар арам етілді, әрине, егер бауыздап үлгерсеңдер *үкім* басқаша...»⁶, – деген аяттың басы негізгі тұрақты үкімді бекітсе, аяттың «Кімді күнә әуестегі емес, аштық мәжбүрлесе, онда Алла – тым кешірімді, өте рақымды», – деген соңы шарасыз жағдайда ол үкімнің жеңілдеуін білдіреді.

Құрайыштардың Махзум руынан болған бір әйел ұрлық қылған кезде олар оны жазадан құтқарып қалулары үшін Усама ибн Зайдты қорғаушы етіп пайғамбарға жібереді. Аллаһтың елшісі ﷺ бұған қатты ашуланып: «Расында, сендерден бұрынғылардың құрып кетулерінің себебі – іштерінде құрметті адам ұрлық жасаса, жаза атқарылмастан қоя берілетін, ал әлсізін ұстаса, жазаны орындайтын. Аллаһқа серт! Егер Мұхаммедтің қызы Фатима ұрлық істесе, әлбетте, оның қолын кесемін»⁷, – деген хадис тұрақты үкімді бейнелесе, «Қылмыс жазаларынан шамаларың келгенін мұсылмандардан қайтарындар. Оған жазадан құтылар жол тапсаңдар, қоя беріңдер, өйткені басшының кешірімділікте қате жіберуі жазалауда жіберген қатесінен жақсырақ»⁸, – деген хадис шарифаттың жеңілдігін бекітеді.

Сақиф руының адамдары пайғамбарымызға ﷺ исламды қабылдаулары үшін келгенде одан өздерінің жаһилиятта табынған «Лат» атты пұттарын үш жылдай өздерінде қалдыруын өтінген. Бұл өтінішті Аллаһ елшісі ﷺ қабылдамайды. Бір жылға қалдыруын өтінсе де қабылдамаған. Тіпті, бір айға қалдыруын өтінгенде де қабылдамаған. Соңында намаздан босатуларын және пұттарын өз қолдарымен сындырмауларын өтінген. Сонда, Аллаһтың елшісі ﷺ оларға: «Пұттарыңды өз қолдарыңмен сындырудан босатамыз, ал намазға келетін болсақ, намазсыз дінде еш жақсылық жоқ»⁹, – деп айтылған хадисте

⁶ «әл-Мәида»: 3.

⁷ әл-Бұхари мен Мүслим жеткізді.

⁸ ат-Тирмизи жеткізді

⁹ Ибн Хишам «Сирасында» келтірген.

таухид пен намаздың өзгермейтін тұрақты үкім екені бекітіліп, пұттарды өз қолдарымен сындырмауларына жеңілдік жасалғаны байқалады.

Бесіншіден, ислам шарияты бірте-бірте түзету енгізу ерекшелігіне ие. Бұл ерекшелік Құран Кәрімнің бірден емес, аят аят, сүре сүре болып түсуінен-ақ көрінеді. Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «Сондай-ақ Құранды *оқигаларға сай* бөліп түсірдік, адамдарға оны кідіріспен оқуың үшін, әрі оны бірте-бірте түсірдік»¹⁰, – деген. Имам әл-Құртуби осы аятқа қатысты: «Адамдарға бүкіл парыздарды бір уақытта қабылдау талабы қойылғанда, әлбетте, олар қашып кетер еді», – деген.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің: «Құраннан ең әуелгі болып түскені ішінде жәннат пен тозақты еске түсіретін сүрелер еді. Адамдар исламды қабылдауға ағылған кезде халал мен харам түсті. Егер әуелгі болып, «арақ ішпендер» бұйрығы түскенде, әлбетте, олар: «арақты мүлде тастамаймыз», – деген болар еді, сондай-ақ әуелгі болып «зина жасамаңдар» бұйрығы түскенде, әлбетте, олар: «зинаны мүлде тастамаймыз» – деген болар еді, – деген¹¹.

Мысалы, исламның өсімқорлықты харам ету тәсіліне назар салсақ, оны төмендегідей кезеңдерді қамтығанын байқаймыз:

Бірінші кезең: **«Рибадан не берсеңдер, мақсаты – адамардың мал-мүлкінде өсіп тұру болса, оларың Алланың қасында әсте өспейді»¹². Ал Алланың дидарын қалап, садақадан не берсеңдер, міне, солар – сауаптары еселенушілер»¹³**. Бұл аятта берілген сыйлықтың адамнан артығырақ сыйлықпен қайтуы ниетін сөгіп, сауап іздген кісіге сыйлықты не садақаны пайда үшін емес, Алланың ризашылығы үшін ғана беруі керектігін ескертеді. Бұл кезеңде Алла тағала мұсылмандарға, амалдары зая кетпес үшін, не берсе де материалдық пайда үшін емес, Раббыларының сауабы үшін беру артықшылығын баяндады.

Екінші кезең үш сатыдан аттады:

- «Яһудилерге әділетсіздіктері және көптеген адамдарды Аллаһтың жолынан адастырғандары себепті өздеріне адал етілген таза нәрселерді арам қылдық. Сондай-ақ өсім алғандары себепті, негізінде, олар үшін

¹⁰ «әл-Исра»: 106.

¹¹ әл-Бұхари жеткізді.

¹² Бұл аятқа қатысты Икрима: «Риба екі түрлі болады: харам риба және халал риба. Халал риба деп, біреуге берілген қарызды емес, сыйлықты ғана айтады. Сыйлықты берудегі ниет – бұдан да жақсырақ сыйлыққа ие болу», – деп түсіндірген. ад-Доххак: «Бұл аятта сауабы адамдардан көзделген халал риба айтылуда. Бұл ниеті үшін оған сауап та жоқ, күнә да жоқ», – деген. Сол секілді Ибн Аббас: «Бұл аятта адамның біреуге берген сыйлығы арқылы одан да жақсырақ сыйлыққа ие болу ниеті көзделеді. Бұндай ниетпен берген сыйлығы күнә саналмаса да, Алланың қасында өспейді, ол үшін сауап жазылмайды», – деп түсіндірген. Аят осы мағынаны білдіру үшін түскен. Шәмсуддин әл-Құртуби. «әл-Жами' ли Әхкаам әл-Қур'ән»: 14/36.

¹³ «ар-Рум» сүресі: 39.

өсімге тыйым салынған еді, әрі адамдардың мал-мүліктерін алдап жегендері үшін. Олардың іштеріндегі кәпірлерге қинаушы азап әзірледік»¹⁴. Бұл кезеңде Аллаһ тағала яһудилердің азапқа қандай себептермен ұшырағандарын білдіре отырып, мұсылмандардың жүректеріне өсімге деген жек көрушілік ұялатады.

- «Ей иман келтіргендер! Қайта-қайта еселеп өсім жемендер әрі Алладан сақсыныңдар, мүмкін құтыласыңдар. Сондай-ақ кәпірлер үшін әзірленген тозақтан сақтаныңдар»¹⁵. Аллаһ тағаланың иман келтіргендерге өсім үкімінің харам екендігін баяндап, оған тыйым сала бастаған алғашқы аят – осы.

- «Өсім жегендер *қабірлерінен* жын соққан кісі секілді тұрады, өйткені олар: «Сауда да өсім секілді нәрсе», – деді. Алла сауданы адал етіп, өсімді арам етті. Кімге Алланың ескертуі келіп, ол бұл ісін доғарса, бұрынғысы – өзінікі болып, ісінің үкімі Аллаға тапсырылады. Ал кім қайта оралса, олар – тозақтың тұрғындары болып, онда мәңгі жасайды. Алла өсімді берекесіз етіп, садақаларды өсіреді. Алла өңкей кәпір пен күнәқарды жек көреді. Расында, иман келтіріп, салиқалы амал жасағандар, намаз оқып, зекет төлегендердің сыйақылары – Раббыларының қасында. Оларға қауіп те қайғы да төнбейді. Ей, иман келтіргендер, егер мұминдерден болсаңдар, Алладан сақсыныңдар да өсімнен қалғанын тастандар! Егер бұйрықты орындамайтын болсаңдар, өздеріңе Аллаһтан әрі Оның елшісінен соғыс тілеп алғандарыңды біліңдер! Егер тәубе келтірсеңдер, малдарыңның басы – өздеріңе *қайтады*. Сонда әділетсіздік жасамаған әрі әділетсіздікке ұшырамаған боласыңдар»¹⁶.

Осы аятты түсіруімен, Аллаһ тағала мұсылмандарға өсімқорлық мақсаттағы қарыздың барлық түрлеріне харам үкімін шығарды.

Бірте-бірте түзету енгізу тәсілі – Аллаһ елшісінің  қоғамды дұрыстауда ұстанған жолы. Сенімі, әрі санасы, әрі жүріс-тұрысы бұзылған қоғамда тәрбиеленген адам шындықты бір айтқаннан қабылдамайды. Тіпті, қабыл алғандардың өздері, сол шындықтың талаптарын бірден көтеріп кете алмайды. Адам баласын бірте-бірте тәрбиелеу оның табиғатын қадағалауға жатады. Өйткені, адам баласының ана құрсағында жаратылуының өзі бірнеше кезеңдерден өтеді. Адамды әрі қоғамды дұрыстауда бірте-бірте жылжу жолы – Аллаһтың жолы болса, онда Аллаһқа шақырушылар да бұл жолды әбден меңгерулері керек.

Ислам шариғатының тағы бір ерекшелігі – жеңілдігі мен оңайлығы. Ислам адам баласының әлсіздігін, міндеттері мен шұғылдарының көптігін

¹⁴ «ән-Ниса»: 160,161.

¹⁵ «Әли Ғимран»: 130,131.

¹⁶ «әл-Бақара»: 275-279.

ескереді. Сондай-ақ оны түсірген Аллаһ тағала – жұмсақ әрі мейірімді. Ол адам баласына қиындық пен ауырлықты мүлде қаламайды, керісінше, оған барлық жақсылықты қалайды. Ол Құран Кәрімде: «Аллаһ сендерге жеңілдікті қалайды әрі сендерге ауырлықты қаламайды»¹⁷, – деп айтқан. Шариғат науқас пен жолаушыға, етеккірі келген әйел кісіге жағдайларын ескеріп, оларға қатысты құлшылық үкімдеріне арнайы жеңілдіктер жасаған.

Аллаһтың елшісі ﷺ: «Расында, дін – жеңіл. Ешкім оны қатайтып алмасын, әйтпесе, дінді көтере алмай діңкесі құриды. Істі дұрыс атқарыңдар, аз істеріңмен болса да Аллаға жақындандар, сауап үміт етіп қуаныңдар»¹⁸, – дегенін жеткізген. Ибн Масғуд Аллаһ елшісінің ﷺ үш мәрте: «Қатты кетушілер құрыды», – дегенін риуаят еткен¹⁹.

3. Пайғамбар кезеңіндегі фикһ.

Бұл кезеңде Пайғамбарымыз ﷺ мұсылмандарға Раббылары тарапынан бұйырылып отырған құлшылықтар мен қарым-қатынастарға қатысты, сондай-ақ сол кезеңде туып отырған әртүрлі жағдайларға байланысты шариғат үкімдерін Аллаһ тағаладан қабылдап атқарған. Сахабалар соған еріп істеген. Ислам шариғаты қияметке дейінгі бүкіл замандарды, халықтар мен ұлттарды, аймақтар мен ғұрыптарды, жағдайлар мен оқиғаларды қамтып, кемел құнға лайықтанған уақытта ғана пайғамбарымыз дүниеден озды.

Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларына фикһты арнайы кітап беттерінде емес, қияметке дейін туып отыратын мәселелерді қамтыған жалпы негіздер мен үкімдер ретінде Құран мен сүннет мәтіндерінде және сахабалардың зейінінде қалдырып кетті.

Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларға ижтиһад ісінің заңды әрі қажетті екенін білдіру үшін сахабалардан шыққан ижтиһадтарды дұрыстап, мақұлдаған кездері болған. Мысалы, Исламды насихаттау міндетін атқару үшін Муаз (Аллаһ оған разы болсын) Йеменге аттанар сапарында оның ижтиһад жасаймын деген көзқарасына Пайғамбарымыздың ﷺ рұқсат етіп мақұлдағаны туралы бәрімізге белгілі хадисі бар. Пайғамбарымыз ﷺ мақұлдаған әр үкім уахи саналады. Өйткені оның әрбір сөзі ешқашан уахидан озбаған. Бұл ақиқат жөнінде Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «Ол қалауына еріп сөйлемейді (3) Ол тек уахи етілген уахи ғана (4)», – деп айтқан. Осылайша бұл ғасырда шариғат негіздерін тек Құран мен сүннет құраған.

¹⁷ «әл-Бақара»: 185.

¹⁸ әл-Бұхари жеткізді.

¹⁹ Мүслім жеткізді.

Бұл кезеңде сахабалар пайғамбардан ﷺ тек Құранды ғана жазып сақтаған. Ал хадистерге келсек, олар Құран мәтіндерімен араласып кетпесі үшін, жазылмаған еді.

4. Сахабалар кезеңіндегі фикһ.

Сахабалар кезеңі дегенде пайғамбарымызға ﷺ ұзақ уақыт серік болған үлкен жастағы сахабалар айтылады. Сондай-ақ ол әділетті халифалар кезеңі деп те аталады.

Жоғарыда пайғамбар ﷺ кезеңінде шариғат негіздерін Құран мен сүннет қана құрағаны туралы айтқан болатынбыз. Ол кезеңде сахабалар хак дінді насихаттау ісімен ғана шұғылданған болатын. Пайғамбарымыз ﷺ дүниеден озға соң әділетті халифалар ғасырында көптеген елдерге ислам діні тарап, пайғамбар ғасырында кезікпеген түрлі жағдайлар мен оқиғалар пайда болды. Бұл жағдайлармен байланысты шариғат үкімдерін баяндау қажеттілігі туды. Осылайша ижтиһад²⁰ ісінің міндеті туып, ол шариғаттың Құран мен сүннетке тәуелді жаңа негізіне айналды. Жаңадан туған көптеген мәселелердің үкімдерін анықтау ісінде сахабалар алдымен, Құранға қараған, одан таппаса, сүннетке жүгінген, одан да таппаса, өзара кеңескен. Егер ойлары бір жерден шықса, амалды соған негіздеген. Бұл үкім ижмағпен бекіген үкім деп аталады. Сахабалар арасында фикһи қайшылықтар өте аз болған. Қажеттілікке сай ижтиһадқа көп сүйенген сахабаларға Омар, Әли және Ибн Масғуд, ал аз сүйенгендерге Ибн Омар, Абдулла ибн Амру ибн әл-Ас және аз-Зубайр жатады.

Бұл кезеңде шариғат негіздерінің қатарына Құран мен сүннеттен кейін ижмағ пен ижтиһад қосылды.

5. Табиғиндер кезеңіндегі фикһ.

Бұл жерде әділетті халифалардан кейінгі кезең айтылады. Ол Ұмауия дәулетінің орнауымен басталып (хиж-ң 41 ж.), хижраның бірінші ғасырының соңына дейін жалғасқан. Бұл кезеңде көпшіліктен бөлініп шыққан шиіттер мен хауариждер пайда болып, мұсылмандар саяси тұрғыдан бөлінді. Бұл бөліну фикһ амалы мен хадис риуаятына өз кесірін тигізіп, әр топтың көзқарасын қуаттайтын жалған хадистер шығарылды. Дегенмен Аллаһ тағала сүннетті өтірік хадистерден тазартатын мухаддистердің пайда болуын нәсіп етті. Олар хадис риуаятының қабылдау шарттары мен қағидаларын қойып, жалған хадистер анықталды.

²⁰ Фикһ негіздері терминологиясында *الاجتهاد* термині шариғат мәтіндерінен белгілі бір мәселеге қатысты практикалық шариғи үкімді шығару үшін қайраттылық танытып, қолдан келгенін жасау әрекетін білдіреді. Ижтиһад амалы арқылы ислам фикһының мүжтаһидтен басқаға құпия болған тұстары ашылады.

Тағы бір айта кететін мәселе, сахабалар ислам дінін тарату мақсатында әлемнің түрлі аймақтарына жайылған кезде әр қауым дін үкімдерін өз еліне келген сахабаның тәлімі мен ижтиһадына негіздеп үйренді. Сол уақытта әр аймақтағы жағдайлар мен оқиғалардың өзгешеліктеріне сай ижтиһадпен алынған үкімдер де өзгешелік тауып, ижмағ ісі қиынға соқты.

Осы кезеңде ой ижтиһады мектебі мен хадис мектебі пайда болды. Бұл екеуі Куфа мен Медина мектептерінің нәтижесінде туды. Ой ижтиһады мектебінің негізін Ибраһим ан-Наха'и, ал хадис мектебінің негізін Саид ибн әл-Мусиб салды.

Қорыта келгенде, бұл кезең ислам фикһының жетілу және фикһи мәзһабтардың пайда болу кезеңінің бастамасы болды. Осы кезеңде Құран мен сүннет мәтіндерінің шектеулігі, ал жаңадан туындайтын мәселелердің шексіздігі себепті қиясқа, истихсанға²¹ және истислахқа²² негізделген амал арқылы ой ижтиһады кеңінен тарады.

Сондай-ақ осы кезеңде Иракта сүннетке қайшы шиіттердің фикһы пайда болды.

6. Фикһ мәзһабтарының кезеңі.

Мәзһаб сөзі лексикада *баратын орын* немесе *жол* деген мағына береді. Ал шарифатта *мәселелерді қамтыған үкімдер* немесе *мәселелерге қатысты көзқарас* дегенді білдіреді.

Осы мағынада мәзһабтар немесе фикһи көзқарастар өз бастауын сахабалардың ғасырынан алғандығын айтып кеткеніміз жөн. Мысалы, белгілі бір мәселелерге қатысты Айша анамыздың мәзһабы, Ибн Омардың мәзһабы, Ибн Масғудтың мәзһабы бар екендігі айқын²³. Табиғиндердің ғасырында Мединеде Са'ид ибн әл-Мусиб, 'Уруа ибн әз-Зубайр, әл-Қасим ибн

²¹ Фикһ негіздерінде истихсан (الاستِخْسانُ) дегеніміз – нормаларды қиындатпау, жеңілдету пайдасын көздеу мақсатында, біріншіден, мүжтаһидтің анық қиястағы талаптан бүркеме қиястағы талапқа айнуды тәуір көру әдісі, өйткені екіншісінің себебі – айқынырақ; екіншіден, жалпыға бірдей қағидадан ішінара бір мәселені шығарып тастауды тәуір көру әдісі, өйткені ол мәселені жекелеуші дәлел бар

²² Истислах (الاستِصْلَاحُ) дегеніміз – Құранда, сүннетте және ижмағта атап айтылмаған, бірақ шарифаттың жалпы қаулылары мен асыл мақсаттарына²² тура келетін жалпыадамзаттық мүдделерді көздеген қандай да бір мәселеге үкім айту.

Түсіндірме: Алла тағаланың шарифаты жалпыадамзаттық мүдделерді жүзеге асыру үшін ғана түскен, яғни адамзатты пайдасын қамтып, зияннан қорғау үшін. Адамзаттық мүдделер – шексіз, олар күннен күнге, заманнан заманға әрдайым жаңарып отырады. Шарифаттың асыл мақсаттары осылардың бәріне қатысты нормаларды қамтыған, олар: адамның дінін, жанын, ақылын, нәсілін және мал-мүлкін қорғау.

²³ *Сахабаларға қатысты мәзһаб ұғымы* – белгілі бір сахабаның шарифат істеріне қатысты Пайғамбардан есіткенін ашық білдірмесе де, есіткеніне негіздеп, немесе Пайғамбардан көргенін ашық айтпаса да, оның істеріне негіздеп, немесе Пайғамбардың қасында ұзақ уақыт серік болуы арқылы жинаған ілімдерінен түсінгеніне негіздеп, немесе өз ижтиһадынан айтқан көзқарасы.

Мухаммад, Харижа ибн Зайд, Әбу Бәкір ибн Абдурахман, Сулайман ибн Ясар және 'Убайдулла ибн Абдулла, ал Куфада 'Алқама ибн Масғуд, Ибраһим ән-Наха'и²⁴, ал Басрада әл-Хасан әл-Басри секілді әйгілі фақиһтер болған. Табиғиндер арасында тағы 'Икрима, Ата ибн Әби Рабах, Тауус ибн Кисан, Мухаммад ибн Сирин, әл-Асуад ибн Зайд, Масрук ибн әл-А'раж, 'Алқама ан-Наха'и, аш-Ша'би, Шурайх, Са'ид ибн Жабир және тағы басқа фикһ ғұламалары болған²⁵.

Һижраның екінші ғасырының басы мен төртінші ғасырының ортасындағы аралық Ислам тарихында ижтиһадтың алтын кезеңі саналады. Бұл кезеңде он үш мүжтаһид пайда болған. Олардың жолдарын қуған шәкірттеріне келсек, олар: Суфиян ибн 'Уйайна (Меккеде), Мәлик ибн анас (Мединада), әл-Хасан әл-Басри (Басрада), Әбу Ханифа мен Суфиян әс-Сәури (Куфада), әл-Ауза'и (Сирияда), аш-Шафиғи мен әл-Ләйс ибн Са'д (Мысырда), Исхақ ибн Раһауайһи (Нисабурда), Әбу Сәур, Ахмад, Дәуд әз-Заһири және Ибн жарир ат-Табари (Бағдадта)²⁶.

Бұл мәзһабтардың көпшілігі уақыт өте келе шәкірттерінің тізбектері доғарылуына байланысты фикһ еңбектері беттерінің әр жерінде ғана болмаса, толық сақталмаған. Ал кейбіреулері, дәлірек айтқанда имам Әбу Ханифа, имам Мәлик, имам аш-Шафиғи және имам Ахмад секілді төрт мүжтаһидтің есімдері барша әлемге әйгілі. Олардың ижтиһадқа негізделген көзқарастары шәкірттерінің арқасында осы күнге дейін толық сақталып, мұсылман үмбетіне қызмет етуде.

7. Имам Әбу Ханифа.

Имам Әбу Ханифаның заманында ілім арабтармен қатар, көбінесе басқа ұлт өкілдеріне ие мұсылмандарда болған. Олар сахабалардан (Алла оларға разы болсын) кейін, ұзақ уақыт ислам мемлекетінің ғылыми орталығы ретінде қызмет етті. Бұл факт – Пайғамбарымыздың ﷺ ғайыптан жеткізген хабарының расталуы. Әбу Һурайрадан жеткен риуаятта Аллаһтың елшісі ﷺ:

"لَوْ كَانَ الدِّينُ عِنْدَ الثَّرِيَّا لَذَهَبَ بِهِ رَجُلٌ مِنْ فَارِسٍ أَوْ قَالَ مِنْ أَبْنَاءِ فَارِسٍ حَتَّى يَتَنَاوَلَهُ"

«Дін жұлдыздар шоғырында болса да, парсылардан болған бір кісі не парсы ұрпақтарының біреуі, – деген, әлбетте, оған қол жеткізу үшін барады», – деп айтқан²⁷.

Әбу Һурайра (Аллаһ тағала оған разы болсын): «Пайғамбардың ﷺ қасында отырған едік. Оған «Жұма» сүресі түсті. Ол оны оқып, **«Сондай-ақ**

²⁴ Имам Әбу Ханифаның шейхы болған Хаммад ибн Әбу Сулайманның шейхы.

²⁵ «әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 1/42.

²⁶ «әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 1/43.

²⁷ Мұслим. «Сахих Мұслим»: 4/1972.

бұлардан кейінгілерге де. Олар әлі бұларды көздерімен көрмеді» деген жерге жеткенде біз: Ей, Аллаһтың елшісі, олар кімдер? – дедік. Үш мәрте сұралмайынша жауап бермеді. Арамызда парсылық Салман болатын. Аллаһтың елшісі ﷺ қолын парсылық Салманға қойып:

"لَوْ كَانَ الْإِيمَانُ عِنْدَ الثَّرِيَّا لَنَالَهُ رَجَالٌ أَوْ رَجُلٌ مِنْ هَؤُلَاءِ"

«Иман жұлдыздар шоғырында болса да, мыналардан тарайтын адамдар не бір адам, әлбетте, оған қол жеткізеді»²⁸, – деді деп айтқан.

Имам Әбу Ханифа (Алланың оған рақымы болсын) хижраның сексенінші жылы Куфа қаласында дүниеге келген. Сонда ер жетіп, тәрбие алған. Өмірінің едәуір бөлігі Куфада өткен. Ата-анасы жайлы онша көп мағлұмат сақталмаған. Бар білетініміз, екеуінің де тегі – парсы, екеуі де мұсылман отбасында дүниеге келіп, тақуалық тәрбие алған. Әкесі Сәбит сауда ісімен айналысқан. Тарих кітаптарында Сәбиттің бала кезінде Әлимен (Алла оған разы болсын) кездескені жайлы мағлұмат бар. Әлидің оған және ұрпағына береке тілеп, дұға жасағаны туралы хабар бар. Баласының кәмелет жасын көруін жазмыш нәсіп етпей, өмірден озады. Әбу Ханифа әкесінен қалған үлкен дәулетті мұраланған. Сәбиттің Әбу Ханифадан басқа баласының бар-жоғы белгісіз. Сақталған деректер бойынша, анасы баласынан ұзақ өмір сүрген.

Әбу Ханифа шынайы мұсылман отбасында тәрбие алған. Өмірінің алғашқы қадамын еңбек саласында әкесі секілді саудамен бастайды. Әбу Ханифаның өмірлік жолы Ислам мәдениетінің биік шыңында көрінген. Ол Құран Кәрімді Асим қырағатымен жаттаған. Кейін араб тілі грамматикасы мен әдебиетін, хадис ілімін, ислам ақидасы негіздерін үйренген. Жас кезінен-ақ көпшілік арасында ерекше парасаттылығымен танылады. Мұны байқаған тарихшы фақиһ аш-Шағби оған білім саласына берілуін өсиет етеді. Осы өсиеттің рухымен Әбу Ханифа саудасына сенімді кісіні тағайындап, өмірін ілім саласына арнайды.

Аш-Шағбидің насихатымен Әбу Ханифа ілім ізденуге бет бұрған кезде ғасырындағы ғұламалардың шариғат ілімдерімен байланысты ізденістері, мешіттерде жүргізілген дәрістері үш түрлі салаға бағытталған еді. Бірінші сала – ақида мәселелері. Ақида мәселелерімен байланысты дәріс алқалары көбінесе сол заманда бой көтерген түрлі ағымдардың өзара пікір таласуларынан аспаған. Екінші сала – хадистерді үйреніп, риуаят ету. Үшінші сала – Құран мен сүннеттің шариғи нормаларын баяндау, сондай-ақ жаңадан көтерілген мәселелерге қатысты пәтуа беру.

Имам Әбу Ханифа осы салалардың қайсысын таңдаған?, – деген сұраққа төмендегі үш риуаят²⁹ жауап береді.

²⁸ әл-Бұхари. «ас-Сахиһ әл-Бухари»: 6/151.

Бірінші риуаят шәкірті Әбу Юсуптан жеткен. Әбу Ханифадан: «Фикһ іліміне жолығу сәттілігіңіз қалай жүзеге асты?», – деп сұралғанда, ол: «Саған бұл жайында хабарлайын. Сәттілік Алладан нәсіп болады. Мадақ Өзіне ғана лайық болатын Алланы мадақтаймын. Мен ілім іздеуге ниет бұрғанымда, заманымдағы ілім салаларына үңіліп қарадым. Бір пәндерді бірінен соң бірін оқып, әр пәннің артын ойлап, пайдалық ауқымына көз жүгірттім. Ең бірінші, кәлам ілімін қолға алдым. Сосын ойлансам, арты маған жақсы көрінбеді әрі пайдасы да аз. Бұл іліммен көп шұғылданған кісі оны ашық сөйлесе, жаман атқа ие болып, оған: «Қалауына еруші», – деп айтылады. Сосын араб әдебиеті мен грамматикасымен шұғылдандым. Бұл ілімінің артына ой жүгіртсем, нәтиже балаларға әдебиет пен грамматиканы үйретуден аспайды екен. Кейін ши`рға (поэзия) назар аудардым. Қарасам, оның да арты біреуді мақтаудан не сөгуден аспайтын болып көрінді. Сосын хадиске кірістім. Алайда қыруар көлемде хадис жинау ісі менен ұзақ ғұмырды талап ететін болып шықты. Ал адамдардың қажеттіліктері мен пайда болып жатқан мәселелер мұны күте алмайды. Ал әр естіген хадисім арқылы жауап бере берген болсам, адамдар мған «жаттауы нашар не өтірік айтады» деп айып тағып, Қияметке дейін осы айыптан құтыла алмай қалудан қауіптендім. Кейін фикһ ілімін ақтардым. Зерттеп, шұғылданған сайын маңыздылығы арта түсті. Бұл ілімнен мін таппадым. Сөйтіп, ғұламалардан, факиһтерден, шейхтардан, көзі ашық тұлғалардан фикһ үйренуді, олардан көркем мінез-құлықты иеленуді дұрыс көрдім. Көзім жеткені – фикһты жақсы білмейінше парыздар да дұрыс атқарылмайды, дін де дұрыс орнамайды және құлшылық та дұрыс жасалмайды. Онсыз, тіпті, дүние мен ақиреттің табысы да жөн таппайды», – деп жауап берген.

Екінші риуаят Яхия ибн Шайбааннан жеткен. Әбу Ханифа: «Мен кәлам ілімінде өзіне пікір таласу қабілеті берілген кісі едім. Біраз уақыт осы ілімде кідірдім. Пікір талас жүргізушілердің көпшілігі Басрада тұрған. Басраға баруыма жиырмадан аса мәрте жолым түсті. Әр мәртеде не бір жыл, не одан азырақ не көбірек тоқтайтынмын. Онда хауариждермен және басқалармен пікір таласқан кездерім бар. Діннің негіздерімен байланысты болғандықтан, кәлам ілімін ілімдердің абзалы көретінмін. Алайда біраз уақыт өткен соң ой жүгіртіп: Пайғамбардың сахабалары мен табиғиндер, біздің түсінуіміз қажетті нәрселердің ешбіреуінен бейхабар болмаған. Тіпті, олар оны бізден жақсырақ түсінген, жақсырақ таныған. Мәселелердің ақиқаттарын жақсырақ білген. Олар бұл мәселелерде таласпаған, тереңдеп кірмеген. Керісінше, өздерін бұдан тоқтатқан және қатты тыйған. Ал шарифаттың фикһи мәселелеріне тереңірек кіргендеріне, егжей-тегжейлі сөйлегендеріне, дәріс алқаларын жүргізгендеріне, адамдарға ілім үйреткендеріне, ілім алуға шықарғандарына, олардан пәтуа сұралғанына және жауап бергендеріне көзім жетті. байқадым. Әуелгі буын да, табиғиндер де осы жолмен өткен. Осы нәрсеге көзіміз жеткенде, бағанағы пікір таластар мен тартыстарды, кәламға

²⁹ Мухаммад Әбу Зухра. «Әбу Ханифа. Өмірі және ғасыры. Кзөкарастары және фикһы»: 22-23бб.

тереңірек кіруді тастадық. Тек негіздерді танып білумен шектеліп, әуелгі буындардың жолына оралдық. Солар ұстанған нәрсені алып, солар сөйлеген шариятты ғана сөйлеп, ілім иелерінің қастарына отырдық. Менің көзім жеткен жәйт, кәламға терең кіріп, пікір таласушылардың сипаттары мен бағыт-бағдарлары әуелгі буындардың сипаттары мен бағыт-бағдарларына ұқсамайды. Оларды жүректері қатты, жан дүниелері қатал түрде көрдім. Құран мен сүннетке қайшы келуден секенбейді. Оларда тақуалық байқалмайды», – деген, – деген.

Үшінші риуаят шәкірті Зуфардан жеткен. Ол Әбу Ханифаның: «Кәлам ілімімен шұғылданғаным соншалықты, адамдар арасында әйгілі дәрежеге жеттім. Бірде Хаммад ибн Әби Сулайманға дәріс алқасына жақынырақ бір алқада отырған едім. Маған қарай бір әйел кісі келіп: «Бір кісінің күң әйелі бар. Сүннетке сай талақ еткісі келеді. Қалай істейді?», – деп сұрады. Мен оған Хаммадқа баруын бұйырдым да: «Сосын маған не айтқаны туралы хабар бер», – деп өтіндім. Ол Хаммадтан барып сұрады. Хаммад оған: «Етеккірден таза әрі жыныстық қатынастан ада болған аралықта бір талақ берсін! Сосын әйелі екі етеккірді күтсін! Сосын ғұсыл құйынып, неке тоқтайды», – деді. Әлгі әйел маған келіп хабар бергенде мен: «Кәлам ілімі маған қажет емес», – деп аяқкиімдерімді алып, Хаммадтың қасына отырдым. Оның мәселелерге қатысты сөйлеген ілімдерін естіп, жатқа алдым. Оларды ертеңіне тағы қайталап алатынмын. Мен оның сөздерін қатесіз жаттайтынмын. Ал басқа шәкірттерікәте жіберетін. Сонда Хаммад: «Алқаның маған қараған бетінде Әбу Ханифадан басқа ешкім отырмайды», – деді деп айтқанын есіткен.

Бұл риуаятардан имам Әбу Ханифаның әуелгіде ақида мәселелеріне қатысты пікір таласпен, яғни кәлам ілімімен шұғылданғаны айқындалады. Өз заманында кең тараған әртүрлі ағым өкілдерімен ақида мәселерінде пікір таластары болып, ақиқатты баяндауға тырысқан. Әбу Ханифа пікірталастың әдептері мен ережелерін мұқият сақтаған. Бірде баласы әкесінің жолын қуып, пікірталасқа берілмекші болғанда, ол оны бұл жолдан қайтарады. Баласы одан: «Сіз пікірталасқа өзіңіз қатысатынсыз. Бізге неге тыйым саласыз?», – деп сұрағанда, оған: «Рас, біз ой таластыратынбыз. Алайда ой таластырғанда тақуалықтың шегінен аспайтынбыз, қарсыласымыздың адасуын еш қаламайтынбыз. Ал сендер болсаңдар, қарсыластарыңды қатерге апарасыңдар. Кім бұлай істесе – өз қарсыласын күпірлікке итергісі келгені. Кім қарсыласын күпірлікке итеруді қаласа, күпірлікке, алдымен, өзі түскен болады», – деп жауап қайтарған. Кейін бүкіл талабын фикһ іліміне жұмсап, қалған өмірін толығымен фикһ ілімін зерттеуге арнаған.

Имам өз ғасырындағы үлкен ғалымдардың пәтуаларымен танысқан. Жиырма екі жасынан бастап Хаммад ибн Әбу Сүлеймен ғалымнан дәріс алған. Хаммад дүниеден өткенше қасынан ажырамаған. Ұстазы дүниеден озған жылы имам қырық жаста еді. Меккеге бірнеше мәрте қажылық пен

умра жасап, онда фақиһтармен³⁰, мұхаддистермен³¹, басқа да ғалымдармен кездесіп көп хадистер естіген. Фикһ мәселелерін ортаға салып, тәжірибе алмасқан.

Сахабалардан фикһ пен ижтиһадты меңгерген табиғиндерден білім алуы үшін, имам олардың елдеріне барып тұратын. Осы ғылыми сапарларына қатысты имам Әбу Ханифа: «Мен Омардың фикһын, Әлидің фикһын, Ибн Масғудтың фикһын және Ибн Аббастың фикһын, олардың ізбасарлары арқылы үйрендім», – деп айтқан³².

Қырық жасында имам Куфадағы мешітте ұстазы Хаммадтың орнына шәкірттеріне тәлім беруді бастайды. Құран мен сүннетке және фақиһ сахабалардың сөздеріне негізделген пәтуәлары жарық көреді. Бұл дереккөздерде үкімі айтылмаған мәселені соған ұқсас мәселемен салыстыру негізінде үкім беру тәсілін – қиясты қолданады. Осылайша, Куфада төрт мазһабтың алғашқысы – ханафи мазһабы пайда болады.

Имам Әбу Ханифа пайғамбарымызды ﷺ өнеге тұтып, күнінің күндізін оразамен, түнін Құран оқып тәһажжуд намазымен өткізген. Көңілінің көктемі мен жүрегінің нұры Құран болған. Адамдар оны әрдайым Аллаһ тағалаға бағынышты күйде жүретінін көрген. Көршілерінен жеткен хабарда имам Әбу Ханифаның тәһажжуд намазында жылап тұратыны және қарапайым мінезді болғаны айтылады. Әке-шешесіне дұға жасап, олардың атынан пақырларға садақа таратқан. Табысына арам табыс араласпас үшін саудасын мұқият тексеріп отырған. Бірде серігі ақауы бар киімді біле тұра сатып қояйғанын ести сала имам сөредегі бүкіл тауарын садақа етіп таратып жіберген.

Аманатқа сенімділігін көрген халық оны сауда ісінде Әбу Бәкірге (Алла оған разы болсын) ұқсатқан. Замандастарының бірі Мулайх ибн Уаки` имам жайлы: «Әбу Ханифа өзіне тапсырылған аманатқа қатты қараған. Алладан қорқыңдар делінсе, жүрегі қалтыраған. Алла ризалығын бүкіл нәрседен артық көрген. Аллаһ үшін қылыш көтеру қажет болса, көтерер еді», – деген.

Фудайл ибн Ғияд имамның көркем мінезділігі жайлы: «Әбу Ханифа – әйгілі фақиһ, тақуа тұлға. Мол дәулетін қонақжайлыққа аямай жұмсаған. Күндіз-түні тәлім беріп, өте сабырлы болған. Түндерін намазбен өткізген. Көп ойланып, аз сөйлеген. Тәлім алқаларында өзіне шарифат мәселесінде қойылған сұраққа жауап беру үшін ғана сөйлеген. Әрдайым адамдарды ақиқатқа бастаған. Сұлтаннан малынан бойын аулақ ұстаған. Қандай бір мәселеде сахих хадис жетсе, сахабалар мен табиғиндер ғасырынан болса,

³⁰ Фикһ ілімін зерттеуші ғалымдар

³¹ Хадис ілімін зерттеуші ғалымдар

³² Мухаммад Әбу Зуһра. «Әбу Ханифа. Өмірі және ғасыры. Кзөкарастары және фикһы»: 27.

соны ұстанған. Ал басқа жағдайда қиясты қолданған. Қиясты жақсы меңгерген еді», – деп айтқан³³.

Әбу Юсуп: «Хадисті түсіндіру мен ондағы мағыналардың бүге-шегесі тұрғысынан Әбу Ханифадан білімдірек ешкімді көрген емеспін. Негізінде, Әбу Ханифаға қайшы сөйлеген орным жоқ. Ойланып қарасам, оның көзқарасы ақиретте ең құтқарушы көзқарас екен. Әрине, мен хадиске әуес болдым. Ал хадистің сахихтығын белгілеу тұрғысынан менен анағұрлым зерек еді. Мен Әбу Ханифаға ата-анамнан бұрын дұға тілеймін», – деген³⁴.

Имам Әбу Ханифаның ғасыры түрлі қайшылықтар мен ағымдарға толы еді. Ол Ұмауия мемлекетін де, Аббасия мемлекетін де көзімен көрді. Сұлтандардың алдындағы ұстанымы ашық және берік болды. Ұмауия мемлекетінің Куфаға тағайындалған әкімі Омар ибн Хабира имамды өз қасына қызметке шақырғанда ол бас тартады. Әкім оны абақтыға қамап, азап шектіреді. Абақтыдан шыққанда Әбу Ханифа Меккеге қоныс аударуға мәжбүр болып, хижраның 130-136 жылдары сонда тұрады. Меккеде Ибн Аббастың (Аллаһ тағала оған разы болсын) ғылыми мұрасы саналатын фикһ пен хадис ілімдерін үйренуін жалғастыруы нәсіп болады. Билік басына аббасиялықтар келгенде имамның Куфаға оралуына мүмкіндік туады. Куфадағы мешітте дәріс беруін қайта жалғастырады. Халифа Мансұрдың Әли әулетіне қатысты қате ұстанымын бірде Әбу Ханифа сынға алады. Мансұрдың қасындағы кейбір адамдар имамды күндеп, халифаны оған қарсы жауластырады. Имамның сұлтанға деген ықыласын сынамақшы болған халифа оған сотқазы қызметін ұсынады. Бұл қызметте нәпсі күнәға былғанып, үлкен қатерге ұшырайтынын жете білетін имам Аллаһтан қорқып, ұсыныстан бас тартады. Қызметті қабыл алмағаны үшін халифа оны абақтыға салып, ұзақ уақыт зардап шектіреді. Кейін рақмет айтып, шүкір етуі үшін пәтуа қызметіне кіріссін деп, халифа имамды абақтыдан шығарады. Алайда имам пәтуа беру қызметіне отырмайды. Халифа оны абақтыға қайта салып, ұзақ уақыт азаптай. Кейін босатып, адамдармен кездесуіне де, пәтуа беруіне де мүлде тыйым салады. Осыдан кейін имам Әбу Ханифа хижраның 150 жылы өмірден озғанша үй қамауында болады.

Өсиеті бойынша имам Хизранда жерленеді. Жаназасына елу мың адам қатысады. Тіпті халифа Мансұр өз қателігі мен имам Әбу Ханифаның діндарлығын мойындаған түрде имамның жаназасына қатысады. Аллаһ тағала имам Әбу Ханифаны рақымына бөлесін!

Имамның ғылыми дәрежесі және сүйенген негіздері

Имам Әбу Ханифа – тәуелсіз фақиһ. Фикһ ілімінде имам ешкімге еліктемейтін тәуелсіз жолды ұстанып, оны терең меңгереді. Имаммен

³³ әт-Тақи әл-Ғаззи. «ат-Тобақаат әс-Сунния фи ат-Тараажим әл-Ханафия»: 1/2 8.

³⁴ әт-Тақи әл-Ғаззи. «ат-Тобақаат әс-Сунния фи ат-Тараажим әл-Ханафия»: 1/28.

араласқан ғұламалардың бірі: «Әбу Ханифаның қасында бес жыл болдым. Көп сөйлемей, ұзақ үнсіздік сақтайтын кісі еді. Ал, енді фикһтан бір мәселе сұралса болды, әңгімеге ашылып, өзен арнасындай ағатын. Даусы күшейіп, дауыстап сөйлейтін», – деген. Замандасы Абдулла ибн әл-Мұбарак имамды «Ілім көзі» деп сипаттаған. Имамның ақыл-ойы, көзқарастары мен білімі ғасырына үлкен әсерін тигізген. Философтармен және түрлі ағым өкілдерімен пікір таластырып, оларды қате көзқарастарынан қайтарған. Имам фикһ саласында, хадистерді түсінуде, айтқан үкімдерінің дәлелдерін баяндауда ерекше парасатты болған. Замандастарының бірі ол жайында: «Өз кезімізде хадисті одан артығырақ түсінетін ешкімді білмедік», – деген.

Имам Әбу Ханифаның ғалымдық тұлғасының қалыптасуы төрт факторға негізделді:

1) Сипаттары. Әбу Ханифаны көрген ғұламалар оның бойынан болашақ ғалымның бейнесін байқаған. Имам бастаған ісіне табандылықпен берілген. Шешіміне сенімді болған. Алысқа қарап ойланған. Дауға билік айтарда, алдымен, істің жайттерін анықтаған. Сезімдеріне ұстамды болып, нәпсісін бақылауынан шығармаған. Қарсы сөзді әрдайым жеңіл қабылдап, ақиқаттан ауытқымаған. Қарсыласының қатты сөзін «Аллаһым! Бізді күндеген адамдарға жүрегіміз әрдайым ашық» деп қабылдаған. Пәтуа беруінде ешкімнің көңіліне ермеген. Құран мен сүннеттің мәтіндеріне ғана, сондай-ақ сахабалардың пәтуаларына сүйенген. Мәселені зерттегенде мәтін мен істің де сыртқы мағыналарымен шектелмей, жайттерді есепке алып, алысқа қарап ойланған. Ақиқатқа жетуде ықыласты болған. Пікір таластырғанда ақиқатқа жетуден басқаны көздемеген. Өз пәтуасын ұстануды ешкімге міндеттемеген және оны ойлардың ең дұрысы деп пайымдамаған. Керісінше, адамдарға: «Біздің бұл сөзіміз – ойымыз ғана. Қол жеткізген ойларымыздың жақсырағы осы болды. Кім бұл сөзімізден жақсырағын әкелсе, онда оның сөзін ұстану лайықтырақ болады», – деп айтқан. Міне, осы аталған сипаттар Әбу Ханифадан үлкен фақиһты жасап шығарды.

2) Ұстаздары. Имам Әбу Ханифаның кішкентай күнінде біраз сахабалармен кездескені рас. Олар – Анас ибн Мәлик, Абдулла ибн Әбу Ауфа, Саһіл ибн Сағд (Аллаһ тағала оларға разы болсын). Бірақ кішкентай болғандықтан, олардан ешнәрсе жеткізбеген. Тарихшы ғалымдардың жеткізген нақты деректер бойынша имам үлкен табиғиндермен кездесіп, олардан дәріс алған. Табиғиндердің сахабалардан алған фикһын үйреніп, біраз хадистер мен сахабалардың сөздерін жеткізген. Мұны имамның өз сөзі бекітеді: «Білім мен фикһ бұлағында болдым және оның басындағы ғұламалармен отырдым. Нәтижесінде, Аллаһқа шүкір, сол бұлақтан сусынданған фақиһтардың біріне айналуым нәсіп болды».

Әбу Ханифаның үлкен ұстаздары: шейх Ата ибн Әбу Рабах пен шейх Нафи'. Ата ибн Әбу Рабах фикһты Икримадан, ал Икрима Ибн Аббастан үйренген.

Ал Нафи' фикһты Ибн Омардан үйренген. Осылайша, имам Әбу Ханифа табиғиндер арқылы Омардың, Әлидің, Ибн Аббастың, Ибн Масғудтың және Ибн Омардың білімдерін мұраланады, Аллаһ тағала оларға разы болсын. Сонымен қатар имам пайғамбарымыздың ﷺ әулетінен болған Зайд ибн Әли, Мұхаммед ал-Бақир, Жа'фар ас-Садық, Абдулла ибн Хасан ибн Хасан секілді тұлғалардың білімінен де хабардар тұғын.

Имам өз ғасырында бой көтерген түрлі ағым өкілдерімен кездескен, олардың көзқарастарымен, сөздерімен, келтірген дәлелдерімен танысқан. Олардың сөздерінде дұрыс болғанын алып, қате болғанын түзеткен.

3) *Жеке ізденісі мен тәжірибесі.* Имам Әбу Ханифаның өмірлік бағыты, білім ізденісі және мол тәжірибесі оның фақиһ ғалым болуына зор ықпалын тигізген. Білім іздеуімен қатар саудасын тастамаған. Ерте кезден саудамен айналысқандықтан бұл кәсіптің егжей-тегжейін және онымен байланысты ғұрыптар мен мәселелерді жақсы білген. Бұл тәжірибе оның муамалат (қарым-қатынастар) саласындағы үкімдерді айтуына зор пайдасын әкелген. Ол Құран мен сүннет мәтіндерінен, сахабалардың пәтуаларынан, «қияс», «ғұрып», «истихсан», «жағдайларды есепке алу», «екі зиянның ең жаманын қақпайлау» секілді тәсілдерді қолданып, үкім шығара алатын мужтаһид дәрежесіне жеткен. Осы ыждағаттың нәтижесінде адамдарға фикһты үйрететін жаңа мазһабтың негізін салды.

Имамның тәлім беруде арнайы тәсілі болатын. Бұл тәсіл ұстаз бен шәкірттің ойлау жүйесін қоса арттыратын. Мәселенің үкімін бекітуде имам, алдымен, ол мәселені шәкірттерімен отырғанда ортаға салып талқылайтын. Шәкірттерінің ойларын тыңдап, кейін өз ойын айтқан. Сөйтіп, осы талқылаудан барлығы келіскен түйінді ойды шығарған. Осы тәсілдің рухымен имамның және шәкірттерінің ілімі мен ойы үздіксіз дамыған.

4) *Ғасыры.* Имам Әбу Ханифа Ұмауия мемлекетінің қуатты кезеңін де, құлдыраған кезеңін де, ал Аббасия мемлекетінің қуатты кезеңін ғана көрді. Ұмауия мемлекеті кезінде елу екі жыл өмір сүріп, ғылыми дәрежесі кемеліне жетті. Ғұмырының қалған он сегіз жылын Аббасия мемлекетінде өткізді.

8. Имам Мәлик.

Оның толық аты-жөні Әбу Абдуллаһ Мәлик Ибн Анас Ибн Малик ибн бу-Амир әл-Асфхани. Исламдағы ұлық мужтаһидтердің бірінен саналатын Малик Ибн Анастың бабасы бу Амир Пайғамбардың, салла Аллаһу алейһи уә сәллам, сахабаларының бірі болған, ол Бадр соғысынан басқа барлық

ғазауат жорықтарына қатысқан. Имам Маликтің атасы табиғиндердің бірінен еді және ол қастандықпен өлтірілген Осман халифтің мүрдесін түн ішінде бейтке апарушылардың бірі болды.

Малик Ибн Анасты басқа да ұлы имамдармен бірге ғұлама ғалымдар “мужтахидуна мутлақ”, яғни, ілімде өте биік дәрежеге жеткен адам деп есептейді.

Имам Малик һиджраның 93 жылында (715 ж.) Мәдина қаласында дүниеге келді. Ол кішкене күнінен Ислам іліміне бой ұрып, Мәдинадағы хадис ілімінің аса көрнекті білгірі бу Сухейл Нәфиден, фикһ саласының ғалымы Рабаи Ибн Абдурахманнан сабақ алды. Содан кейін имам Малик Абдурахман Ибн Хирмиза әл-Ағраж әл-Хашимидің үйірмесінде 13 жыл өмірін білім жинауға сарп етті. Уақыт өте келе имам Малик Мәдинадағы белгілі ғалымдардың біріне айналды және Мәдинаның имамы болды.

Одан білім үйрену үшін, фикһ және хадис ілімі салаларында оның ізін қуу үшін оған халифаттың әр түкпірінен адамдар келіп жататын.

Имам Маликтің өзі былай деп айтқан: “Мен өз қолымен 1000000 хадис жазып шықтым”. Ол хадистерді негізінен өзінің ұстазы, ибн Омардың, ради Аллаһу анһума, серігі болған бу Сухейл Ибн Нәфиден, Ибн Шихабтан әз-Зәхирден, бу Зинардан, Абдуррахман ибн Қасымнан, Айша бинт Саад Ибн бу Уаққастан т.б. келтіріп отырған. Ал одан хадистерді алып келтірушілер Суфиан ас-Саури, Абдуллаһ Ибн Мубарак, аш-Шафии, Мухаммад Хасан аш-Шайбанилер болған.

Имам Шафии былай деген: “Егер қандай да бір хадис Маликтен келтірілсе, онда ол – жарық жұлдыз”.

Анас Ибн Мәлик 900 шейхтан білім алған, ал оның 300-і табиғиндер еді.

Егер әлдекім имам Мәлікке фикһ саласынан сұрақ берсе, онда ол оған ауызша жауап берген немесе қағазға жазып берген. Ал егер одан хадис жөнінде сұраса, онда ол алдымен тазаланып, дәре талатын, сосын хош иіс себініп, жұпарланатын, содан кейін барып хадистерді айта бастайтын. Мұның бәрін ол Аллаһтың Елшісінің, салла Аллаһу алейһи уә сәллам, хадистеріне деген құрмет сезімінің арқасында істейтін.

Бір күні имам Малик Пайғамбардың, салла Аллаһу алейһи уә сәллам, хадисін әңгімелеп отырған кезінде оны шаян шағып алады, бірақ ол әңгімесін тоқтатқан жоқ. Қашан ол хадисті толық айтып болған кезінде, оны шаян шаққанын аңғарып қалған жанында отырған серіктері одан әңгімені неге

тоқтатпағанын сұрады. Сонда ол былай деп жауап қайтарды: “Мен Расулуллаһтан, салла Аллаһу алейһи уә сәллам, ұялдым”.

Бұл ұлық кісінің тақуалығының шегі жоқ еді, оның өлер алдында айтқан мына сөзі соның бір көрінісі: “Мен өзім шығарған әр пәтуам үшін өзіме бір-бір дүре соғылғанын қалар едім”. Ол мұны пәтуа берушіге жүктелетін жауапкершіліктің ауыр жүгін сезінгендігінен айтқан болар.

Бір күні имам Маликтен алыс жұрттан халықтың жұмсауымен бір адам келді. Ол одан қырық шақты сұрақтың жауабын алып қайтпақшы едім. Сол үшін ол алыстан ат арытып, бір ай жол жүріп, Мәдинаға көп қиыншылықтармен жетті. Ол адамның кейбір сұрақтарына имам Малик жауап бере алмады: “Аллаһтың атымен ант етемін, мен бұл сұрақтардың жауабын білмеймін”. Сонда әлгі адам қатты таңқалып: “О, Имам! Мені жұртым жіберді ғой... мен сонау алыстан жеттім ғой... мен оларға қайтып барғанда не деймін?”, – деді. Имам Малик айтты: “Субханаллаһ! Сен оларға турасын айт: “Малик бұл сұрақтардың жауабын білмеді деп”. Имам Маликтің ілімде биік дәрежеге жеткені соншалық, одан тіпті, бұрын өзі сабақ алған кісілері келіп білім үйренетін. Сөйте тұра имам Малик қарапайымдылығы мен кішіпейілділігінен ешуақытта таңған емес. Ол бір сөзінде былай деген: Мен тек қана адаммын, тура да болам, кей кезде қателесемін де. Егер менің сөздерім және пікірлерім Құран мен суннаға тура келсе алыңдар да, тура келмесе тастаңдар”.

Имам Малик Аллаһтан шын қорқатын, нағыз құлдарынан еді. Оның Аллаһтың бірлігі жөніндегі түсініктері сахабалардың түсініктерімен сәйкес келіп жататын. Халид Ибн Муслимнің риуаяты бойынша имам ад-Дарукутни әңгімелейді: “Мен Маликтен: Аллаһтың сипаттары туралы не дейсіз?” – деп сұрадым. Ол оған былай деп жауап берді: “Қалай келді (яғни, түсті), солай қабыл етіндер (яғни, өзгертпеңдер).

Ибн Абдул Барр әңгімелейді: “Адамдар имам Маликтен: “Қиямет күні Аллаһ Та`ала көріне ме?” – деп сұрады. Сонда ол: “Ия”, – деп жауап берді және Қиямет сүресінің 22-23 аяттарын дәлел етіп келтірді”.

Жағраф Ибн Абдуллаһтың риуаяты бойынша бу Нуғайм айтты: “Бір күні біз Малик Ибн Анаспен бірге отырған едік. Сол кезде бір кісі келіп: “Й, Абдуллаһтың әкесі, Құранда Аллаһ Та`ала: “Рақымды тақтың үстіне көтерілді”, – деп айтты, сонда қалай көтерілді? – деп сұрады. Оның бұл қылығына имам Малик қатты ашуланып, басын көтеріп алды, қолына ұстап отырған талдың бұтағын тастай салды да былай деді: “Қалай дегенің ақылсыз (яғни, түсініксіз) сұрақ, көтерілуде белгісіздік жоқ, бұған иман келтіру уәжіп, ал бұл туралы сұрау бидғат. Мен сені бидағатшы деп есептеймін”, – деді де оны қуып жіберді”.

Имам Маликтің былай дегені бар: “Аллаһ Та`ала аспанда, ал оның ілімі барлық жерде”. Ал иман туралы: “Иман – бұл сөзбен және амалмен болады, көбейеді және азаяды”. Тағы бірде былай деген: “Егер адам Аллаһ Та`алаға серік қоспай, үлкен күнәларға батып кеткен болса, бірақ кейін тәубаға келіп, нәпсіден тыйылса әрі бидғаттан аулақ болса, онда ол жәннатқа кіреді”.

Мәлик Ибн Анас белгілі кітаптардың бірі, – “л-Муатта” деп аталатын хадистер жинағының авторы боп табылады. Имам Шафии бұл кітапқа былай деп баға берген еді: “Жер бетінде Аллаһтың Кітабынан кейінгі Маликтің кітабынан жақсы кітап жоқ”. Ол тұста әл-Бухаридің “Сахих әл-Бухари” – деп аталатын хадистер жинағы әлі дүниеге келмеген болатын. Ал бүгінгі таңда ғалымдар Аллаһтың Кітабынан кейінгі ең жақсы кітап әл-Бухаридің “Сахихтары” деп есептейді.

әл-Муаттаның екі нұсқасы ғана сақталған:

1. Имам Маликтің ең көрнекті шәкірті Мухаммад ибн әл-Хасан аш-Шайбани нұсқасы.

2. Иахия әл-Лейси әл-Андалуси нұсқасы.

Бұлар белгілі бір тақырыптар бойынша жинақталған ең алғашқы хадистер жинақтарынан еді.

Исламның ұлы ғұлама ғалымдарының бірі имам Малик Ибн Анас һиджраның 179 жылы (785ж.) рабиғул-әууәл айының жексенбісінде қайтыс болды. Оның мүрдесі Мәдинадағы әл-Бақи қорымының есігі тұсына жерленді.

Имам ан-Науауидің айтуы бойынша, имам Малик жан тапсырар алдында былай деген: “Болған нәрсенің және болатын нәрсенің барлығы Аллаһтың құзырында”.

Күллі мұсылман қауымы ілімнің биік дәрежесіне жеткен деп санайтын имам Малик өліп бара жатып: “Мен түк білмей өліп бара жатырмын!” – деп айтқан екен.

9. Имам аш-Шафиғи.

Оның толық аты-жөні Әбу Абдуллаһ Мухаммад Ибн Идрис Ибн әл-Аббас Ибн Усман Ибн Шафии Ибн әс-Сайб Ибн Убейд Ибн бду Иазид Ибн Хашим Ибн әл-Мутталиб Ибн бду Манап Ибн Кусай.

Имам Шафий өзінің ата-тегі жағынан Әбу Манаптан бастап Аднанға дейін Пайғамбармен, салла Аллаһу алейһи уә сәллам, туыс боп келеді. Имамның атасы Шафий бала кезінде Пайғамбарды, салла Аллаһу алейһи уә

сәллам, көріп кездесіп жүрген. Ал Шафийдің әкесі Бадр соғысында Хашим ұрпақтарының туын көтерген және сол соғыста тұтқынға түскен. Кейін өтем төлеп, тұтқыннан босанып, Исламды қабылдаған.

Шешесі жағынан оның түп тамыры арабтардың атақты тайпасы әл-азадтан тарайды.

Имам аш-Шафий һижраның 150 жылында (767 ж. м.) ережеп айының ішінде Палестинадағы Ғазза қаласында кедей отбасында дүниеге келген. Ол туғаннан кейін көп ұзамай-ақ әкесі көз жұмады. Болашақ имамның анасы ұлы екі жасқа келген кезде Меккеге көшуге мәжбүр болды. Олар онда әл-Харам мешітінде таяу “Шағаб әл-Хайр” деп аталатын ауданда орын тепті.

Бала Шафии ең алғашқы білім дәмін Меккеде татты. Имамның анасында баласының оқуы үшін төлейтін көк тиын ақшасы жоқ еді. Бірақ ұстазына оқу ақысының орнына шәкіртінің сабақ барысында оның орнын ауыстыра алатындығы жеткілікті болатын. Ол сабақты жылдам ұғып, тез меңгеріп ала қоятын. Оның үстіне Құранды түгел жатқай айтатын. Бұл кезде оның жасы бар болғаны жетіде болатын.

Кейін ол әл-Харам мешітіндегі ғұламалардан дәріс ала бастады. Ол онда араб тілін, оның граматикасын, синтаксисін т.б. терең меңгеруге күш салды. Содан да болар, ол тез арада тілдің өзін және араб тайпаларына тән болған оның диалектілерін игерді. Одан соң ол Құран, фикһ және хадис ғылымдарын игеруге көшті. Бұл ғылымдардың барлығын ол атақты ғұлама – ғалымдардан үйренді. Мысалы, Құран ғылымын – Исмаил Ибн Константиннен, хадис ғылымын – Суфиан Ибн Уейнадан, Муслим Ибн Халид әз-Зиджиден, Дауд Ибн Абдуррахман әл-Мухаммад Ибн әл-Хасаннан оқыды.

Осыдан кейін аш-Шафии имам Маликтен, рахматиллаһи алейһи, ілім үйрену үшін Мәдинаға қоныс аударды. Сол тұста имам Маликтің белгілі ғұлама-ғалым ретінде, тұңғыық ілім иесі және қарапайым, тақуа кісі ретінде даңқы алысқа кеткен болатын. Имам Маликтен дәріс алу үшін алыс-алыс түкпірлерден көптеген адамдар ағылып келіп жатты. Имам аш-Шафии солардың бірінен еді. Тіпті Мккенің әміршісі Мәдинаның әміршісіне жас талапкер аш-Шафииді имам Маликтің өзіне шәкірт етіп алуын өтінген хат та жолдады. Бірақ ол кезде аш-Шафииге кепілдеменің қажеті де жоқ еді, өйткені оның мықтылығын білімінің өзі-ақ паш етіп тұратын. Аш-Шафии имам Маликтің “Әл-Муатта” кітабын жатқа білді.

Имам аш-Шафии өзінің имам Маликпен кездесуін былай әңгімелейді: “Мен имамға (яғни, Маликке) шәкірт боп қабылдану үшін Мәдинаға келгенімде “л-Муаттаны” жатқа білетінмін. Мен оны іздеп мешітке барғанымда имам Малик маған былай деді: “Білетін нәрселеріңді еске

түсіріп, жауап беруге дайындал! – деді. Мен оған: – “Мен оған дайынмын!” – дедім. Сосын мен оның кітабын жатқа айтып бердім. Сонда имам Малик өзінің басқа шәкірттеріне қарап айтты: – “Егер сендердің араларыңда ең бақытты адам бар болса, онда ол – осы бала!” – деді.

Осыдан соң аш-Шафии имам Малик өлгенге шейін (179 ж.һ. – 796 ж.м.) онымен бірге болды.

Ұстазы қайтыс болғаннан кейін имам Шафии Йеменге қоныс аударып, сонда жұмыс істеді. Ол жақта оны көре алмаушы адамдар табылып, олар оған ши“алармен сыбайлас болды деген айып таңып, өтірік жала жапты. Аббасидтер әкімшілігінің бұйрығымен ол тұтқынға алынып, кісенделген күйінде Бағдатқа жеткізілді. Ол кез Харун әр-Рашид халифалық құрған дәуір еді. Халиф сарайында екеуіара болған әңгімеден кейін, имамның сұңғыла білімі мен биік адамгершілігіне тәнті болған халиф оны бастауға, ал оған жала жапқандарды жазаға тартуға бұйрық берді.

Тұтқыннан босатылған имам Меккеге зор жеңіспен қайтып оралды. Онда ол әл-Харам мешітінде ілім алуды қалағандарға әртүрлі ислами ғылымдардан: тәпсір, араб тілі, фикһ, хадистерден дәріс бере бастайды.

Кейін ол Бағдатқа көшіп барып, біраз уақытын сонда өткерді. Осында жүріп ол фикһ негіздері жан-жақты қамтылған “л-Худжа” кітабын жазды. хиджраның 199 жылында (816 ж.м.) имам Шафии Египетке келеді. Ол осында өмірінің соңына дейін тіршілігін өткерді.

Имам аш-Шафии хиджраның 204 жылында (821 ж.м.) ережеп айының ең соңғы күні – жұма күнінде қайтыс болып, Каир қаласындағы әл-Муқаттам тауында жақын орналасқан л-Құрафа әс-Суғра қабірстанына жерленді.

Имам Шафии төмендегі мына кітаптардың авторы боп табылады:

1. “Әз-Зафаран” – бұл кітаптың жазылуына Бағдад мешіттерінің біріндегі имамның басынан өткен бір жағдай себепші болды. Намазға имамдық еткен жас жігіт кателесіп, не істерін білмей, дағдарып тұрып қалды. Оған ұйыған жамағаттың ішінде имам Шафии де бар еді. Сол намаздан соң имам Шафии мұндай жағдайларда не істеу қажеттігін түсіндіретін осы кітапты жазып шықты. Кітаптың аты оның жазылуына себепші болған имамның атымен аталады.
2. “Джима әл-Илм” – имам өзінің бұл кітабында Пайғамбардың сүннетін әсем де нақышты түрде өнеге тұтып, оны басшылыққа алудың міндеттілігін негіздейді.
3. “Әл-Умм” – Шафии мазхабының фикһ кітабы.

4. “Әр-Рисамә” – фикһ негіздері мен хадистер ғылымы негіздерін түсіндірген және мәнін ашып берген ең алғашқы кітап. Бұл кітап әлі күнге дейін Шафии мазхабының хадис танушылары мен фикһ білгірлерінің қолдарынан түспейтін кітабы боп табылады.

Имам Шафиидің бойында көптеген адамгершілік және ізгілік қасиеттері тұнып тұрар еді. Оның тұсында, тіпті қазір де Ислам ғалымдары мен өмірдің әртүрлі салаларында оған тең келерлік адам жоқ шығар. (Мәселен, оның замандастарының әңгімелерінде атқа шабудан және садақпен атудан оған тең келетін адам болмағаны айтылады).

Ол Аллаһтың Кітабын, Пайғамбардың сүннетін, Пайғамбардың сахабалары туралы әңгімелерді, араб тілі мен араб поэзиясын өте терең меңгерді. Арабтың ұлы ақыны л-Асман өзінің ең бірінші өлеңдерін оқып берген адамы аш-Шафии болғандығын ерекше мақтан тұтқан.

Имам Шафии фикһ негіздері ғылымының негізін қалаушы болды. Оның негізгі қағидалары “р-Рисамә” кітабында орын тепкен еді.

Аш-Шафии тәлім алған ғұламалардың ішінен мына есімдерді атасақ та жеткілікті: имам Малик, Суфиан Ибн Уейна, Мухаммад Ибн әл-Хасан, Абдулла Ибн әз-Зубейр әл-Хумейда. Осыдан-ақ оның ілімнің қандай қайнарларынан сусындағанын білуге болады. Ал оның шәкірттерінің есімдерін ауызға алар болсақ, аса көрнекті мына адамдарды алдымен атап айтар едік: имам Ахмад Ибн Ханбал, р-Рабиғ әд-Джизи, р-Рабиғ әл-Муради, Исмаил әл-Музани т.б. Бұлардың барлығы өз дәуірлерінің имамдары болып, Ислам тарихы мен мәдениетінде өшпейтін із қалдырды.

Имам аш-Шафии туралы айтқан бірқатар ғалымдардың пікірлеріне құлақ салып көрелік. Имам Ахмадтың ұлы Абдуллаһ әңгімелейді: “Бір күні мен әкемнен: “Аш-Шафии қандай адам болған? Өйткені сен оның атына көп дұға қыласың ғой, – деп сұрадым. кем: “О, ұлым, Аш-Шафии бұ дүние үшін күн сияқты, тәніміз үшін есендік іспетті еді. Осы екеуін ауыстыра алатын нәрсе бар ма екен өзі?”.

Хадистердің ұлы түсіндірушісі бу Убайда әл-Қасым Ибн Сәллам былай деген: – “Мен ешқашан да Аш-Шафии сияқты жетілген адамды көрген емеспін”.

Имам Ахмад Ибн Ханбал: “30 жыл бойы мен аш-Шафииді кешіру туралы және оны жарылқау туралы Аллаһқа дұға қылмаған түнім болған емес”, – деген екен.

10.Имам Ахмад.

Оның толық аты-жөні Әбу Абдуллаһ Ахмад Ибн Мухаммад Ибн Ханбал Ибн Хиләл Ибн Асад Ибн Идрис Ибн Абдуллаһ Ибн Хайам Ибн Абдуллаһ Ибн Аннас Ибн Ауф Ибн Қасит Ибн Мазид Ибн Шайбану ибну Зухль... Ибн Уайл әз-Зухли аш-Шайбани.

Өзінің ата-тегі жағынан ол Пайғамбармен, салла Аллаһу алейһи уә сәллам, Назар Ибн Мад Ибн Аднан жағынан туысады. Оның имам аш-Шафииден айырмашылығы құрайыштардан еместігі.

Имам Ахмад һиджраның 164 жылында (781 ж.м.) рабиғул әууәл айында Бағдат топырағында дүниеге келді. Ол үш жасқа келгенде әкесі қайтыс болды.

Ол он алты жасынан бастап хадистер мен басқа да Ислам ғылымдарын табандылықпен игеруге күш салды. Ол оқыған ғалымдардың ішінде имам бу Ханифаның атақты шәкірті, қазы бу Иусуф та болған еді.

Һижраның 187 жылында ол алғаш рет хаж парызын өтеді. Имамның өзі былай деп әңгімелейді: “Мен бар-жоғы бес рет хаж парызын өтедім. Олардың үшеуінде жаяу жүріп бардым, соның бірінде отыз дирхем жұмсадым... Хаж өтеуге жаяу шыққан сапарларымның бірқатарында жолдан жаңылып, адасып та қалдым. Сондай кездерде мен қашан қажетті жолымды тапқанша: “О, Аллаһтың құлдары! Маған жол көрсетіп жіберіңдерші!” – деп сұрау салудан танбайтынмын”.

Имам Ахмад жиі-жиі саяхаттайтын. Өалым-шейхтармен кездесу үшін және олардан білім алу үшін ұзақ сапарларға шығып тұратын. Шейхтар да имам Ахмадты барынша қадірлеп, құрмет тұтатын.

Ол имам аш-Шафииден дәріс алды және оны құрметтеп, аса бағалайтын еді. Сондай-ақ ол Суфиан Ибн Уейннен, Уақша Ибн әд-Джаррахтан, Яхия әл-Қаттаннан, Иазид Ибн Харуннан, Хашим Ибн Баширден және Абдур-Раззақ Ибн Хамаша әс-Сәнаниден ілім үйреніп, қажымай-талмай өзінің білім көкжиегі кеңейтті.

Имам Ахмад сол уақыттағы ислами ғылымдардың басты-басты орталықтарында болып, өз заманының озық ойлы ғұлама – ғалымдарымен кездесіп тұрды. Ол Хиджаз, Сирия, Ирак т.б. елдердің ислами оқу-ағарту орындарының көрнекті өкілдерімен тығыз қарым-қатынас орнатты.

Имам Ахмад басқалардан өзінің тақуалығымен және қарапайым өмір сүрумен ерекшеленетін. Оның шәкірттерінің бірі, атақты мухаддис бу Даудтың былай дегені бар: “Имам Ахмадтың ортасы келесі өмірдің (Ақыреттің) қоғамы яғни, мынау жалған дүниеден ешнәрсені еске алмайтын

қоғам болатын. Сол сияқты имам Ахмадтың өзі де (осы ортада) бұ дүниеге қатысты ештеңені аузына алмайтын”.

Мухаммад Ибн Жақып ас-Саффар әңгімелейді: “Бір күні біз имам Ахмадтан біз үшін дұға қылуын сұрадық. Сонда ол аса жоғары Аллаһ Та’алаға былай деп жалбарынды: “О, Аллаһ! Расында, Сен біз үшін не нәрсенің сүйікті екенін білесің, ендеше Өзіңе не сүйікті көрінсе, әрқашан да соның бізде болуын нәсіп ет! “Сосын ол аз-кем үзіліс жасады да, дұғасын одан әрі жалғастырды: “О, Аллаһ! Өзіңді не разы қылатын болса, бізді соған бекем ет! О, Аллаһ, әлдекімге мұқтаж болудан Саған сиынамыз, біз Сенен ғана жәрдем сұраймыз! Және біз Сенен басқа әлдекімдерге мойынсұнудан Саған сиынамыз!”.

Сондай-ақ бу әл-Фадл ат-Тамими Ахмад Ибн Ханбалдың аса жоғары Аллаһқа былайша жалбарынып, дұға қылғанын айтады: “О, Аллаһ! Бұл үмметтің тура жолдан тайған, бірақ өздерін сол жолдамыз деп есептейтін адамдарын ақиқат жолға сала гөр!” Имам Ахмад бір сөзінде былай деген: “Егер сен өзің сүйген нәрсенді Аллаһ Та’ала ұзағынан қылсын десең, Оның сүйген нәрсесін сен де ұзағынан қыл”.

әл-Байхақидың айтуынша, бір адам имам Ахмадқа келіп былай деді: “Менің анамның төсекке таңылғанына жиырма жыл болды. Ол мені саған өзіне дұға қылуын өтініп, жіберді”. Сонда оған имам мынаны айтты: “Біз оған дұға қылғаннан гөрі, оның бізге қылатын дұғасына көбірек мұқтажбыз”. Сосын ол шексіз ұлық Аллаһқа жалбарынып, оған шипа жіберуін өтініп дұға қылды. Қашан әлгі адам үйіне қайтып оралып, есік қаққанда, оған есікті өз аяғымен тұрып келіп шешесі ашты. Анасы оған: “Аллаһ Та’ала маған шипа жіберді, денсаулық сыйлады”, – деді.

“Әл-Михна” – сынақтар кезеңі

Қашан хариджашылар (Пайғамбардың ең үздік сахабаларын имансыз деп даттаушылар), рафидашылар, насыпшылар, қадаршылар, муғтазилашылар, джахмиттықтар, мушаббахшылар т.б. пайда болғанға дейін Аллаһтың Елшісі, салла Аллаһу алейһи уә сәллам, мен оның тақуа сахабалары. Аллаһтың, Оған мадақ, жәрдемімен адамзатқа ақиқатты жеткізіп, адамдар бір мұсылман қауымына айналып, бір дінді ұстанды. Алғашында олар кең етек жайып кете алмады, өйткені алғашқы халифтар, елбасылар мен әмірлер дінге жаңалық енгізу мен дінбұзарлыққа қарсы тұрады. Тек Харун әр-Рашидтің ұлы Ма’мун билік басына келген кезде ғана бұл іс қырын кете бастады. Ол өмірге ерте дүниедегі жазуларды енгізіп, көне грек даналығын талдаумен шұғылданды. Сол уақытта ғана джахмиттықтар, муғтазилашылар мен ишиттер бастарын көтере бастады. хиджраның 212 жылында Ма’мун Құран Аллаһтың сөзі емес, Оның жаратылысы деген қаулы шығарды және күллі мұсылман қауымын осы қисынсыз қағиданы

қабылдауға мәжбүр ете бастады. Көп ұзамай, Хиджраның 218 жылында өзінің көзқарасымен келіспеген ғалымдарды қыспаққа алып, қиыншылыққа ұшырата бастады. Бұл кезең тарихта “л-михна” (қатерлі кезең) деген етпен қалды.

Халиф өмірінің соңғы айларында оның Бағдадтағы әміршісі Ма‘мунның бұйрығы бойынша ең басты ғалымдарды, хадис танушыларды жинап, оған аттандырды. Қашан олар мойынсұнып, келісімдерін бермегенше, бірақ бұған жүректерімен қарсы болған оларды халиф қатты қинауға салды. Кейін ол оларды Бағдадқа қайтарып, ондағы өзінің әміріне басқа ғалымдар арасында әлгілердің мойындағандықтарын жедел түрде жария қылуға бұйырды. Ол өзіне хадис және фикһ ғылымдары бойынша көптеген ғалымдарды және мешіт имамдарын жинап, Құранды жаратылды деген қағиданы қабылдауға шақырды және ең белді хадистанушылардың мұнымен келісетіндіктерін жариялады. Сонда бұған көпшілігі үн қосты, ал қарсы келгендерді қинап, тіршілік етулерін қиындатып, қуғын-сүргінге ұшыратты. Имам Ахмад бұл қағидаға үзілді-кесілді қарсы шыққан сол уақыттағы аз ғана ғалымдардың бірі болды. Осы жағдайдан соң халиф л-Ма‘мунның әмірімен имам Ахмад және басқа да ғалымдар қамауға алынды.

Имам Ахмад Ибн Ханбалмен бірге ғалым Мухаммад Ибн Нух та тұтқындалды. Халифтің бұйрығымен ол екеуі кісенге салынып, оған аттандырылды. Қашан олар Халифтің әскеріне келіп жеткенде оның жанына әлдебіреудің қызметшісі таяп келді, ол өз шапанының етегімен көзінің жасын сүртті де былай деп үн қатты: “О, Абдуллаһтың әкесі, Ма‘мун семсерін қынынан шығарып, былайша ант еткенін есіттім. Егер сен Құранды – жаратылыс деп таныған оның сөзін мойындамайтын болсаң, ол сені сол семсерімен шауып өлтіреді”. Мұны естіген имам жерге тізерлей жығылып, көкке қолын жайып, Аллаһқа дұға етті; “О, Аллаһ! Егер Құран жаратылыс емес, нағыз Сенің сөзің болса, онда біз одан (Ма‘муннан) құтқар”. Көп ұзамай-ақ, түннің соңғы үштен бір бөлігінде халиф әл-Ма‘мунның қайтпас сапарға аттанып кеткендігі жәйлі хабар келіп жетті.

Оның орнына халифаттықа әл-Мутасим келіп, имам Ахмад пен Мухаммад ибн Нухты Бағдатқа қарай кері қайтартты. Бірақ муғтазишылардың үйретуімен жаңа халиф имам Ахмадты тұтқында ұстауын жалғастыра берді. Ол отыз айға жуық түрмеде жатты, осы уақыттың барлығында ол кісенде бола тұра ондағы жамағатқа имамдық етті. Халфи Муғтасим өз кезегінде оған оны айтысып жеңе алады-ау деген адамдарын жіберіп жатты. Алайда имам Ахмад бұлттартапайтын айғақтар мен даусыз дәлелдер келтіру арқылы олардан үнемі басым түсіп жатты. “Қасарысканы” үшін оған “жазасын” өтеу мерзімін ұзарта беретін.

Бір күні әл-Мухтасим оны өзіне алып келуге бұйырды. Имамды кісенделген күйінде халифқа алып барды. Қашан ол әл-Муғтасимге келіп

кіргенде, оның жанында өзінің көптеген серіктерімен бірге отырған муғтазимашы Ахмад бу Ду`адты көрді. Сол кезде әл-Мағтасим өзінің көмекшілеріне қарап айтты: “Айтысыңдар!” Олар имамнан сұрады: “Құран туралы не айтасың?” Имам Ахмад оларға қарсы сұрақ қойды: “Аллаһтың ілімі жөнінде өздерің не айта аласыңдар?”. Сонда онымен айтысушылар жақ аша алмай қалды. Имам Ахмад айтты: “Егер кімде-кім Аллаһтың ілімі жаратылды деп санайтын болса, онда оның күпірлікке ұрынғаны (немесе кәпір болғаны)”. Ігілер сонда шулап қоя берді: “О, мұсылмандар әміршісі! Ол имансыздық танытып, бізді кәпірлер қатарына қосты”.

Кейбіреулер оған былай дейтін: “Аллаһ былай деп айтпады ма: “Аллаһ – әр нәрсені жаратушы” (Зумәр 39:62), сол әр нәрсеге Құран да жатпай ма?” Оған имам Ахмад былай деп жауап қайырды: “Аса жоғары Аллаһ Та`ала айтты: “Раббыңның әмірімен әр нәсені тас-талқан қылады” (Ахқап 46:25) және тағы Ол айтты: “Оның Өзінен басқа әр нәрсе жоқ болды”. (Қасас 28:88). Өзі, Ілімі, Құран – бұлар заттар емес, Аллаһтың сипаттары. Имам Ахмад өзі былай әңгімелейді: “Бір жағымнан біреу сөйлейді, мен оған жауап қайтарамын, сосын тағы біреу сөйлейді, оған да жауап беремін. Ал егер олардан біреуі мүдіріп қалса, бу Ду`ад былай дейді: “О, мұсылмандар әміршісі! Аллаһтың атымен ант етемін, ол – адасушы, жолдан тайған дінбұзар”, сонда Муғтасим айтады: “Оған жауап қайтарыңдар, онымен айтысыңдар!” Сол кезде тағы біреуі сөйлейді, мен оған жауап қайтарамын, сосын басқасы сөйлейді, мен оған да тойтарыс беремін. Егер олардан біреуі тосылып қалса Муғтасим айтады: “Саған қайғы келсін, ей, Ахмад, сен не тантип тұрсың?!” Мен оған былай дедім: “О, мұсылмандар әміршісі, маған соны мойындайтын Аллаһтың Кітабынан немесе Пайғамбардың сүннетінен бірдеңе тауып берші”. Сонда муғтазилашы бу Ду`ад айтты: “Сен не, бұл екеуінен (Құран мен сунна) басқа ештеңе айта алмаймысың?” Мен оған былай жауап бердім: “Исламның өзі сол екеуінен қабысып тұрған жоқ па?” Одан кейін де айтыс-тартыс ұзаққа созылды”.

Сосын Муғтасим орнынан тұрып, Ахмадты түрмеге қайтарды. Түн бойы айтысу үшін оның соңынан тағы да адам жіберді. Екінші күні имамды тағы алдырып, күн батқанға дейін онымен қасарысып бақты. Оны қайтадан түрмеге қаматып, үшінші күні тағы алдыртты. Осы күндердің барлығында да имамның даусы басқалардан көтеріңкі шығып жатты және оның келтірген дәлелдері бұлтартпастай еді. Тіпті халифтің күзет бастығы былай деген: “Мен бұрын-соңды сұлтанның алдына келтіріліп, кілең ығай мен сығайдың алдында тұрып жүрегін берік ұстаған сенімі мызғымайтын Ахмад сияқты ешбір тірі жанды көрген емеспін; біз оның кезіне шыбын құрлы көрінбедік”.

Ұзаққа созылған айтыс бітпестей көрінген. Ақырында Муғтасим ашуға мінді. Халифтің әмірімен имам Ахмадқа көпшіліктің көз алдында дүре соғылды. Дүре соғу кезінде имам есінен танып қалды. Муғтасим оған үш рет келіп, үшеуінде де оны Құранды жаратылыс деп мойындауға көндірмекші

болды. Алайда имам әр жолы оны мойындаудан бас тартты, ал әр жолы оны дүрелеу күшейе түсті.

Имам Ахмадтың алған бетінен қайтпайтынына әбден көзі жеткен соң Муғтасим оны босатып, үйіне жіберді. Оны тәуіп емдей бастады. Ол былай деген екен: “Мен мың дүре соғылған адамдардың жарақатын көрдім, бірақ бұл сияқты жарақатты көрген емеспін”.

Бір күні имам Ахмад адамдармен бірге бесін намазына тұрды, сонда Ибн Самаа әл-Қади таңдана сұрады: “Мынадай жарақатпен сен намаз оқығалы тұрсың ба?” Оған имам: “Омар Ибн әл-Хаттаб бір жолы қанға боялып тұрып намаз оқыған”, – деп жауап берді.

Имам Ахмадты емдеу барысында халифтің бұйыруымен оның қызметшісі әрдайым аурудың жағдайын біліп отырды. Өйткені, халиф әл-Муғтасим өзінің әмірімен болған іске қатты өкінген еді. Халиф және басқа да мұсылмандар имам Ахмадтың денсаулығы түзеліп, орнына тұрғанда қатты қуанды.

Ауруынан айыққан имам дінбұзарлардан басқа өзіне зиян келтірген барлық адамдарды кешірді. Және ол қасиетті Құраннан мына аятты оқыды: “Бір жамандықтың жазасы соның өзіндей ғана жамандық. Сонда кім кешірім етіп, жарасса, онда оның сыйлығы Аллаһқа тән...” (Шура 42:40)

Имам Ахмад Ибн Ханбал – өзінің иманын сақтау жолында асқан шыдамдылық танытып, табандылықтың үлгісін көрсетті. Имам аш-Шафии: “Мен Иракты тастап шыққан кезімде, ол жерде Ахмад Ибн Ханбалдан асқан тақуа, білімді және ізгі адам қалған жоқ”, – деген.

Имам Ахмад һиджраның 241 жылында (855 ж.м.) рабиғул-әууәл айының 12-сінде жұма күні 77 жасында қайтыс болды.

Имам Ахмад Ибн Ханбалды жерлеуге бір дерек көзі бойынша бір миллион үш жүз мыңға жуық адам қатысқан дейді.

Абдул-Уаххаб әл-Уррақ айтты деп әл-Байхақи хабарлайды: “Жаһилиет дәуірінде немесе Ислам орнаған уақыттан бері бір адамның жаназасына Ахмад Ибн Ханбалдың жаназасына жиналғандай адамдар қатысты дегенді естіген де, көрген де, білген де емеспін”.

Имам Ахмадтың көршісі әл-Уарқани айтты деп Абдур-Рахман Ибн бу Хатим хабарлайды: “Имам Ахмадтың жаназасы кезінде 20 мың христиан, иудей және отқа табынушылар Исламды қабылдады”.

Имам Ахмад өзінің артында баға жетпес білім қазынасын қалдырды. Оның ең белгілі, кең тараған кітаптары:

1. Муснад – 30 мыңнан астам хадистен тұратын жинақ;
2. Китаб әс-Саләт – намаз ережелеріне және Ислам ғалымдарының қоғамдағы ролін түсіндіруге арналған кітап;
3. Китаб әр-Рад аләл-джахмиа уәз-занадика – бұл шығармасы арқылы имам Ахмад муғтазилашылардың т.б. қағидаларын жоққа шығарады.

11. Ижтиһадты жандандыру кезеңі.

Адамзат өмірінің әр заманында жаңа оқиғалар мен мәселелер туындап отырады. Соларға қатысты шешімдер мен нормаларды баяндау ижтиһад амалынсыз еш жүзеге аспайды. Ижтиһад амалына тек фикһ негіздері ілімі есік ашады. Фикһ негіздерінің анықтамасы:

أصول الفقه هو العلم بالقواعد الكلية التي يتوصل بها إلى استنباط الأحكام الشرعية من أدلتها التفصيلية

«Талдаушы дәлелдерден шариғат нормаларын шығаруға жол ашатын жалпы дәлелдер (негіздер) туралы ғылым». Анықтамадағы жалпы дәлелдер ұғымы белгілі бір іс-әрекеттің үкімін арнайы қозғамайтын, Құран, сүннет, ижмағ секілді заңи күшке ие дәлелдерді жалпылай, сондай-ақ «Құран мен сүннет – дәлелдер», «насс көрнекі мағынаның алдына шығады», «мутауатир хабар ахад хабардан басым түседі», «Алла тағала бұйырған нәрсенің бәрі – міндетті» деген жалпы қағидаларды айтады³⁵. Жалпы дәлелдер жалпы нормаларды шығарады. Мысалы, *бұйрық пен тыйым* – жалпы дәлелдер саналады. Олар *парыз, харам* секілді жалпы нормаларды тудырады. *Талдаушы дәлелдер* дегеніміз – белгілі бір іс-әрекеттің үкімін арнайы қозғайтын дәлелдер³⁶. Олар бізге қатысты құқықтар мен міндеттерді тудырады. Мысалы, намазды арнайы атап, оны орындауға бұйырған дәлел – талдаушы дәлел болып, намаздың парыздығы – талдап айтылған норма саналады.

Фикһ негіздері ілімі *ижтиһад ілімі* деп аталады. Фикһ негіздерінің мүжтаһид үшін пайдасы өте зор. Өйткені шариғи нормаларды шығару процесі фикһ дәлелдеріне жүгінеді. Алдымызда өткен әйгілі төрт имамның еңбектері аркасында ижтиһадтың шарттары мен фикһ негіздері тәмәмдалды. Мүжтаһид нормаларды сол негіздер арқылы ғана шығара алады. Фикһ негіздерін меңгермеген шәкірт фикһ үкімдерінің қайдан және қалай шығатынын, мәзһабтар арасындағы пікір қайшылықтарының себептерін түсіне алмайды. Бұл ғылым осы саладағы мамандарды бұрынғы мүжтаһид ғұламалардың көзқарастарымен, ұстанған негіздерімен, нормаларды алу тәсілдерімен, дәлелдердің қайшы келіп қалған кездегі ұстанымдарымен және т.б. мағлұматтармен қамтамасыз етеді. Әр заманда туып отыратын жаңа

³⁵ Уаһба аз-Зухайли. «Усул әл-Фикһ әл-Ислами»: 28.

³⁶ Уаһба аз-Зухайли. «Усул әл-Фикһ әл-Ислами»: 28

оқиғалар мен жаңа мәселелер – нешетүрлі әрі шексіз. Ал шариғат негіздеріндегі нақты дәлелдер ауқымы шектеулі. Сондықтан ондай мәселелердің шешімін табу ісі жалпы дәлелдерді меңгеру қабілетін қажет етеді. Бұл ижтиһадсыз қиынға соғады, тіпті мүмкін емес. Ижтиһад амалы арқылы ислам фикһының мүжтаһидтен басқаға құпия болған тұстары ашылады.

Түйіндей келгенде, фикһ негіздері – нормалардың алыну жолдарын танып-білуге ұмтылған әр мүжтаһид, әр мүфти, әр исламтанушы үшін керекті ілімдердің бірі. Әрине, бұқара жұрт бұл ілімді қажетсінбейді, оларға құқықтанушы мамандардың көзқарастары жеткілікті.

Қай заманда да адамдардың әлеуметтік қатынастарын ретке келтіру үшін, сондай-ақ әр адам өзіне бекітілген құқықтар мен міндеттерді танып-білуі үшін фикһ ілімінің қажеттілігі мен маңыздылығы жалғаса бермек.

12.Ханафи мәзһабындағы фикһ негіздері және оның әдістемесі

Имам ӘбуХанифа ұстанған негіздер, жалпы, – жетеу. Олар: *Құран, сүннет, ижмағ, сахаба сөзі, қияс, истихсан және ғұрып*. Имам Әбу Ханифа шариғи дәлелдерден практикалық нормаларды шығару процесінде жалпы қағидаларға (теориялық негіздерге) сүйенген. Ханафи мәзһабының ғұламалары имам Әбу Ханифадан жеткен практикалық нормаларды зерттеу арқылы нақты қағидаларды шығарған³⁷.

Имам Әбу Ханифа қандай да бір мәселенің үкімін шығару үшін, ең алдымен, Алланың Кітабын негізге алған. Одан таппаса, Алла елшісінен жеткен сахих хабарға негізделген. Пайғамбардан бір мәселеге қатысты бір-біріне қайшы мазмұндағы екі сахих хабар жетсе, кейінгі сөзін негізге алған. Іздеген мәселенің үкімін сүннеттен таппаса, сахабалардың сөздеріне қараған. Олардың сөздері келісімді болса, ижмағтан аттамаған. Егер олардың сөздерінде қайшылық болса, шариғаттың рухына жақынырағын, басымырақ болғанын алып, олардың сөздерінен таймаған. Мәселенің үкімін сахабалардың сөздерінен таппай, табиғиндердің көзқарастарына кезіксе, қияс және истихсан тәсілдерін қолданып, солар секілді ижтиһад жасаған. Қияс жасағанда мәселені Кітаптың, сүннеттің және ижмағтың таразыларына салған. Егер бұл негіздерде ұқсас мәселе таппаса, мұсылмандардың шариғи қарым-қатынастары мен амалдарына негізделген ғұрыпқа қараған³⁸.

Өмірнамаларда имам Әбу Ханифа ұстанған фикһ негіздері жайлы айтылған хабарлар сақталған. Солардың кейбіріне тоқталайық:

³⁷ Ахмад Са'ид Хаууа. «әл-Мадхал илә Мәзһаб әл-Имам Әби Ханаифа ан-Ну'ман»: 119.

³⁸ Ахмад Са'ид Хаууа. «әл-Мадхал илә Мәзһаб әл-Имам Әби Ханаифа ан-Ну'ман»: 118.

1. Яқия ибн Диррис: Бір кісі Суфиян ас-Сауриге келіп: «Сіз неге Әбу Ханифаны айыптамайсыз?», – дегеніне куә болдым. Сонда ол: «Не үшін? Мен оның: «Мен Алланың Кітабын негізге аламын. Одан таппасам, Алла елшісінің сүннетін негізге аламын. Алланың кітабы мен Оның елшісінің сүннетінен таппасам, сахабаларының сөзін негізге аламын. Олардан кімнің сөзін қаласам, соны алып, кімдікін қаламасам, оны қалдырамын. Олардың сөзінен шығып, басқаныкін алмаймын», — дегенін есіттім деп жауап береді.

2. Яқия ибн Диррис: Әбу Ханифаның: «Алланың Кітабында да, елшісінің сүннетінде де болмаса, сахабалардың сөздеріне назар аударамын. Олардың сөздерінен шығып, басқаныкін алмаймын. Бұлардың ешбірінде болмай, мәселе Ибраһимнің, әш-Шағбидің, Ибн Сириннің, Хасанның, Атаның, Сағид ибн Жубайрдің көзқарастарына көшсе, олар – мужтаһидтер, мен де солар секілді ижтиһад қыламын», – дегенін айтқан.

3. Әбу Хамза ас-Суккари: Әбу Ханифаның: «Пайғамбарымыздан хадис жетсе, одан шықпаймыз, соны аламыз. Сахабалардың сөзі жетсе, басым болғанын таңдаймыз. Ал енді табиғиндердің сөзі жетсе, олардың қатарына кіреміз», – деп айтқанын есіттім.

4. Суфиян ас-Саури: «Әбу Ханифа Алланың арам еткен тыйымдарының өзгеріске ұшырауына, адал саналып кетуіне жол бермей, ілімді қатты ұстанатын. Сенімді жеткізушілерден жинаған қасындағы хадистердің сахихын, Алла елшісінің белгілі бір мәселедегі ең соңғы амалын негізге алған», – деген.

5. Сәһіл ибн Музахим: «Әбу Ханифаның сөзі сенімді жеткізушіге негізделіп, бұрысынан өзін алшақ ұстаған. Адамдардың шарифатқа негізделген қарым-қатынастарына, дұрыс негізде қалыптасқан амалдарына қараған. Мәселенің үкімін шешу үшін қияс тәсілін, қияс жарамсыз болса, мүмкіндігінше истихсан тәсілін қолданған», – деп айтқан³⁹.

Фикһ негіздерін толыққанды бейнеде жазған әуелгі ғұлама – имам әш-Шафиғи. Оған дейін бұл салада ешкім еңбек жазбаған. Ал енді әш-Шафиғиден кейінгі ғұламалар фикһ негіздерін жазуда екі әдіс қолданған: шафиғи әдісі және ханафи әдісі. Шафиғи әдісі практикалық нормаларға назар аудармай, бірден теориялық қағидаларды белгілеумен ерекшеленеді. Бұл әдіс практикалық нормаларға бағынушы емес, керісінше оларды басқарушы саналады. Имам әш-Шафиғидің «ар-Рисала» кітабы – осы әдістің негізінде жазылған еңбек. Кәләм ғұламалары да осы әдіске сүйенгендіктен, ол тағы мутакаллимдер әдісі деп аталады. Ал ханафи әдісі фикһ негіздері қағидаларын практикалық нормалардың талабына сай белгілеумен ерекшеленген. Ханафи әдісі практикалық әдіс саналады, өйткені ол практикалық нормаларға орай әрекет етіп, негізделген. Себебі ханафи ғұламалары фикһ негіздері қағидаларын белгілегенде практикалық нормаларды айғақ тұтқан. Бұл әдісте фикһ негіздері практикалық нормаларды басқармайды, керісінше соларға орай әрекет етеді.

³⁹ Ахмад Са'ид Хаууа. «әл-Мадхал илә Мәзһаб әл-Имам Әби Ханаифа ан-Ну'ман»: 116-118.

Ибн Халдун өзінің «Муқаддимасында»: «Бұл салада әуелгі болып әйгілі «ар-Рисала» атты еңбегін жазған – әш-Шафиғи. Кейін ханафи мәзһабының фақиһтері еңбектер жазып, фикһ қағидаларын іске асырып, кеңірек сөйлеген. Мутакаллимдер де көп еңбектер жазған. Дегенмен, ханафи әдісімен жазылған еңбектерде келтірілген айғақты мысалдар мен мәліметтердің көптігіне байланысты, сондай-ақ мәселелердің өткір фикһи ойға негізделуіне орай, ханафи әдісі – өзіне фикһ ілімі зәрулік танытқан, әрі практикалық нормаларға ең үйлесімді әдіс. Мутакаллимдер болса, сол мәселелердің бейнелерін фикһтан ажыратып қарастырған, мүмкіндігінше ақылмен пайымдауды жақын көрген, өйткені әдістерінің талабы осындай. Ханафи ғұламалары фикһ мәселелерінің егжей-тегжейіне толық жетіп, солардан фикһ қағидаларын шығаруда зор қызмет еткен», – деген. Бұл мәтінде ибн Халдун ханафи әдісінің ерекшелігіне сипаттама берген. Фикһ негіздері практикалық нормаларға орай әрекет етуі себепті ханафи әдісі – теориялық емес, практикалық әдіс саналады. Олар қағидаларды белгілеуде практикадағы мысалдар мен айғақты мәліметтерді келтірген. Ал шафиғи әдісінде қағидалар, алдымен, логикалы-теориялық сипатта белгіленіп, сосын практикалық нормаларды тәртіпке келтіреді⁴⁰.

Ханафи әдісі бойынша фикһ негіздеріне әуелгі болып еңбек жазған ғалым – Әбу әл-Хасан әл-Карахи (хижраның ? - 340 ж). Бұл кітап не қолжазба күйінде сақтаулы, не жоғалтылған. Кейін оның шәкірттерінің бірі Әбу Әли аш-Шаши (хижраның ? - 344 ж) еңбек жазған. Оның еңбегі кітап болып басылған.

Одан кейін еңбек жазған ғұлама – Әбу Бәкір ар-Рази (хижраның ? - 370 ж). Бұл еңбек те кітап болып шыққан.

Фикһ негіздеріне арналған кейінгі еңбек – Әбу Зайд әд-Дәббусидің (хижраның ? - 430 ж) «Тәсис ан-Назар» атты кітабы. Онда ханафи имамдары арасындағы және ханафи мен басқа мәзһабтар арасындағы қайшылық негіздері айтылған. Бұл кітап басылған.

Кейін Әли әл-Бәздауи (хижраның ? - 482 ж) «әл-Усул» кітабын жазған. Ол кітап басылған.

Кейін Әбу Бәкір Мухаммад ибн Ахмад әс-Сархаси (хижраның ? - 483 ж) келіп, «әл-Усул» кітабын жазған. Онда фикһ негіздеріне кең тоқталып, мысалдармен және деректермен қуаттаған⁴¹. Соңыра тағы да басқа көп кітаптар жазылған.

⁴⁰ Ахмад Са'ид Хаууа. «әл-Мадхал илә Мәзһаб әл-Имам Әби Ханаифа ан-Ну'ман»: 119-120.

⁴¹ Ахмад Са'ид Хаууа. «әл-Мадхал илә Мәзһаб әл-Имам Әби Ханаифа ан-Ну'ман»: 121.

13. Имам Әбу Ханифаның хадиске қатысты ұстанымы.

Бәзбіреулер имам Әбу Ханифаны, әсіресе, ханафи мәзһабын хадиске сүйенбеген, көбіне оймен ғана сөйлеген, ойды хадистің алдына шығарған не әлсіз хадистерді ғана пайдаланған деп сынап жатады. Имам аш-Шатыйби «әл-Муаффакоотында»: **«Мужтаһидтер үшін шариғи дәлелдер қандай маңыздылық танытса, қарапайым мұсылмандар үшін мужтаһидтердің пәтуалары да сондай маңыздылық танытады. Қарапайым мұсылмандар үшін дәлелдерді білу не білмеу – бірдей нәрсе. Өйткені дәлелдерді зерттеу және олардан үкім шығару, тіпті, олардың қызметтері емес. Аллаһ тағала Құранда: «Егер білмеген болсаңдар, білім иелерінен сұраңдар!» – деп айтқан. Сондай-ақ мужтаһидке еруші кісі ғалым емес. Оның міндетіне білмеген нәрсесін ғалымнан сұрау ғана кіреді»,** – деген.

Қандай да бір фикһи мәзһабты ұстанып жүрген қарапайым кісілердің практикалық амалдарына негіз болған дәлелдерін біле бермеуі не білмеймін деп айтулары біреудің сол мәзһабты **әлсіз не дәлелсіз мәзһаб** екен деп шешім шығаруы бүлікке шақырған үндеу саналады.

Сонымен қатар имам Әбу Ханифа фикһ ілімімен шұғылданды деген сөз оның хадис ілімінен хабарсыз болғанын білдірмейді. Оның хадис риуаятымен арнайы айналыспағаны рас, алайда, ол зерттеген фикһ мәселелері Құраннан кейін жадындағы сенімді хадистердің талабынан еш ауытқымаған.

Әбу Ханифа жадында хадистердің аз болуының екі себебі бар:

Бірінші себеп: Риуаятпен арнайы шұғылданбауы. Бәрімізге белгілі жайт, хадисі ілімінде, тіпті, сахабалардың өздері (муksирун) көп хадис риуаят етуші және (муқиллун) аз хадис риуаят етуші деген екі категорияға бөліп қарастырылады. Сахабалар ислам әлемінің әртүрлі аймақтарына тараған заманда әрқайсысы мәселенің жауабын жадында сақталған хадистерге қарап айтқан. Барлығының ұстануы шарт болған принцип – Құран мен сүннет. Алайда, үкімі не егжей-тегжейі Құраннан табылмаған жағдайда сүннетке жүгінген. Бұл тұста ескерілетін нәрсе, араб жазирасынан басқа елдердегі білімді сахабаның жанынан сүннеттің бәзбір бөлігі ғана табылған. Мысалы, Ибн Масғуд мәселеге қатысты хадис таппай, өз ижтиһадындағы пікірімен пәтуа беріп: **«Бұл айтқаным – менің пікірім. Егер дұрыс болып шықса, онда – Аллаһтан. Ал егер қате болып шықса, онда менен және шайтаннан»,** – деп айтқан кездері болған. Айтқан пікірі кейінірек сахабалардың бірінен естіген хадиске тура келе қалса, ұшып кететіндей дәрежеде қуанған.

Сол секілді кейбір мәселелерге қатысты хадис таппаған жағдайларда имам Әбу Ханифаның Ибн Масғуд секілді ижтиһадындағы пікірімен сөйлеген мәселелері көп. Алайда, бүгінгі ханафи мәзһабының фикһы мен дәлелдерін түсіндіретін кітаптардың мазмұндарына ынсапты кісі назар аударса, хадис кіріспеген тақырып таппайды. Сондай-ақ ондағы хадистер - төрт мәзһаб имамдарынан кейін жинақталған сүннет кітаптарындағы

хадистер. Сүннет кітаптарындағы хадистерге мәселелердің үкімі сай келіп жатса, Әбу Ханифа хадисті аз білген, әлсіз хадиспен сөйлеген деген сөздердің қандай маңызы бар?! Егер, ынсапты әрі қадірлі тұлғалардан болсақ, бұл пікірі кейінірек хадиске тура келген Ибн Масғудтың қуанғанындай қуанатын жайт емес пе?! Ал ғұламалардың жауапта қателесуіне келсек, Аллаһ тағаланың қателескен мүжтаһидке бір сауап сыйлайтыны туралы хадис бар емес пе?!

Екінші себеп: Хадисті қабылдаудағы ұстанымы. Айны қатесіз дәл жеткізуінің расталуы деген шартқа өте мұқият болған ләзім. Имам Әбу Ханифаның көзқарасында бұл шарт жүзеге асуы үшін, жеткізуші хадисті жатқа алған сәттен оны жеткізгенге дейінгі аралықта ұмытпаған болуы жөн, егер ұмытқан болса, шарт жүзеге аспайды. Бұл имам Әбу ханифаның шарты. Басқаларда бұл шарт басқаша бағыт алуы мен жалпы шарттың жүзеге асуы тағы бір қайшылыққа түсіп отыр. Бұл қайшылық белгілі бір хадистің бір мухаддисте «сахих», ал басқа мухаддисте «әлсіз» саналуына өз ықпалын тигізген. Сол себептен белгілі бір мәселеде бұндай хадисті бір факих үкім айтуға қолданса, екінші біреуінің қасында ол дәлелге алынбаған. **Жеткізушілер тізбегінің үзілмеу керектігі** деген шартқа келсек, **«жеткізуші мен шейхының арасында кездесу жүзеге асты ма, аспады ма?»** мәселесінде мухаддистердің өздері қайшылыққа түскен. Имам әл-Бұхари мен кейбір мухаддистердің көзқарасында **«жеткізуші мен шейхының арасындағы кездесу»** бір мәрте болса да шарт саналса, имам Мүслім мен кейбір мухаддистердің көзқарасында **«кездесу» болмаса да, оның болу мүмкіндігі немесе ықтималдығы шарт.** Сол себепті Мүслім сахих деген хадис оның шартының негізінде сахих болғанымен, әл-Бұхаридің және оның көзқарасын жақтағандардың есебінде сахих емес, сондай-ақ олар оны фикһ үкімдерін шығаруға жарамды дәлел санамайды.

Хадистерге дәреже беру ісінің уахи емес, тек ижтиһад екені көпшіліктің назарынан тыс қалып жатады. Хадис ілімі ғұламаларының анықтауы мен нақтылауы нәтижесінде хадиске сахих не хасан не әлсіз деп беріліп қойған категориялар уахимен бекітілген категориялар емес. Олар – хадис ғұламаларының ижтиһадтары. Бұл мәселенің қозғалу себебі, қандай да бір хадис бір ғалымның ижтиһадында сахих саналса, басқа біреуінде хасан, ал тағы біреуінде сол хадис әлсіз саналған. Сондықтан біреудің ижтиһадында сахих саналған хадис екінші бір ғалымның әлсіз деп бағалауымен сүннет жинақтарынан алып тасталмаған.

Әлсіз хадис деген сөздің өзі екі мағынаны қамтиды. Біріншісі – тізбегі ғана әлсіз саналған хадис. Екіншісі – толығымен, тізбегі де мәтіні де әлсіз саналған хадис. Бұл екеуінің арасында үлкен айырмашылық бар. Тізбегі ғана әлсіз хадистің барлығы мүлде әлсіз саналмайды. Сол секілді тізбегі сахих хадистердің барлығы мүлде сахих деп бағаланбайды. Риуаят етушілердің не мухаддистердің біреуінің ижтиһадында тізбегі әлсіз саналған хадис басқа бір мухаддистің ижтиһадына тән шарттарына сай сахих саналады. Сөйтіп

қорытындыда ол сахих болып шығады. Сондай-ақ тағы бір мәселе, әлсіз хадистің өзі мурсал, әлсіз, өте әлсіз болып дәрежелерге бөлініп қарастырылады.

Сүннетті ұстану дегенде кейбір адамдардың ойына тек сахих хадистерге сүйеніп амал ету керек деген ой, тіпті, ақида пайда болған. Барлық ғұламалардың бірауыздан келісуімен «сахих» немесе «хасан» хадис амалға және шариғат үкімдеріне қатысты дәлелге жарамды саналады. Ал «әлсіз» хадиске қатысты олар қайшылыққа түскен. Олардың көпшілігі «әлсіз» хадисті шартты негіздердің ескерілуімен абзал және ұнамды амалдар үшін жарамды деген көзқарасқа тоқтаған.

Ал кейбір фикһ ғұламалары «әлсіз» хадисті, тіпті, шариғи үкімдер үшін де амалға жарамды деген көзқарасты ұстанған. Олар оны, тіпті, «қиястың» алдына шығарған. Ал «қияс» болса, ислам ғұламаларының бірауыздан келісуімен шариғат негіздерінің бірі саналады. Шариғат үкімдеріне қатысты «әлсіз» хадис амалға жарамды деген көзқарас иелері – үш мужтаһид имам: Әбу Ханифа, Мәлик және Ахмад, сондай-ақ Әбу Дәуд, ан-Наса'и және ибн Әби Хатим сынды мухаддистердің бір тобы да осы көзқараста. Олардың ескеруінде «әлсіз» хадис **біріншіден**, өте әлсіз болмауы қажет, **екіншіден**, үкім сұраған мәселеде одан басқа хадистің болмауы لازم. Сүннетке қатысты ұстанымы ең қатты Ибн Хазм деген ғалым да осы көзқараста. Ол өзінің «әл-Мухалла» (4/148) кітабында: «Құныт дұғасы мәселесі қақында бұдан басқа дәлел болмағандықтан және Аллаһтың елшісінен одан басқа хабар жетпегендіктен осылай істеуге тура келеді. Имам Ахмад: «Хадистің әлсізі біз үшін ой айтудан абзал», – деп айтқан», – деген.

Абдулла ибн Ахмад идн Ханбал: Әкемнен: «Бір елде хадис білетін ғалым болса, алайда, қайсысы «сахих», қайсысы «әлсіз» екенін ажырата білмесе, сондай-ақ онда оймен сөйлейтін ғалым болса, сөйтіп араларында бір мәселенің жауабы қажет болса, жауап екеуінің қайсысынан сұралады?» – деп сұрағанымда, әкем маған: «Оймен сөйлегеннен емес, хадис білетіннен сұралады, өйткені әлсіз хадис ойдан күштірек», – деді деген.

Тіпті, имам аш-Шафиғидің өзі басқа хадис болмаған жағдайда «мурсал» хадисті әлсіз көре тұра оны амалға алған. Бұны ас-Сахауи «Фатх ал-Муғис» кітабының бірінші томының 142 және 268 беттерінде жеткізген.

Бұл мәселенің тағы бір тұсы, амалға жарамды екі мағына көтерген хадистің бір мағынасына күш беретін «әлсіз» хадис жетсе, қуаттаушы хадистің әлсіздігіне қарамай, сол мағынаны амалға асырамыз. Бұл жайында имам ибн әл-Қаййум «Тухфатул-Маудуд» кітабының 29 бетінде айтқан. Имам ан-Науауи «мурсал» хадисті әлсіз көргенімен өзінің «әл-Мажмуғ» кітабының бірінші томында 100 бетте: «Мурсал хадиспен қуаттауға рұқсат етіледі», – деген.

Бұл мәліметтерден кейін алдымызда өткен имамдардың көзқарасында «әлсіз» хадистің де құны мен есепке алынатындығы айқындалып отыр. **Олай болса**, сүннетті ұстану дегеніміз – өте әлсіз бен өтірік хадистерді айтпағанда, сүннет жинақтарында сақталып келе жатқан, сосын дәрежелерін нақтылау

ижтиһады нәтижесінде бір мухаддистің сахих не хасан дегенін мінсіз уахи дәрежесіне көтермей, екінші мухаддистің мурсал не әлсіз дегенін алаламай, хадистерге салафтар кезеңіндегі қайшылықтар әдебін ұстанған күйде амал ету.

Жалпы, ханафи мәзһабының басқа мәзһабтарға тән дәлелдермен келіскен және келіспеген себептері білім жолындағы талапкерге ханафи фикһы негіздерін арнайы меңгеруі мен мәзһабтар арасындағы фикһ дәлелдерінің айырмашылықтарын танып-білуі арқылы ғана түсінікті болады.

Енді ахад хабарға амал ету мәселесіне тоқталайық. Фақиһтердің ішінде әуелгі болып ахад хабарды дәлел етіп қабылдаған ғалым – имам Әбу Ханифа. Егер білім іздеуші Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің фикһ іліміндегі еңбектерін оқыса, Әбу Ханифаның ахад хабарларды қалай қабылдағанына, риуаят еткеніне, фикһи үкімдерге дәлел етіп қолданғанына көзі жетеді. Мысалы, ораза кезінде саналы түрде жеп-ішкен кісінің оразасы бұзылады. Сол секілді, нақты дәлел болмаса, қияс бойынша, ұмытып жеп-ішкен кісінің де оразасы бұзылады. Алайда **«Кім ұмытып жесе не ішсе, оразасын жалғастырсын! Өйткені бұл – Аллаһтың оны тамақтандырып және сусындатқаны болып қана табылады»**, – деген хадис бар. Бұл хадис ахад хабарды қабылдау шарттарын қанағаттандыруы себепті, имам Әбу Ханифа қиясқа жол бермей, осы риуаятты алған. Сондай-ақ ол: **«Бұл риуаят болмағанда қияспен сөйлер едім»**, – деген. Әбу Ханифаның көзқарасында дін істерінде ахад хабарға амал ету міндет.

Кейбір усули ғұламаларының ахад хабарға қатысты айтқан сөздерін келтірейік:

Ас-Сархаси ханафи: «Әр жердегі фақиһтер: «Дін істеріне қатысты сенімді ахад хабар кесімді ілімді білдірмейді. Алайда, дәлел саналады және оған амал ету – уәжіп», – деген.

Әл-Бәздауи ханафи: «Бұндай хабар бізде амалды уәжіп етеді, бірақ кесімді ілімді білдірмейді», – деп айтқан.

Аш-Шааши ханафи: «Шариғи үкімдерге қатысты, шарттары толық табылған ахад хабарға амал ету – уәжіп. Шарттары: риуаят етушінің мұсылман болуы, ақыл-естілігі, сенімділігі, зейін дәлдігі. Сондай-ақ осы шарттардың пайғамбарға көтерілген тізбектің әр буынында табылуы», – десе, Ибн Қудаама: «Естіген ахад хабар арқылы құлшылық жасауға болады деген пікір – көпшілік ғұламалардың мәзһабы», – деген.

Әбу әл-Уәлиид әл-Баахи: «Үмбеттің салафтарынан болған сахабалар, табиғиндер және фақиһтер ахад хабарға амал ету міндетті деген пікірді ұстанған», – деп айтқан.

Ибн ан-Нажжаар әл-Ханбали: «Діни істерге қатысты естіген ахад хабарға амал ету – бізде және көпшілік ғұламаларда шариғат тұрғысынан міндетті», – деген.

Ибн әл-Қаас ат-Тобари: «Ахад хабарды қабылдау тұрғысынан фикһ ғұламалары арасында қайшылық жоқ», – деп айтқан.

Ахад сүннетті мутауатир сүннеттен айырып танылуына себеп болған жағдайлардың біріншісі – мұсылмандар арасында ойдан шығарылған хабарлардың пайда болуы. Өтірік хабарлардың пайда болу қаупін Пайғамбарымыз: **«Кім менің атымнан әдейілеп жалған хабар сөйлесе, онда тозақтан орын ала берсін!»**, – деп ескерткен. Егерде пайғамбар өзінің сүннетіне кейінгі замандарда жалған әрі ойдан шығарылған хабарлардың араласып кетуінен қауіптенбесе, неліктен мұндай қатты ескерту жасайды?!

Ижтиһад амалы орныға бастаған, имам Әбу Ханифаның ғасырында пайғамбарымыздың атынан өтірік жалған хадистер риуаят етіліп, шын хабарлар мен жалған хабарлар араласып кеткен. Бұл ғасырда Басра му`тазилиттердің негізгі ұясы болуымен қатар, онда тағы басқа көптеген ағымдар кеңінен тараған еді.

Нәтижесінде, имам Әбу Ханифа ахад хабарды қабылдау шарттарын белгілеу үшін, сахабалардың ұстанымдарына назар аударып, шарттары қатал сыңай тапқан.

Төрт мәзһаб фақиһтерінің ахад хабарды амалға қабылдау үшін қойған шарттарына назар аударайық:

Мәликилердің шарттары:

- Ахад хабардың мәдиналықтардың амалына қайшы келмеуі. Өйткені Медина пайғамбарымыз өмір сүрген, дін негіздері әуелі болып орныққан қала болғандықтан, мәликилерде мәдиналықтардың амалдары күшті риуаяттардың мәртебесімен бірдей саналады.
- Ахад хабардың күшті дәлелдерге және қиясқа қайшы келмеуі.

Шафиғилердің шарттары. Шафиғилер жеткізушілер тізбегінің сахих болуын және пайғамбарымызға үзілмей көтерілуін шарт етеді.

Ханбалилердің шарттары. Ханбалилердің ұстанымы да шафиғилерге ұқсайды. Алайда, олардан өзгешелігі, тізбегі үзілгендерден мурсал және әлсіз хадистерді дәлелге алады. Мұндай хадистерді риуаят етуші жалған айтушы және жаман сипаттармен айыпталушы болмауы шарт. Оларда әлсіз хадис сахаба пәтуасының алдына шығарылады.

Ханафилердің шарттары:

1. Риуаят етуші сахабаның амалы өз риуаятына қайшы келмеуі. **Басқа мәзһабтарда, керісінше, риуаят етушінің амалы емес, риуаяты алынады.** Ханафилерде сахабаның амалы риуаятына қайшы келсе, онда риуаяты емес, амалы алынады. Өйткені шариғат тұрғысынан сахабалар ешқашан сүннетке қайшы келетін амал атқармайды. Егер сахабаның қандай да бір мәселеге қатысты сөзі не амалы өзінің пайғамбардан жеткізген риуаятына қайшы сипат тапса, онда ол сахаба риуаяттың насх болғандығын, яғни үкімінің жойылғандығын білді деп саналады. Сол себептен Әбу Ханифа Әбу Һурайраның ит жалаған ыдысты жеті мәрте жуу керектігі туралы риуаятына сүйенбе, Әбу Һурайраның үш мәрте жуу жеткілікті деген амалын алған. Айша анамыздың **«уәлисіз некенің жарамсыз» екені туралы** риуаятын

алмау себебі, Айша анамыздың ағасы Абдрахман сапарда болған кезде оның қызы Хафсаны әл-Мунзир ибн аз-Зубайрға некелегені туралы хабарды амалға алған. Ибн Омардың намаз кезінде тахрим тәкбірінен басқа рукуға еңкейерде және көтерілерде қол көтерудің сүннет екенін жеткізген риуаятын алмау себебі, Ибн Омардың тек тахрим тәкбірінде ғана қол көтерген амалын алған.

2. Фақиһ дәрежесінде болмаған риуаят етушінің ахад хабары Құранмен, мутауатир сүннетпен, ижмағпен бекіген нормаға қайшы келмеуі. Егер риуаят етуші фақиһ болса, қиясқа жол берілмейді. Мағынасы терең түсінуді қажет еткен риуаятты жеткізушінің фақиһ болуы шарт. Қандай да бір мәселенің анықтауда екі риуаят бір-біріне қарама-қарсы болса, фақиһ болғанның риуаяты алға тартылады. **Әрине, ханафилерде фақиһ саналмаған сахабалардың кейбіреуі басқа мәзһабтарда фақиһ саналуы да мүмкін.**

3. Ахад хабар сөйлеген амал барша мұсылмандардың өмірінен еш ажырамайтын күнделікті шариғи амалдарына қатысты болмауы. Егерде барша мұсылмандардың өмірінен еш ажырамайтын күнделікті шариғи амалдарды бір-екілі кісі ғана жеткізсе, қаблданбайды.

4. Бір мәжілісте бірге естіген сенімді жеткізушілердің біреуінің риуаятында басы артық сөздің болмауы. Егер салыстыру барысында біреуінің риуаятында басы артық сөз жүрсе, сақтық шарасы ретінде мәтіні де де тізбегі де кейін шегіндіріледі.

Имам Әбу Ханифаның: «Хадис сахих болса, ол – менің мәзһабым!», деген сөзі өзінің шарттары арқылы ғана сахих болған ахад хабарларды білдіреді. Фақиһтердің ішінде ахад хабарларды сахих категориясына қабылдау шарттарын қатты ұстанған ғалым – имам Әбу Ханифа. Имам Әбу Ханифада «зейін дәлдігі» деген шарт жүзеге асуы үшін, риуаят етуші хадисті қабылдаған сәттен біреуге жеткізгенге дейін дәл сақтауы және ұмыту аралығының болмауы шарт. Яғни есіне түсіруде кідіру болмауы لازым. Бұл – өте қатаң шарт. Осы шарттың негізінде кейбір хадистер әлсізге шығарылып, басқалары сахих категориясына көтерілген.

Ал мухаддистердің ішінде шарттары ең қаттысы – имам әл-Бұхари. Әл-Бұхари жаттаған сахих хадистердің саны 100 мыңға барады. Ал «Сахихында» жалпы 7275 хадис риуаят етілген. Оның ішінде қайталанбай келгені - 4000 хадис. Имам ан-Науауи: «Сахихтардың өзі – бірнеше дәреже. Ең жоғары тұратыны әл-Бұхари мен Мұслим екеуінің де сахих деп есептегендері, сосын әл-Бұхари жеке риуаят еткен сахихтар, кейін Мұслим жеке риуаят еткен сахихтар, сосын екеуінің де шартына сай келген сахихтар, сонан соң әл-Бұхаридың шартына сай сахихтар, кейін Мұслимнің шартына сай сахихтар, сосын басқа мухаддистердің сахихтары», – деген. «Тадрииб ар-Раауи фи Шарх Тақрииб ан-Науауи»: 1/122, 123.

Бұл сахихтардың басым көпшілігі – ахад хабарлар. Сондай-ақ Мұслимнің жеке шартына сай сахих хадис әл-Бұхаридің жеке ұстанған шартына түссе, сахих категориясынан айрылады. Немесе ол екеуі сахих көрген ахад хабар Әбу Ханифаның ахад хабарларды қабылдау шарттары

бойынша сахих саналмайды. Шарттардың өзгешелігі нәтижесінде біреуде сахих болған хабар екінші біреуде сахих саналмайды. Сол секілді бір мухаддисте сахих саналған хабар, екінші бір мухаддисте хасан, ал үшіншісінде тіпті әлсіз саналуы мүмкін. Өйткені хабарларға сахих, хасан, әлсіз категорияларының берілуі әр мухаддистің не фақиһтің жеке шарттарына негізделген ижтиһад мәселесіне жатады.

Ибн Хажар әл-'Асқалаани: «Ибн ас-Солаах ислам үмбетінің «Бұхари мен Муслимның сахихтарындағы» барлық хадистерге амал етуге бірауыздан келіспеген, тек олардың сахих екендігіне ғана бірауыздан келіскен», – деген. Сөйтіп әл-Бұхари мен Мұслим келіскен сахихтардың үкіміне қатысты Ибн ас-Солаахтың: «Ол екеуі келіскен хадистердің сахих екенін ислам үмбетінің бірауыздан қабылдағаны кесімді. Ол екеуіндегі сахихтар мутауатир хабар секілді ілімді білдіреді. Алайда мутауатир хабарлар міндетті ілімді, ал бұлар ижтиһадты қажет еткен ілімді білдіреді. Ислам үмбетінің ол екеуіндегі хадистерді сахих деп қабылдауы – ижтиһадпен бекіген ілім», – деген сөзін келтірген.

Ас-Суютый: «Мынау хадис сахих деген сөздің мағынасы – тек иснадының қажетті шарттармен жалғасқанын ғана білдіреді. Иснады тұрғысынан оны амалға қабылдаймыз. Алайда болмысы тұрғысынан кесімді деген мағынаны білдірмейді, өйткені риуаят етуші қандай сенімді болса да, мәтінде қате жіберуі не ұмытуы мүмкін», – деп түсіндірген.

Әл-Хаафиз әл-'Ираақи: «Хадис ғұламаларының: «Мына хадис – сахих», – деген сөздерінен иснад тұрғысынан амал үшін сахих екендігі көзделеді. Алайда, болмысы тұрғысынан сахих деген кесімділікті білдірмейді. Өйткені сенімді риуаят етуші де мәтінде қате жіберуі не ұмытуы мүмкін. Ілім иелерінің көпшілігі ұстанған дұрыс көзқарас – осы. Сондай-ақ хадис ғұламалары: «Мына хадис – әлсіз», – десе, иснады тұрғысынан қажетті шарттардың табылмауы ғана көзделеді. Алайда, болмысы тұрғысынан жалған деген кесімділікті білдірмейді. Өйткені әдетінде өтірігі бар риуаят етуші хадисті рас айтуы да мүмкін», – деген.

Аталмыш шарттардың мұндай сипат табуы сахабалардың кезіндегі оқиғаларға негізделген. Пайғамбарымыз дүниеден өткен соң, қандай да бір мәселеге қатысты үкімді сөйлеген ахад хабарды сахабалар абайлап қабылдаған. Мысалдар:

1. Ибн Шиһабтың Қабиис ибн Зүәйбтан жеткізген риуаятында: «Әбу Бәкірге бір әже келіп, мирастан өзіне тиесілі үлесі жайлы білуді қалаған. Әбу Бәкір оған: «Аллаһтың кітабында сізге тиесілі үлес бар екенін таппай тұрмын. Сондай-ақ мен Аллаһ елшісінің бұл жайында айтқан сөзінен ешнәрсе білмейді екенмін», – деп, кейін ол жайлы адамдардан сұраған. әл-Муғира ибн Шу'ба орнынан тұрып: «Мен Аллаһ елшісінен әжеге алтыдан бірі беріледі деген сөзді есіткенмін», – деген. Әбу Бәкір одан: «Сенің қасыңда осы сөзді растайтын біреу бар ма?», – деп сұраған. Сонда Мухаммад ибн Салама соған ұқсас сөзді айтып куә болған. Әбу Бәкір әжеге үлесін беріп, хақын атқарған», – деп айтылған.

2. Омардың қасына бір іске куә болуы бір адам келген. Сонда Омар оған: «Мен сені білмеймін. Сені жақсы білетін біреуді алып кел!» – деп бұйырған. Адамдардың арасынан бір кісі: «Мен оны білемін», – деген. Омар: «Сен оны қалай білесің?», – деп сұраған. Ол: «Сенімді әрі абыройлы деп танымын», – деп жауап берген. Омар: «Күндіз-түні не істейтінін, қалай кіріп, қалай шығып жүргенін білетіндей, ол сенің жақын тұратын көршің бе?» – деп сұраған. Ол: «Жоқ», – деп жауап берген. Омар: «Сен оның тақуалығын дәлелдейтін динар не дирһам тұрғысынан қарым-қатынасқа кіріп көрдің бе?» – деп сұраған. Ол: «Жоқ», – деп жауап берген. Сонда Омар: «Онда сен оны білмейсің!» – деп, әуелдегі кісіге: «Сені жақсы білетін біреуді алып кел!» – деп жіберген.

3. `Убайдулла ибн `Умайрдың айтуынша Әбу Муса әл-Аш`ари халифа Омарға кіруге рұқсат сұрағанда, оған рұқсат берілмеді. Оның қолы бос болмаған секілді. Рұқсат берілмеген соң Әбу Муса кейін қайтады. Омар қолы босаған кезде: «Мен жаңа Абдулла ибн Қайстың даусын естімедім бе? Оған рұқсат беріндер!» – дейді. Оған: «Ол кері қайтып кетті», – деп жауап беріледі. Омар оны өзіне шақыртты. Әбу Муса: «Бізге осылай бұйырылған», – деп жауап берді. Омар оған: «Айтқан сөзіңе дәлел әкелесің!» – деді. Әбу Муса ансарлардың отырысына барып, куә болуларын сұрады. Сонда олар: «Бұл істе саған ішіміздегі ең кішіміз Әбу Са`ид әл-Хұдри ғана куә бола алады», – деп жауап берді. Ол Әбу Са`ид әл-Хұдриді Омарға алып барды. Сонда Омар: «Аллаһ елшісінің бұйырған істерінен бұл нәрсе маған жасырын қалғаны ма?! Мен сауда келісімімен байланысты шаруамен алаңдап қалдым», – деді.

4. Асма ибн әл-Хакам ал-Фазаариден жеткен риуаятта Әли ибн Әби Талиб: «Аллаһ елшісінен қандай да бір хадис естіген болсам, Аллаһ оны пайдаға асыруымды қалғанынша нәсіп еткен. Егер маған біреу келіп хадис айтса, ант етуін талап ететінмін. Егер маған ант етсе, сөзін растайтынмын», – деген.

5. Айша анамыз ахад хабардың өзінен күштірек дәлелге қайшы келмеуін шарт көрген. Ахад хабар өзінен күштірек дәлелмен үйлеспеген жағдайда оны қабыл алмаған және оған амал қылмаған. Сол себептен ол ибн Омардың: **«Расында, мәйіт отбасының оған жылауы себепті азап шегеді»,** – деген хабар туралы: «Аллаһ Әбу Абдрахманды кешірсін. Расында, ол жалған айтпады, тек есінен шығарып алған не қателескен. Өйткені пайғамбарымыз, өзіне отбасы жылап жатқан иудей әйелдің қасынан өтіп: **«Расында, олар оған жылап жатыр. Әлбетте, ол қабірінде азап шегеді»,** – деді деп айтқан. Осы хадистің тұсында имам ан-Науауи: «Бұлар – Омардың және баласы Абдулланың риуаяты. Айша анамыз оны теріске шығарып, естерінен шығарып алуларымен не қателесіп қалуларымен байланыстырған. Айша анамыз өз көзқарасын Аллаһ тағаланың: **«Біреу біреудің күнәсін көтермейді»,** – деген сөзімен дәлелдеп: «Пайғамбар: **«Расында, олар оған жылап жатыр. Әлбетте, ол қабірінде азап шегеді»,** – деп иудей әйелге

қатысты айтқан. Яғни отбасы жылап жатқанда, жалпы жылаудың себебімен емес, кәпір болуы себепті азап шегеді», – деген деп түсіндірген⁴².

6. Ибн Мас'удтан, Иракта болған кезінде, бір әйелдің мәһірі жайында сұралады. Оның күйеуі өзіне жақындап та, мәһір беріп те үлгермеген күйде қайтыс болған еді. Ибн Мас'уд өз қасында бұған қатысты хадис болмағандықтан, пікірімен ижтиһад жасап, туысқан әйелдеріне берілген көлемнен аз да емес, көп те емес, тура сондай көлемдегі мәһір беріледі деген үкімді айтқан. Кейінірек Ма'қал ибн Синан әл-Ашжа'и оған: «Аллаһпен ант етемін, сен айтқан үкім Аллаһ елшісінің Уашиқ қызы Бару' әл-Ашжа'ияның хақына қатысты айтқан үкіміне ұқсайды», – дегенде Ибн Мас'уд айтқан үкімінің Аллаһ елшісінің сөзіне дәл келгені үшін қатты қуанған. Алайда, Әли ибн Әби Талиб бұл хадис амалға алмаған және ондай жағдайдағы әйелге мәһір беруді міндеттемеген. Ол: «Қайдағы бір бәдәуидің сөзі үшін, Раббымыздың кітабын тастамаймыз!», – деп айтқан. Әли бұл мәселеде әлгі әйелдің күйеуінің өлімін әйеліне еш жақындаспастан талақ берген кісіге қияс еткен. Қандай да бір ахад хадисті сахих санамаса, оның алдына қиясты шығарған⁴³. Әли дәлелге Құранның: **«Әйелдеріңе әлі жақындаспаған әрі міндетті мәһірлерін белгілемеген халде талақ берулеріңде күнә жоқ! Оларға шариғатқа ұнайтындай, ауқатты өз жағдайына қарай, пақыр өз жағдайына қарай, тарту беріңдер! Бұл – мухсиндерге борыш етіп белгіленген үкім»**, – деген аятын алған. Бұл аятта Аллаһ тағала әйеліне әлі жақындаспаған әрі міндетті мәһірін белгілемеген күйде талақ берген кісіге тартудан басқа нәрсені міндеттеп тұрған жоқ. Әли осындай жағдайда әйеліне талақ берген кісіге тура осындай күйде өліп кеткен кісіні қияс етіп, Ма'қал ибн Синанның ахад хабарын қабылдамаған.

7. Ибн Аббас өз қасында күштірек дәлел болған жағдайда бір-екілі кісінің хабарын қабылдамаған. Мысалы, Әбу Һурайран: «Кім мәйітті жуындырса, ғұсыл құйынсын, ал кім оны көтерсе, дәрет алсын!» – деген хадисті Ибн Аббас қабылдамай: «Кепкен ағашты көтеруіміз бізге дәрет алдырмайды», – деген пікірді айтқан. Өйткені бұл хабар оның қасындағы «Расында, мәйіттерің таза күйде қайтыс болады. Қолдарыңды жууларың – жеткілікті!» деген хабарға қайшы келген⁴⁴.

Бұл риуаяттардан ахад хабарларда жеткізушінің ұмытуымен не шатысуымен байланысты, сөзінде не түсінуінде қате болу ықтималдығы, сондай-ақ өзінен сенімдірек дәлелмен сәйкеспеген жағдайда кері қайтарылғандығы айқындалады. Сахабалар ондай хабарды абайлап, кейбір жағдайда тағы бір сахабаның қуаттауымен ғана, ал кейбір жағдайда жеткізушінің сенімділігі үшін бір естігеннен амалға асырған. Осының негізінде фикһ ғұламалары ахад хабар сөйлеген шариғи норманы қабылдаудан бұрын, алдымен ахад хабардың өзін қабылдау тұрғысынан шарттар белгілеп, ол шарттары өзара өзгешелік тапқан.

⁴² ан-Науауи. «Шарх ан-Науауи `ала Сахих Муслим»: 2/643.

⁴³ Уаһба аз-Зухайли. «Усул әл-Фикһ әл-Ислами»: 1/447-448.

⁴⁴ Мухаммад Ибраһим әл-Хафнауи. «Дираасаат фи Усуул әл-Фикһ»: 124.

Барлық мухаддистер мен фақиһтерде тізбектегі жеткізушінің бойында табылуы міндетті сипаттардың бірі – «ад-добт», яғни «зейін дәлдігі». Бұл не дәл жаттап сақтауы не дәл жазып сақтауы арқылы жүзеге асады.

Осы шартқа имам Әбу Ханифа өте қатты қараған. Әбу Ханифада ахад хабарды қабылдауда бұл сипат жүзеге асуы үшін, риуаят етуші хабарды дәл естуі, мағынасын түсінуі, дәл жаттауы, оны қайталап тұруы шарт. Бұл дегеніміз риуаят етушінің фақиһ болуын талап етеді.

Пайғамбарымыздың сүннетін ұстану қажеттілігі тұрғысынан ислам ғұламалары арасында мүлде қайшылық жоқ. Өйткені сүннет – Құраннан кейінгі мәртебені ұстаған шарифат негізі. Фақиһтер арасында пайда болған қайшылықтар – сенімді ахад хабарды қабылдау не қабылдамау тұрғысынан емес, негізінде, оны қабылдау шарттарының өзгешелігімен ғана байланысты жайт.

14.Сүннет амалдарын ұстану әдебіне қатысты насихат.

Пайғамбарымыз дүниеден озған соң әділетті халифалар фақиһ сахабаларды әлемнің әртүрлі аймақтарына жіберіп, әрқайсысы өзі жіберілген елдегі адамдарға дін үкімдерін үйреткен. Хижаз аймағындағы сахабалар мен Хижаздан асқан елдердегі сахабалардың дін нормаларын үйретудегі дәлелдері кейбір мәселелерде өзгешелік тапқан. Мысалы, Хижазда сүннет «әминді дауыстау» деп қабылданса, Иракта Әли мен Ибн Масғудтың фикһына сай «әминді іштен айту» сүннет болып бекіген. Сүннеттің ақиқаты мен егжей-тегжейі тек қана мухаддистерде, ал фақиһтар біле бермеген деп ойлап жүрген жастар баршылық. Әрине, бұл олардың сүннетке деген ықыластарының нышаны. Алайда сүннеттің не екенін лайықты деңгейде түсіну үшін – жалғыз ықылас жеткіліксіз болады. Ықыласты жастарға сүннетті кең мағынада түсіну қабілеті қажет. Мысалы, халифа Әбу Жа`фар әл-Мансур, сосын халифа ар-Рошиид имам Мәликтің мәзһабы мен «Муатто» кітабын Аббасия дәулетіне заң құқығы етіп тағайындағысы келген. Имам Мәлик екі халифаға да: «Расында, Аллаһ елшісінің сахабалары тармақты мәселелерде қайшылыққа түскен және дүниенің төрт бұрышына тарап кеткен. Әркім өз қасындағы ижтиһад бойынша дұрыс айтушы саналады», – деп ұсыныстарын кері қайтарған. Имам Мәлик мұндай қайшылықтардың бұл үмбет үшін рақым екенін, әркім өз қасындағы дұрыс ижтиһадқа ергенін, әркімнің ижтиһад кезінде тек тура жолды және Алласының ризалығын көздегенін баяндаған. Егерде имам Мәлик барша мұсылмандарды өз фикһына ұйытуды қалағанда, солай істер еді. Алайда ол өз ижтиһадында Аллаһтың ризашылығын ғана көздеп, өз көзқарасын емес, ислам үмбетінің мүддесін артық көрген. Имам аш-Шафиғи өз ижтиһадын жүргізсе де, «Муаттоға» байланысты: «Жердің бетінде Мәликтің «Муаттосынан» ілім тұрғысынан дұрысырақ кітап жоқ», – деп баға берген. Сол секілді имам аш-Шафиғи таң намазында құныт дұғасын оқуды және қирағатта «бисмилләны» дауыстап оқуды сүннет деп санаған. Алайда Бағдадқа келген сапарында

ханафилердің мешітінде таң намазына имамдыққа шығарылғанда құнытты да оқымай, «бисмилләны» да дауыстамай, имам Әбу Ханифаның ижтиһадына құрмет көрсеткен. Сүннетті жанынан артық сүйген алдыңғы буындарда өткен салиқалы салафтар сүннетті ұстануды осындай жолмен түсінсе, біздің сүннетке деген махаббатымыз осы әдептерден ауытқып бара жатқан жоқ па?! Мысалы, мұсылмандарға көп зиян істеген мұнафықтардың басышысын Омар өлтіргісі келген. Омардың бұл ниетінде – ақиқатқа деген махаббаттан басқа ешнәрсе жоқ. Алайда бұл исламның дұрыс тарауына кері әсерін әсте тигізетін болғандықтан, Пайғамбар оған: «Егерде сен солай істесең, сосын Мединаның сыртындағы адамдар Мұхаммед сахабаларын өлтіріп бастапты десе, бұл жаладан қайтіп арыламыз», – деп түсінігін кеңейткен. Сол секілді әл-Бұхари мен Муслимнің сахихтарында: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың: «Ей, Айша! Мына қауымың күпірліктен енді ғана қайтқаны болмағанда, әлбетте, Қағбаны бұзып, қайта тұрғызып, бір жағынан адамдар кіріп, екінші жағынан шығатын екі есік жасар едім»;

«Ей, Айша! Қауымың Қағбаны тұрғызғанда Ибраһимның негізгі іргетасына жеткізбей көтеріп қойғанын сен көріп тұрған жоқсың ба?», – деді. Мен: «Ей, Аллаһтың елшісі! Онда Қағбаны Ибраһимның іргетасына қайтармайсыз ба?», – дедім. Аллаһтың елшісі: «Мына қауымың күпірліктен енді ғана қайтқаны болмағанда, әлбетте, солай істер едім», – деді. Абдулла ибн аз-Зубайр: «Егерде Айша анамыздың Аллаһ елшісінен естігенін негізге алсам, онда Аллаһ елшісінің Қағбаның Хижраға қараған екі бұрышын ұстамауы тек оның Ибраһимның іргетасына жетпей тұрғызылғанына ғана байланысты деген көзқарасты айтар едім», – деген.

Ханафи мәзһабы бекіген елде басқа мәзһаб өкілдері өз дәлелдерінен түсіп, ондағы мұсылман қауымның дәлеліне үйлестіру сүннетін ұстанулары қажет. Егерде бұл елде «әминді іштен айту» сүннет болып бекісе, имам аш-Шафиғи секілді құрметпен қарап, «әминді дауыстап айту» сүннетін қоя салған абзал болады. Өйткені Аллаһ тағала Құранда: «Раббыларыңа жалынып және жасырын жалбарыныңдар! Расында, Ол шектен шығушыларды ұнатпайды (55) Жердің беті дұрысталған соң қайта бүлдірмеңдер! Оған қорқынышпен және үмітпен жалбарыныңдар! Расында, Аллаһтың рақымы мұхсиндерге өте жақын (56)», – деген. Осы аяттың тұсында шейх Мухаммад әл-Мухтаар аш-Шанқиитый «Әдуа әл-Баянында»: «Имам Мәлик кейбір жағдайларда Құранның шартсыз және жалпылаушы мағынасын ахад хабарлардың алдына шығарған. Өйткені сүннеттің дәлелдік мағынасы айқын болса да, бәрібір, Құран жету тізбегі тұрғысынан күштірек саналады. Бұл аяттың жалпы мағынасы «әминді дауыстап айтуға» қатысты хадистердің алдына шығады. Өйткені «әминді айту» – дұға. Ал аталмыш аятта дұғаны жасырын айту бұйырылған», – деген.

Қиямда «қолды кеудеге ұстау», қирағатта «әминді дауыстап айту», отырыста «сұқ саусақты қимылдату», «сәждеге барарда тізеден бұрын

қолды қою» секілді намаз амалдары ғасырлар бойы ханафи мәзһабы бекіген елдерде бүгін қабылдана қоймайды. Сондықтан ондай амалдарды біздің елдегі қарапайым мұсылмандардың арасына әкелу сүннетке сай деп айта алмаймыз. Егерде сүннетке сай болғанда Аллаһтың елшісі исламға енді ғана кіріп жатқан қауымның көңіліне еш назар аудармастан, Қағбаны бұзып, қайта тұрғызар еді. Тіпті оған бір емес, екі есік жасар еді. Алайда Қағба бүгінгі күнге дейін сол бейнесін сақтап тұр. Олай болса, әрбір елде қалыптасқан намаз бейнесіне жаңа бейне әкеліп, сахих сүннетпен түзетемін деген пайым дұрыс емес. Өйткені дәлелдік мағыналары соқтығысқан хадистер әр мужтаһид фақиһтердің зерттеуінен өтіп, әрқайсысында өзінің лайықты орнын баяғыда тауып қойған. Олардан кейінгі ғасырларда келген ғалымдардың сол ижтиһадтардың біреуін жөн көріп, басқасын әлсіз көруі – уахи емес, тек ижтиһадтары ғана. Егерде уахи дәрежесінде болса, имам Мәлик «Муаттосын» халифаның әмірімен бүкіл ислам әлеміне бекітер еді. Сондай-ақ аш-Шафиғи де таң намазында ханафилерге имам болған сәтінде олардың дәлелдеріне қарамай, құныт дұғасын оқып, бисмилләны да дауыстап айтар еді. Алайда олар бұлай істеуден бойларын аулақ ұстаған. Тіпті әл-Бұхаридің өзі сол Қағба туралы хадисті келтірген тақырыбын **«Кейбір кісілердің түсінбеуінен және жағдайдың бұдан да жаман жаққа өзгеруінен қауіптеніп кейбір тандаулы көзқарастарды атқарусыз қалдыру»** деп атаған. Сондай-ақ **«әминді жасырын айтуды»** сүннет етіп ұстанған елдерге **«оны дауыстап айту»** мен **«отырыста сұқ саусақты қозғау»** амалдарын әкелу жергілікті жамағатқа жарасымсыз және ұнамсыз көрінеді. Өкелушілерде: «Қандай зиян тигізуі мүмкін, сүннет емес пе?», – деген сұрақ тууы да мүмкін. Бұған жауап мына хадистің жалпылаушы мағынасынан алынады: Әбу Са'иід (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһтың елшісі мешітте игтикафта болғанда адамдардың Құранды дауыстап оқып жатқандарын естіген еді. Пердені ашып: «Әрине, сендерден әркім қазір Раббысымен мінәжатта. Бір бірлеріңе зиян тигізбендер! Құран оқығанда не намазда дауыстарыңды бір бірлеріңнен асыра көтермендер!», – деді деп айтқан. хадисті Әбу дәуд риуаят еткен және дәрежесі сахих.**

Ал енді өз дәлелін ғана дұрыс көрген кісіге қатысты Әбу Умама (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің: **«Өзіңікі дұрыс бола тұра дауды тастаған кісіге жәннаттың айналасынан үй сыйлануына кепіл боламын»**, – деп айтқанын риуаят еткен. бұл хадисті Әбу дәуд келтірген және дәрежесі хасан.

Біз болсақ, елімізде енді ғана тарап келе жатқан асыл да мінсіз дінімізді тарату жолын дұшпан емес, өзіміз әлсіретіп алу және әлеуметке исламның нормаларын жеккөрінішті бейнеде көрсетіп алу қаупінде тұрмыз. Сол себептен көп нәрсені жете түсінбей жүргенімізді мойындауымыз қажет. Мысалы, имам Мәликтің шәкірттерінің бірі: «Имам Мәликтің алдында «Муаттоны» қырық күнде оқып шыққан едік. Сонда Мәлик: «Қырық жыл

жазған кітабымды қырық күнде қабылдап алдыңдар ма? Онда азғантай нәрсе түсінген екенсіңдер!», – деді деген.

Кейбіреулердің: **«Пайғамбардың: «Намазды менің намаз оқығанымды көргендеріндей оқыңдар!»** деген хадисіне факиһтер назар аудармаған, мухаддистер ғана көңіл аударған деген пікірлері әсте дұрыс емес. Расын айтсақ, біздің ішімізде және әркімнің қайнар көзіне айналған ғұламаларының ішінде Пайғамбардың намаз бейнесін көзімен көрген ешкім жоқ. Оның намазын көргендер – сахабалар буыны ғана. Ал енді сахабалардан жеткен хадистер намаз сүннеттерін бір ғана бейнемен шектемеген. Сондай-ақ намаз сүннеттерінің әртүрлі сипатта риуаят етілуі хадистің тек сахих не әлсіз болуына байланысты емес. Сонымен қатар бір мәзһабта сахих саналатын тізбек басқа бір мәзһабта әлсіз саналуы да заңды нәрсе. Ал мухаддистердің тек қана сахих хадис дәлелге алынады деген ұстанымдары – шарифаттың шешімі емес. Олардың бұндай ұстанымдары – өздеріне тән ижтиһадтары. Бұлары басқа да мухаддистер мен факиһтердің ижтиһадына ықпал жасай алмайды. Мысалы, **«кіндік астына»** деген хадисті риуаят етуші мухаддистердің қатарында имам Ахмад та бар. Сондай-ақ ол да оның тізбегін өзі бастап әлсізге шығарған. Алайда ол бұл хадиске амал қылған. Тіпті бұл хадистегі **«қолды індік астына ұстау»** бейнесі ханбалилерде кең тараған сүннетке айналған. Хадистің мағынасы әлсіз болғанда, ханбали мәзһабында оған амал етуге жол берілмес еді. Егерде біреу: **«Ахмадқа басқа сахих хадис жетпеген шығар»**, – десе, бұл сөз де ақиқатқа ұласпайды. Өйткені имам Ахмадтың алдында бұдан басқа бейнені сөйлеген, тізбегі сахих хадистер де болған. Алайда ол бұның бәрін сүннеттің кеңдігі деп түсінген. Сайып келгенде, Құран мен сүннеттің нормаларға қатысты мәтіндерін факиһтер талдап түсіндіріп кеткен. Исламның әуеліндегі үш буынның өкілдеріне келсек, кейбір мәселелерде Айша анамыздың өз көзқарасы, Ибн Омардың өз көзқарасы, Әбу ад-Дарданың өз көзқарасы, Ибн Масғудтың өз көзқарасы, Әлидің өз көзқарасы болғандығы барша ғұламаларға белгілі. Факиһтердің хадис тізбегін қабылдаудағы және мағынасын түсінудегі өзгешелектері осындай сахабалардағы фикһтің әртүрлі бағыт алуына негізделген. Олар фикһи көзқарастарына әсте өз табиғаттарын кірістірмей, тек Құран мен сүннетке негіздеген. Хадис тізбегінің сахих болуы – бір мәселе, ал оның мағынасынан фикһи үкімді шығару – екінші мәселе. Мысалы: Муслим жеткізген риуаятта Ибн Самура (Аллаһ оған разы болсын): **Пайғамбардың алдына өзін жуан жүзді жебелермен өлтірген кісінің денесі әкелінгенде ол жаназа оқымаған**», – деп риуаят еткен. Бұл риуаяттың тура мағынасына қарасаңыз, ондай кісіге жаназа оқуға болмайтыны байқалады. Алайда Әбу Ханифа, Мәлик және Шафиғи өзіне қол жұмсап өлген мұсылман діннен шықпайды, оған жаназа оқылады деп, бұл хадистің мағынасын ескерту мақсатында Пайғамбардың өзі ғана оқымаған, ал сахабаларға тыйым салмаған деп түсіндірген. Өйткені имам Ахмад ан-Насаи жеткізген риуаяттағы Ибн Самураның (Аллаһ оған разы болсын): **Бір кісі өзін жуан жүзді жебелермен өлтіргенде Аллаһ елшісі: «Маған салса, мен оған**

жаназа оқымаймын», – деді деп айтқан сахих хадисін негізге алып, пайғамбар секілді имам да оқымайды, ал басқалары оқиды деп түсіндірген. Біздің мәзһабтағы Әбу Юсуптің пікірінде осы хадистердің тура мағынасы алынып, ондай кісіге жаназа оқылмайды. Алайда Әбу Юсуп: «Хадисті түсіндіру мен ондағы мағыналардың бүге-шегесі тұрғысынан Әбу Ханифадан білімдірек ешкімді көрген емеспін. Негізінде, Әбу Ханифаға қайшы сөйлеген орным жоқ. Ойланып қарасам, оның көзқарасы ақиретте ең құтқарушы көзқарас екен. Әрине, мен хадиске әуес болдым. Ал хадистің сахихтығын белгілеу тұрғысынан менен анағұрлым зерек еді. Мен Әбу Ханифаға ата-анамнан бұрын дұға тілеймін», – деген.

Тағы бір айтылуы қажетті жәйт: Бүгінгі күнгі мұсылмандардың басым көпшілігі намаздың сыртқы бейнесіне ғана қатысты көңіл бөліп, ондағы ең маңызды хушуу` халіне ерекше ықпал салмайды. Ал Пайғамбарымыз болса, бұл мәселені ерекше басып айтқан. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): **Аллаһ елшісі: «Сендер менің мына орындағы құбыламды көріп тұрсыңдар ма? Аллаһпен ант етемін, сендердің рүкүғтарың мен хушуу`тарың әсте маған жасырын емес. Расында, мен сендерді арқа тұсымнан да көремін»,** – деді деп риуаят еткен. Хадисті Бұхари риуаят еткен. Хушуу дегеніміз – Намазда Аллаһ тағаланың ұлылығын ерекше қастерлеген, төмендеген әрі бойсұнған жүрекпен тұру

Халқымызға намаздың парыздығын, оның дұрыстығына қажетті шарттарды үйретіп алсақ, сондай-ақ намаздың сыртқы көрінісінен бұрын, оның парыз етілудегі рухани мақсаты мен негізгі пайдасын меңгерте алсақ, діннің намазға қатысты негізгі талабы осы емес пе?! Сол себептен Аллаһтың елшісі сахих хадистерде: **«Адамдардан ең әуелі хушуу` кетеді»; «Адамдардан ең әуелі аманат кетеді де діннен ең соңғы болып намаз қалады. Қандай да бір намаз оқушыға Аллаһ тағаланың қасында еш үлес болмауы да мүмкін»,** – деп ескерткен.

Құрметті талапкерлер, лекцияны тыңдауға қатысқандарыңыз үшін Аллаһ тағаламыз разы болсын. Раббымыз баршамызға пайдалы ілім және кең түсінік нәсіп етсін. Сөзімді Ибн Масғудтың «Аллаһ оған разы болсын» мынадандай тамаша өсиеті сөзімен аяқтауды жөн көріп тұрмын. Ол: «Ілім дегеніміз көп риуаятпен шұғылданумен емес, расында, ілім дегеніміз тақуалықпен жүзеге асады», – деген.

15. Кейбір фикһи мәселелердің ханафи мәзһабындағы үкімдері.

Әуелгі мәселе: Намазда әл-Фатиха сүресін оқу үкімі

Бізде әл-Фатиханы оқу – намаздың ішкі парыздарынан емес, уәжіптерінен саналады. Алдымен Пайғамбарымыздың әл-Фатиханың оқылуына байланысты сөйлеген хадистеріне назар аударайық:

Муслимның «Сахихында»: **«Кім әл-Фатиханы оқыса, жеткілікті болады»;**
Бұхаридің «Сахихында»: **«әл-Фатиханы оқымаған кісінің намазы жоқ»;**
Ибн Мажа «Сунанында»: **«әл-Фатиха оқылмайтын намаз жоқ. Ондай намаз кем болады»;**
Тирмизи «Сунанында»: **«Кім әл-Фатихасыз намаз оқыса, онысы кем, толымсыз болады».**

Бұл хадистердің барлығы – сахих. Осы хадистердің барлығы бізден басқаларда бір мағынанада ғана, яғни әл-Фатихасыз оқылған намаз *жарамсыз және негізсіз* деп түсіндіріледі. Ал ханафи фикһында бұл хадистердің мағынасы: *«әл-Фатихасыз оқылған намаз дұрыс және негізді, тек сауабы ғана толымсыз саналады»* деп түсіндіріледі.

Біріншіден, Құранның: **«Құраннан жеңілдеуін оқыңдар!»** деген мәтіні ижтиһадқа тәуелсіз кесімді дәлел. Ал жоғарыда келтірілген хадистер ижтиһадқа тәуелді мәтіндер. Біздегі фикһ негіздері бойынша: Құран мен мутауатир хабар секілді кесімді дәлелдің абсолютті мағынасын тек өзі секілді дәрежеге ие түсіндіруші дәлел ғана шектей алады. Ал ижтиһадқа тәуелді хабар кесімді дәлелдің үкімін шектей алмайды. Ал басқаларда жол беріледі, өйткені оларда хадис тізбегінің сахих болуы жеткілікті. Бірақ бұл бүкіл ғұламалар бірауыздан келіскен ижмағ емес. Ижтиһадқа тәуелді хадис сахих болса, сахихтығы тізбегіне ғана кепілдік береді де мутауатир сүннеттің мәтініне теңелмейді.

Мысалы: Әбу Дәуд «Сунанында»: Аллаһ елшісінің:

«Аллаһтың есімін атамай дәрет алған кісінің дәреті жоқ», – деген хадисін риуаят еткен. Мухаддистердің ижтиһадында бұл хадиске әлсіз және хасан деген екі түрлі дәреже берілген. Ғұламалардың көпшілігінің көзқарасында бұндай мағынада жеткен хадистердің мағынасы дәреттің дұрыстығын емес, кемелдігін кем қылады. Өйткені дәретке қатысты аятта бұл амал бұйырылмаған. Аят парыз етіп тұрған амалдарға қосымша парыз тек кесімді дәлелмен ғана қосыла алады. Ал бұл хадис дәлел бола алмайды. Осындай бейнеде айтылған хадистердің қатарына Даракутныйдың «Сунанында» Пайғамбардан:

«Мешітке көрші тұрған кісінің мешіттен басқа жердегі намазы жоқ», – деп риуаят етілген хабар да жатады.

Сондықтан мұндай хабарлар міндетті үкімдерді белгілеуде кесімді дәлелге жатпайды да оның бұйрығы – парыздығы ықтимал уәжіпті, ал тыйымы – харамдығы ықтимал мәкрүһті білдіреді. Басқа мәзһабтарда парыз бен уәжіп бір мәртебеде қарастырылады. Дегенмен біздегі секілді ханбали мәзһабында да намаздың міндетті амалдары ішкі парыздарға және уәжіптерге бөлінеді. Оларда да уәжіптер ұмыт қалса, орнын сәһу сәждесі толықтырады.

«Тадрииб ар-Раауи фи Шарх Тақрииб ан-Науаауи» кітабының (1/75) ас-Суютый былай деген: «Мынау хадис сахих деген сөздің мағынасы – тек иснадының қажетті шарттармен жалғасқанын ғана білдіреді. Иснады тұрғысынан оны амалға қабылдаймыз. Алайда болмысы тұрғысынан кесімді

деген мағынаны білдірмейді, өйткені риуаят етуші қандай сенімді болса да, мәтінде қате жіберуі не ұмытуы мүмкін».

«Шарх ат-Табсирати уа ат-Тәзкира» кітабының (1/38) әл-Хаафиз әл-Ираақи: «Хадис ғұламаларының: «Мына хадис – сахих», – деген сөздерінен иснад тұрғысынан амал үшін сахих екендігі көзделеді. Алайда болмысы тұрғысынан сахих деген кесімділікті білдірмейді. Өйткені сенімді риуаят етуші де мәтінде қате жіберуі не ұмытуы мүмкін. Ілім иелерінің көпшілігі ұстанған дұрыс көзқарас – осы. Сондай-ақ хадис ғұламалары: «Мына хадис – әлсіз», – десе, иснады тұрғысынан қажетті шарттардың табылмауы ғана көзделеді. Алайда болмысы тұрғысынан жалған деген кесімділікті білдірмейді. Өйткені әдетінде өтірігі бар риуаят етуші хадисті рас айтуы да мүмкін», – деген.

Екіншіден, сүннеттен дәлел. Бұхари «Сахихында»: Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) былай деп риуаят еткен: Аллаһтың елшісі мешітке кіргенде бір кісі де кіріп намаз оқыды. Сосын Пайғамбарға сәлем берді. Пайғамбар сәлеміне жауап берді де: «Бар да намазды қайта оқы! Сен намаз оқымадың!», – деді. Ол қайта барып сол әуелгі намазындай намаз оқыды. Сосын Пайғамбарға келіп сәлем тіледі. Пайғамбар оған: «Бар да намазды қайта оқы! Сен намаз оқымадың!», – деді. Осылай үш мәрте қайталанды. Әлгі кісі: «Сені шындықпен жіберген Аллаһпен ант етемін, бұдан жақсырақ істей алмаймын. Мені үйретіңіз!», – деді. Пайғамбар: **«Намазға тұрған кезінде тәкбір айт! Сосын жадындағы Құраннан жеңіл болғанын оқы! Сосын рүкүғ жаса да рүкүғ күйінде жайлан! Сосын белінді көтер де түзел! Сосын сәжде жаса да сәжде күйінде жайлан! Сосын басыңды көтер де отырып жайлан! Барлық намазыңда осылай істе!»,** – деген.

Бұл хадиске келсек, егер «әл-Фатиха» сүресін оқу намаздың ішкі парызы саналса, Пайғамбар оған оның парыз екенін де арнайы білдіріп үйретер еді, өйткені бұл сәтте Пайғамбар әлгі кісіге намаздың дұрыстығы үшін қажетті негіздерді үйрету үстінде еді. Оның тәлімі барысында «әл-Фатиханы» арнайы атамауы намазда әл-Фатиханың емес, жалпы қирағаттың парыз екенін ғана айқындайды.

Үшіншіден, «әл-Фатиха оқылмайтын намаз жоқ. Ондай намаз кем болады» деген сахих хадис бізде **«Сосын жадындағы Құраннан жеңіл болғанын оқы!»** деген сахих хадистің негізінде намаздың дұрыстығын емес, кемелдігін ғана кем қылады. Сондай-ақ Әбу Дәуд «Сунанында» Рифаа'а ибн Роофи'тан мынандай сахих хадисті риуаят еткен: «Аллаһ елшісі: **«Аллаһ тағала бұйырғандай дәрет ал! Сосын куәлік сөздерін айт! Сөйтіп намазға тұр! Сосын тәкбір айт! Егер Құраннан жадында жаттағаның болса, оны оқы, әйтпесе, Аллаһты мадақта, тәкбірмен ұлықта және таухид сөздерін айт!»,** – деді деген. Тағы бір сөзінде: **«Бұдан бір нәрсе кемітсең, намазыңды кем қылған боласың»,** – деген.

Сол себептен әл-Фатиханың оқылу үкімі бізде – уәжіп. Мысалы, бізде үтір намазын тастамағандай, әл-Фатиханы оқуды да намазда ешкім тастамайды. Өйткені оның артықшылығы баршаға белгілі:

Мүслим және ан-Наса'и – Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын): **Жебірейіл періште пайғамбардың қасында отырған кезде жоғарыдан ашылған есіктің даусын естіді. Басын көтеріп: «Бұл көктегі бір есік. Бүгін ашылды. Бүгінге дейін мүлде ашылмаған еді», – деді. Ол есіктен бір періште түсті. Жебірейіл: «Бұл – жерге түскен періште. Ол бүгінге дейін ешқашан жерге түспеген», – деді. Ол сәлем берді де: «Өзіңе берілген екі нұрмен сүйіншілен. Ол екеуі сенен бұрын өткен ешбір пайғамбарға берілмеген. Фатихату әл-Китаб және әл-Бақара сүресінің соңғы аяттары. Ол екеуінен қай харфты оқысаң болғаны, саған берілмей қоймайды», – деген.**

Бұл хадистегі: **«Ол екеуінен болған харфты оқысаң болғаны, саған берілмей қоймайды»,** – деген сөйлемнің мағынасын әс-Синди: «Ол екеуінде келген дұғаны оқысаң болғаны, жауабы саған берілмей қоймайды, яғни дұғада қамтылған тілек саған берілмей қоймайды. Бұл үміт пайғамбарды ғана дараламай, үмбетін де жалпылайды», – деп түсіндірген.

Сондай-ақ Әбу Дәуд «Сунанында» Пайғамбардың мынандай құдси хадисін риуаят еткен. «Аллаһ тағала: **«Мен намазды Мені мен құлымның арасына екі жартыға бөлдім. Жартысы – Маған, жартысы – құлыма және құлыма сұрағаны беріледі.** Аллаһтың елшісі: «Оқыңдар!», – деді. Құл: **«Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән»** дегенде Аллаһ тағала: **«Құлым Мені мақтады ғой»,** – дейді. Құл: **«Рахманға әрі Рахимге»,** – дегенде Аллаһ тағала: **«Құлым мені дәріптеді ғой»,** – дейді. Құл: **«Есеп күнінің Иесі»,** – дегенде Аллаһ Тағала: **«Құлым Мені даңқтады ғой»,** – дейді. Құл: **«Саған ғана құлшылық қыламыз әрі Сенен ғана жәрдем сұраймыз»,** – дегенде Аллаһ Тағала: **«Бұл аят Мені мен құлымның арамызда, және құлыма сұрағаны беріледі»,** – дейді. Құл: **«Бізді тура жолға қарата көр. Нығметіңе бөлеген құлдарыңның жолына, қаһарға ұшырамаған әрі адаспаған құлдарыңның жолына»,** – дегенде Аллаһ Тағала: **«Бұл аяттар құлым үшін және құлыма сұрағаны беріледі»,** – дейді деген⁴⁵.

Екінші мәселе әл-Фатиханың соңында «әминді» айту.

Әбу Дәудтің «Сахихында»: Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің: **«Имам «ғойрил-мағдууби алайһим уа ләә-д-дооллин»** дегенде сендер «әмин» деңдер! Кімнің бұлай деуі періштелердің де солай деуіне тура келсе, өткен күнәлары кешіріледі», – деп айтқанын риуаят етілген.

⁴⁵ «Сунан Әби Дәуд»: 1/301. Дәрежесі: сахих.

Бұхари «Сахихында»: Әбу Мусадан (Аллаһ оған разы болсын) былай деп риуаят еткен: «Аллаһтың елшісі бізге құтба айтып, сүннетімізді баяндаған. Намазымызды үйретіп: **«Намаз оқыған кездерінде сапқа тұрындар! Сосын біреулерің имам болсын! Ол тәкбір айтқанда тәкбір айтындар! Ол «ғойрил-мағдууби алайһим уа ләә-д-дооллиин» дегенде сендер «әәмиин» деңдер! Аллаһ сендерге жауап береді. Тәкбір айтқанда және рүкүғ қылғанда сендер де тәкбір айтып, рүкүғ қылындар! Имам сендерден бұрын бел бүгеді және сендерден бұрын көтеріледі»,** – деген.

Енді «Әминнің» айтылу бейнесіне қатысты сөйлеген хадистерге назар аударайық:

Әбу Дәудтің «Сахихында»: Суфияннан жеткен риуаятта Уәйіл ибн Хужр (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісінің артында тұрып намаз оқыдым. Намазды ашқанда тәкбір айтып қолдарын құлақтары деңгейінде көтерді. Сосын әл-Фатиханы оқып аяқтағанда әәмиинді көтеріңкі дауыспен айтты»;**

Әбу Дәудтің «Сахихында» тағы Шу`бадан жеткен риуаятта Уәйіл (Аллаһ оған разы болсын): **«Ол Пайғамбармен бірге намаз оқығанын, «ғойрил-мағдууби алайһим уа ләә-д-дооллиин» дегенде әәмиинді төмен дауыспен айтты»,** – деген.

Дарақутныйдың сахих риуаятында: Суфияннан жеткен риуаятта Уәйіл (Аллаһ оған разы болсын): **«Пайғамбардың «ғойрил-мағдууби алайһим уа ләә-д-дооллиин» дегенде әәмиинді созғанын естідім»,** – деген.

Имам Ахмадтың «Муснадында»: Шу`бадан жеткен риуаятта Уәйіл (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһтың елшісі бізбен бірге намаз оқып, «ғойрил-мағдууби алайһим уа ләә-д-дооллиин» дегенде әәмиинді жасырын айтты»,** – деген.

Аталмыш хадистерге байланысты төрт мәзһабтағы фикһи көзқарастардың қайшылығы:

Бірінші ижтиһад: Ахмад пен аш-Шафиғи Суфиянның риуаятын Шу`баның риуаятының алдына шығарады. Өйткені мухаддистердегі қағида: Уәйілге көтерілген тізбекте Суфиянның риуаяты Шу`баның риуаятынан күштірек және сенімдірек саналады. Сөйтіп «көтеріңкі дауыспен айтты» деген риуаятты сүннетке қабылдайды. Сондай-ақ оларда бұл хабардың тізбегі сахих болса жеткілікті, бір-екілі кісіден жеткендігі маңызға алынбайды. Бұл шафиғилер мен ханбалилердің көзқарасы. Алайда шафиғилерде имам әминді айтса, ұюшылар жасырын айтады. Ал ханбалилерде имам да, ұюшы да, жеке оқушы да әминді дауыстап айтады.

Екінші ижтиһад: Әминді жасырын айту сүннет. Бізде имамға да, ұюшыға да, жеке оқушыға да жасырын айту сүннет. Мәликилерде имамға дауыстап айту, ал ұюшы мен жеке оқушыға жасырын айту сүннет. Бізде және мәликилердің усули ғұламаларынан болған Ибн әл-Хажибтің және Ибн Арафаның көзқарастарында имамға да, ұюшыға да, жалғыз оқушыға да әминді жасырын айту сүннет саналуы баршаға әйгілі риуаяттағы Әбу Мусаның (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһтың елшісі бізге құтба айтып, сүннетімізді баяндаған. Намазымызды үйретіп: **«Намаз оқыған кездерінде сапқа тұрындар! Сосын біреулерің имам болсын! Ол тәкбір айтқанда тәкбір айтындар! Ол «ғойрил-мағдууби алайһим уа ләә-д-дооллиин» дегенде сендер «әәмиин» деңдер! Аллаһ сендерге жауап береді. Тәкбір айтқанда және рүкүғ қылғанда сендер де тәкбір айтып, рүкүғ қылындар! Имам сендерден бұрын бел бүгеді және сендерден бұрын көтеріледі»,** – деді деп айтқан хадиске негізделген. бұл хадисті Муслим «Сахихында» риуаят еткен.

Жамағаттың әмин айту бейнесіне қатысты да ижтиһад екі түрлі бағыт алған:

Бірінші ижтиһад: Атодан жеткен риуаятта: **«Әмин – дұға. Ибн аз-Зубайр және оның артында тұрғандар әминді айтқанда мешіт гүілдеп кетті»,** – деген. Бұл риуаятты Ибн Хажар «Тағлиқ ат-Та`лиқ `ала Сахих әл-Бухари» кітабында келтірген. Бұл хадисті имам аш-Шафиғи Муслим ибн Холидтан – Ибн Журайждан – Ато ибн ар-Робаахтан риуаят еткен. аш-Шафиғидің өзі оның сахих екеніне қанағаттанғаны күмәнды мәселе. Өйткені ол «әл-Умм» (1/95) кітабында басқаша сөйлеген. Ол онда: «Имам әл-Фатиханы аяқтағанда көтеріңкі дауыспен әмин дейді. Оған ұйып тұрғандар имамның әмин айтқанда іштерінен айтады. Олардың дауыстып айтқандарын ұнамды көрмеймін», – деген. Егерде аш-Шафиғи бұл хабарды бекем көргенде ондағы талапқа қайшы амалды ұнатуы мүмкін емес еді. Алайда бұл хадистегі сөзді әл-Бухари «ас-Сахихында» қосымша ретінде келтіргені үшін кейбір мухаддистер оны сахих деп қабылдауға ауған.

Екінші ижтиһад: Бізде және мәликилерде бұл хабар әлсіз не сахих болуы ықпал жасамайды. Өйткені ол бір-екілі кісіден ғана жеткен. Мұндай хабар қабылдануы үшін бізде және мәликилерде мутауатир хабардың дәлелдік мағынасына, сондай-ақ мәликилерде тағы мединалықтардың амалына қайшы келмеуі шарт. Аллаһ тағала Құранда: **«Раббыларыңа жалынып және жасырын жалбарынындар! Расында, Ол шектен шығушыларды ұнатпайды»,** – деген аяты алға шығады. Шейх Мухаммад әл-Мухтаар аш-Шанқиитый «Әдуаа әл-Баянында»: «Имам Мәлик кейбір жағдайларда Құранның шартсыз және жалпылаушы мағынасын ахад хабарлардың алдына шығарған. Өйткені сүннеттің дәлелдік мағынасы айқын болса да, бәрібір, Құран жету тізбегі тұрғысынан одан күштірек саналады. Бұл аяттың жалпы мағынасы «әминді дауыстап айтуға» қатысты хадистердің

алдына шығады. Өйткені «әминді айту» – дұға. Ал аталмыш аятта дұғаны жасырын айту бұйырылған», – деген.

Ал хадистерге сахих не әлсіз деген дәрежелердің берілуі – олардың мағыналарына емес, тізбектерімен ғана байланысты ижтиһадқа тәуелді мәселе. Сол себептен әл-Хаафиз әл-Ираақи: «Хадис ғұламаларының: «Мына хадис – сахих», – деген сөздерінен иснад тұрғысынан амал үшін сахих екендігі көзделеді. Алайда болмысы тұрғысынан сахих деген кесімділікті білдірмейді. Өйткені сенімді риуаят етуші де мәтінде қате жіберуі не ұмытуы мүмкін. Ілім иелерінің көпшілігі ұстанған дұрыс көзқарас – осы. Сондай-ақ хадис ғұламалары: «Мына хадис – әлсіз», – десе, иснады тұрғысынан қажетті шарттардың табылмауы ғана көзделеді. Алайда болмысы тұрғысынан жалған деген кесімділікті білдірмейді. Өйткені әдетінде өтірігі бар риуаят етуші хадисті рас айтуы да мүмкін», – деген.

Үшінші мәселе: Сәждеге бару бейнесі

Сәждеде жерге алдымен екі тізе, сосын екі қол, сосын маңдай, сосын мұрын қойылады.

Жалпы, сәждеге бару бейнесіне қатысты төрт мәзһаб ғұламаларының пікірлері қайшылық тапқан. Олар дәлелге алған негізгі екі хадиске тоқталайық:

Біріншісі: Уәйіл ибн Хужр (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісінің сәжде жасағанында қолдарынан бұрын тізелерін қойғанын және сәждеден көтерілгенде тізелерінен бұрын қолдарын көтергенін көрдім»**, – деген. Кейбір мухаддистер бұл хадистің тізбегін әлсізге шығарса да, ат-Тирмизи «Сунанында» оған хасан деген баға берген және: «Көпшілік ғылым иелерінің амалы осыған негізделген», – деп айтқан. Мухаддис әрі фақиһ әл-Хитооби «Мааалим ас-Сунанында»: «Уәйілдің хадисі Әбу Һурайраның хадисінен сенімдірек, кейбір ғұламалар оның үкімі жойылғанын айтқан», – деген.

Екіншісі: Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің: **«Біреулерің сәжде жасағанда түйе шөккендей шөкпесін, тізелерінен бұрын қолдарын қойсын!»**, – деп айтқанын риуаят еткен. Бұл хадистің тізбегін кейбір мухаддистер сахих деп бағалаған. Ал имам әл-Бухари оның тізбегіндегі Мухаммад ибн Абдулла ибн Хасан есімді жеткізушіге қатысты: «Ол Әби аз-Зинадтан естігенін, естімегенін білмеймін», – десе, ат-Тирмизи: «Әби аз-Зинадтан тек осы жолмен жеткен, ғарииб (бір кісіден ғана жеткен) хадис», ал ад-Дарақутный: «Мухаммад ибн Абдулла ибн Хасаннан тек Абдулазиз жеткізген», – деген.

Хадистердің соқтығысуынан тараған көзқарастар:

Бірінші мәзһаб. Уәйілдің хадисін Әбу Һурайраның хадисінің алдына шығарып, қолдан бұрын тізені қою амалын мустахаб деген пікірді ұстанушылар. Бұл – біздің мәзһабтың, Омар ибн әл-Хоттабтың, Абдулла ибн Масғудтың, Ибн Омардың (бір риуаятында), Ибраһим ан-Нахо`идің, Муслим ибн Йасаардың, Суфиян ас-Сәуридің, аш-Шафиғидің, имам Ахмадтың (бір риуаятында), Исхақ ибн Роһауайһидің, Ибн Қоййимнің көзқарастары. Сондай-ақ олар Хакимнің «Мустадракында» Анас ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісінің тәкбір айтқанда бас бармақтарының құлақтарына жанағанын, сосын рүкуғ жасағанда барлық буындарының жайланғанын және тәкбірмен сәждеге жығылғанын, қолдарынан бұрын тізелерінің озғанын көрдім»**, – деген және Тохаауидің «Шарх Мағани әл-Әсарындағы» Абдулла ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) серіктері `Алқама мен әл-Әсуадтың: **«Омардың (Аллаһ оған разы болсын) намазынан сақтап қалған амалымыз: Ол рүкуғтан кейін түйе шөккендей екі тізесіне жығылып, қолдарынан бұрын тізелерін қойған»**, – деген сахих риуаяттарымен қуаттаған.

Ибн Қоййим әл-Жаузия «Заад әл-Мағадында»: **«Біреулерің сәжде жасағанда түйе шөккендей шөкпесін, тізелерінен бұрын қолдарын қойсын!»**, – деген хадистің «**түйе шөккендей шөкпесін**» деген басы «**тізелерінен бұрын қолдарын қойсын**» деген соңына қайшы келеді. Өйткені сәжде жасаушы тізелерінен бұрын қолдарын қойса, түйе шөккендей жығылған болады. Себебі түйе алдымен қолдарын түсіреді. Бұл хадиске ергендер түйенің тізелері аяқтарында емес, қолдарында деген көзқарасты айтқан. Алайда бұл көзқарас бірнеше тұрғыдан жарамсыз саналады. Біріншіден, түйе шөккенде, алдымен, қолдарын қойып, бұл кезде аяқтары тік тұрады. Ал көтерілгенде, алдымен, аяқтарын көтеріп, бұл кезде қолдары жерде болады. Аллаһ елшісінің тыйым салған бейнесі – осы. Сәждеге жығылуда кісінің қай мүшесі жерге жақынырақ болса, жерге әуелі соны түсіреді. Сол секілді сәждеден көтерілгенде жерден қайсысы алыс болса, жерден әуелі соны көтереді. Яғни жерге, алдымен тізелерін, сосын қолдарын, сосын маңдайын қояды. Ал көтерілгенде, алдымен басын, сосын қолдарын, сосын тізелерін көтереді. Міне, түйенің шөгісіне қайшы бейне – осы», – деп түсіндірген.

Екінші мәзһаб. Әбу Һурайраның хадисін Уәйілдің хадисінің алдына шығарып, тізеден бұрын қолды қою амалын мустахаб деген пікірді ұстанушылар. Олар Әбу Һурайраның риуаятын тізбегі мен мағынасын да сахих деп түсінген. Сондай-ақ оны Ибн Омардан жеткен тізбегі сахих хабармен қуаттаған. Бұл – әл-Әуза`идің, Мәликтің, Ахмадтың (бір риуаятында), көпшілік мухаддистердің көзқарасы.

Екінші мәзһабтағы бейне бізде, шафиғилерде және ханбалилерде аяғы мен тізесінде ауруы бар, сондай-ақ салмағы ауыр кісілерге қатысты ұстанылады.

16. Кейбір фикһи мәселелердің ханафи мәзһабындағы үкімдері.

Төртінші мәселе: Тахрим тәкбіріне қол көтерілгенде қадағаланатын сүннеттер:

- Ер кісіге екі қолын құлақтарына жақын көтеру. Муслимның «Сахихында»: Мәлик ибн әл-Хуайрис (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһтың елшісі тәкбір айтқанда екі қолын екі құлағына қарама-қатар көтеруші еді»,** – деген.

Тағы бір риуаятта Уәйіл ибн Хужр: **«Мединға келгенде: «Әлбетте, Аллаһ елшісінің намазына назар аударамын», – дедім. Сөйтіп екі бас бармағының екі құлағына жақын көтерілгенін көрдім»,** – деген. Бұл Ибн Мажаның «Сунанында» риуаят етілген сахих хадис.

Абдулжаббар ибн Уәйіл әкесінен (Аллаһ оған разы болсын): **«Ол Пайғамбардың намазды ашқанда екі қолын көтергенде екі бас бармағы екі құлағының сырғалығына қарама-қатар жақын тұрған»,** – деген. Бұл хадисті ан-Насаи «ас-Сунан әл-Кубросында» риуаят етіп, сахих деген.

- Осындай мағынада жеткен хадистердің негізінде ханафи мәзһабында тахрим тәкбірі кезінде екі қол құлақ деңгейінде көтеріліп, бас бармақтар құлақ сырғалықтарына тигізіледі. Бас бармақты құлақ сырғалығына тигізу себебін ханафи ғұламалары қол мен құлақтың қарама-қатар тұруының нақты жүзеге асқанына сенімді болу үшін деп түсіндірген⁴⁶.

- Жалпы, сүннетте Пайғамбарымыздың тахрим тәкбірінде **қолдарын құлақтарының деңгейінде, құлақ сырғалығына жақын, құлақтарынан жоғары деңгейде, иықтарының деңгейінде және кеуде тұсына жақын** көтерген деген әртүрлі риуаяттар жеткен. Бұның бәрі сүннеттің кеңдігін білдіретін, сонау замандардан бері сақталып келген мәшһүр хабарлар. Шафиғи мен мәлики мәзһабтары **иықтардың деңгейінде** деген риуаятты алса, ханбалилер **құлақтардың деңгейінде мен иықтардың деңгейінде** деген екі риуаяттың бірін кісінің өз таңдауына қалдырған.

- Әйел кісі намаздың кейбір амалдарында ер кісіге ұқсамайды. Намазының ер кісінің намазына ұқсатпайтын негізгі себеп – көбіне оның көзден таса болу және көзге еленбеу табиғатына ие болуы. Ибн Хозиманың «Сахихында»: Ибн Масғуд пен Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің: **«Әйел кісіге тән намаздың Аллаһқа ең сүйіктісі – үйінің мүлде жарық түспейтін бөлігінде оқығаны»,** – деді дегенін риуаят еткен⁴⁷. Пайғамбар әйел кісі үшін бұл хадисте мешіттегі намазынан үйіндегі намазы артық деген мағынамен шектемей, тіпті өз үйінің ең қараңғы бөлігінде оқығаны артық екенін ерекше асыра айтуда. Әрі әйел затының бой

⁴⁶ «ад-Дурр әл-Мухтар»: 1/520., «Хашия ат-Тахтауи 'ала әл-Мурақи»: 1/186.

⁴⁷ «Сахих ибн Хозиима»: 3/96. Ибн Хозиима сахих десе, басқа мухаддистер хасан деген.

тасалауында тек ер кісілердің көңілдерін алаңдатпауы ғана емес, сонымен қатар өзінің рухани дүниесін Раббысынан ерекше дәрежеде ұялу сипатымен әсемдеуі де көзделеді. Артық ұят жақсылықты ғана арттырады. Бұхаридың «Сахихында»: Пайғамбарымыз: **«Ұят тек жақсылықты әкеле береді»**, – деген.

Сол себептен әйел кісі қолдарын кеуде тұсына не иықтарына жақын көтереді. Бұлай істеуі – бөтен көздерге елеусіз болуы үшін. Сондай-ақ ер кісіге қолдарының басын жеңінен шығарып көтеруі мустахаб болса, әйел кісі қолының білезіктен асқан бөлігі ашылып қалмас үшін, кеуде тұсына ғана көтеріп, жеңінен шығармауы арқылы бой тасалануы жүзеге асады. Мухаддистер тізбегін әлсізге шығарса да, Уәйіл ибн Хужрдың (Аллаһ оған разы болсын): Аллаһ елшісі маған: **«Ей, Уәйіл ибн Хужр! Намаз оқығаныңда қолдарыңды құлақтарыңа көтер! Ал әйел кісі қолдарын омырауына көтереді»**, – деген хадисі бізде дәлелге алынады. Хадисті ат-Тобароони риуаят еткен. әл-Һайсами: «Тізбектегі Умму Йахйя бинт Абдулжаббардан басқа жеткізушілері сенімді», – деген. Умму Йахйяның әлсіздігі – оның жағдайының белгісіз болуымен ғана байланысты. Мухаддистерде оның сенімділігін растайтын да теріске шығаратын да мағлұмат жоқ. Бәрімізге белгілісі, риуаят ілімінде мұндай жағдайдағы жеткізуші тізбектің әлсіреуіне себеп болады. Сол себептен мухаддистер хадистің тізбегін әлсізге шығарған. Біздің мәзһабта оның тізбегін сахих дәрежесіне шығарып таласқан ешкім жоқ. Бірақ мағынасын қуаттайтын басқа да хабарлар жеткендіктен дәлелдік күшке иеленген. Мысалы, Ибн Әбу Шайба өзінің «Мусаннафында» Умму ад-Дарданың (Аллаһ оған разы болсын) қолдарын иықтарына жақын көтергенін, аз-Зухриден: «Әйел кісі қолдарын иықтарының деңгейінде көтереді», – дегенін, Ата ибн Әбу Рабах пен Хаммад ибн Әбу Сулайманның: «Әйел кісі намазда екі қолын омырауына жақын көтереді», – деп айтқанын, сондай-ақ Хафса бинт Сирин намазда екі қолын омырауына жақын көтергендігін риуаят еткен.

- Тәкбірді қол көтерген соң айту. Уәйіл ибн Хужр: **«Аллаһ елшісінің артында намаз оқыдым. Ол намазға кіргенде екі қолын көтерді және тәкбір айтты»**, – деген. Бұл хадисті Ибн Хиббан «Сахихында» риуаят еткен.

- Қолды тахрим тәкбірінде ғана көтеру. Сондай-ақ бұл Суфиян ас-Сәуридің, Ибн Әбу Ләйланың, Ибраһим ан-Нахо`идің және имам Мәликтің мәшһүр көзқарасы. Ал шафиғилер мен ханбалилерде көптеген хадистердің негізінде тахрим тәкбірімен қатар рүкүғқа барарда және рүкүғтан көтерілгенде қол көтеру сүннет саналады. Қолды тахрим тәкбірінде ғана көтеруге негіз болған дәлелдер: `Алқаманың риуаят еткен хабарында: Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): **«Мен сендермен намазды Аллаһ елшісінің намазындай оқымаймын ба?»**, – деген. Сөйтіп, намаз оқыды да **екі қолын бір ғана мәрте көтерген**», – деп айтқан. Бұл хабарды Әбу Дәуд, Тирмизи және Насаилер риуаят еткен және дәрежесі сахих.

Ат-Тохаауи мен Әбу Бәкір ибн Шайба жеткізген хабарда `Аасим ибн Калибтің әкесі Әлидің (Аллаһ оған разы болсын) намаздың әуелгі тәкбірінде қол көтеріп, сосын басқа мәрте көтермегінін риуаят еткен. Бұл хабардың иснады Муслимнің шарты бойынша сахих.

Бесінші мәселе: Қиямда қол байлау бейнесі

Оң қолды сол қолдың үстіне қою турасында Қобисо ибн Һулб әкесінен (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһтың елшісі ﷺ бізге имам болғанда сол қолын оң қолымен ұстаушы еді»**, – деген. Хадисті Тирмизи жеткізген және дәрежесін хасан деген.

Енді қол ұсталатын орынды сөйлеген хадистерге назар аударайық:

Му,малдан жеткен риуаятта Уәйіл Ибн Хужр (Аллаһ оған разы болсын): **«Пайғамбармен бірге намаз оқыдым. Ол оң қолын сол қолының үстіне кеудесіне қойған»**, – деген. Уәйіл Ибн Хужрдың осы тақырыпқа сөйлеген сахих хадистерінің барлығында **«кеудесіне қойған»** деген сөз мүлде айтылмаған және олардың тізбегінде Му,мал деген риуаят етуші жоқ. Ал бұл хадистің тізбегіндегі Му,малға қатысты Ибн Хажар «ат-Таһзибында»: әл-Бұхаридің: «Му,мал – хадисі теріске шығарылатын жеткізуші», – дегенін келтірген. ад-Дарақутный: «Сенімді, бірақ көп қате жібереді», тағы бір сөзінде: «Шыншыл, жаттау қабілеті әлсіз», – деген. Сондай-ақ кейінгілерден Әлбани да тізбегін әлсіз деген. Өйткені Му`малдың жаттау қабілеті әлсіз. Бұл хадистегі **«кеудесінің үстіне»** деген сөз мухаддистерде зияда яғни Мумалдың **қосып айтқан сөзі** саналады. Сондықтан **«кеудесінің үстіне»** деген сөз кесімді сүннетті білдірмейді.

Кулайбтан жеткен риуаятта Уәйіл Ибн Хужр (Аллаһ оған разы болсын) ұзын хадисінің ортасында: **«Пайғамбар оң қолын сол қолының басының, білезігінің және білегінің үстіне қойды»**, – деген. Бұл хадистің тізбегі сахих. Шафиғилерде тек осы хадиске амал етіледі. Ханбалилер осыны және **«кіндік астына»** деген хадисті бірдей ұстанып, ешқайсысына басымдық бермейді, намаз оқушының өз таңдауына қалдырады.

Әбу Жухайфадан жеткен риуаятта Әли (Аллаһ оған разы болсын): **«Намазда қолдың басын қолдың басына қойып кіндік астына ұстау – сүннет»**, – деген. Әбу Уәйілден жеткен риуаятта Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): **«Намазда оң қолдың басы сол қолдың басына қойылып кіндік астына ұсталады»**, – деген. Біздегі қол байлау бейнесі осы екі хадиске негізделген. Неліктен?

Біріншіден, Әлидің (Аллаһ оған разы болсын) хадисі көпшілік ғұламаларда мәшһүр дәрежеде қабылданған. Бұл хадисті имам Ахмад риуаят етіп, тізбегін әлсізге шығарған. Ал мағынасына байланысты оған амал етуді өз мәзһабында теріске шығармаған. Имам Ахмад бұл хабарлардың біріне басымдық бермей, намаз оқушының өз таңдауына қалдырған. Сол себептен ханбали мәзһабында **«кіндік үстіне»** және **«кеуде тұсына»** деген сахих

хабармен қатар «**кіндік астына**» деген әлсіз хабарға да амал етіліп, мәзһабтағы ең кең тараған ұстанамдары – Әлиден жеткен «**кіндік астына**» деген риуаятқа негізделген.

Екіншіден, фақиһ дәрежедегі сахабаның пәтуасы шариғи дәлел саналады. Бізде және ханбалилелерде фақиһ сахабаның хабарында: «**Мына амал сүннеттен**», – деген мағынада келсе, сүннет дәрежесіне көтеріледі. Ижтиһадтағы мұндай ұстанымдар фақиһтардың мухаддистерден ерекшелігін аңғартады.

Сіздерден біреу қажылық не басқа да сапар түрлерімен араб елдеріне барып қалса, намаз кезінде қол ұсталатын орынның әртүрлі бейнелерін көруі мүмкін. Олардың барлығы **хадистерден тараған көзқарастар қайшылығы.**

Соларға назар аударыйық:

Бірінші мәзһаб: **Кіндік астына ұстау.**

Бұл Әбу Һурайраның, Анас ибн Мәликтің, Әли ибн Әби Толибтің (Аллаһ оларға разы болсын) мәзһабтары. Кейінгілерден: имам Әбу Ханифа, имам Ахмадтың бір риуаяты, Суфиян ас-Сәури, Исхақ ибн Роһауайһи, Әбу Исхақ (шафиғи), Әбу Мужлиз және ан-Нахоо`илердің ұстанымдары.

Екінші мәзһаб: **Кіндік үстіне және кеудеден төмен ұстау.**

Бұл – имам ан-Науауидің айтуынша Әлидің бір риуаятында, сондай-ақ имам ан-Науауидің өзінде, имам аш-Шафиғидің, имам Мәликтің бір риуаятындағы және имам Ахмадтың екінші риуаятындағы көзқарас. Сондай-ақ имам Ахмадтан қолдың кеудеге қойылуын мәкрүһ көргені риуаят етілген.

Үшінші мәзһаб: **Кіндік үстіне не кіндік астына. Екеуінің біріне басымдылық берілмейді.**

Бұл – имам Ахмадтың үшінші риуаяты, әл-Әуза`идің, Атоның, Ибн әл-Мунзирдің көзқарастары.

Төртінші мәзһаб: **Қолды байламастан бос қоя беру.**

Бұл – Ибн әл-Мунзирдің айтуынша: Ибн аз-Зубайрдың, Хасан әл-Басридің, ан-Нахо`идің көзқарастары және Ибн Сиринің бір риуаяты. Сондай-ақ мәлики мәзһабының кең тараған көзқарасы.

Бесінші мәзһаб: **Кеудеге.**

Әл-Қуртуби бұл көзқарасты Әлиге байланыстырған, алайда Әлидің олай істегенін растайтын хабар жоқ. Әлбани бұны Исхақ ибн Роһауайһиге байланыстырған, алайда Исхақтың солай дегенін растайтын хабар жоқ. Сондай-ақ кейінгі ғұламалар ішініде ас-Сон`анидің, әл-Мубаракфуридің және аш-Шауканидің **кеудеге қою** деген көзқарастары Му`малдың хадистегі **қосып айтқан сөзін** дәлелге алғандығымен байланысты. Ал Исхақ ибн Роһауайһи былай деген: «Кіндік астына деген көзқарас – хадистегі ең күшті мағына және қарапайымдылыққа ең жақын ұстаным».

Алтыншы мәселе: Жұма намазы алдында және соңында төрт рәкағат сүннет оқу.

Бұл төрт рәкағат бекітілген сүннет саналады. Наафи`: **«Ибн Омар (Аллаһ оған разы болсын) жұманың алдында намазды ұзақ оқитын және жұмадан кейін үйінде екі рәкағат оқитын. Сондай-ақ Аллаһтың елшісі осылай істейтін деп айтты»**, – деген. Бұл хадисті Әбу Дәуд «Сунанында» риуаят еткен және дәрежесі сахих. Ибн Омардың бұл хабардағы **«Аллаһтың елшісі осылай істейтін»** деген сөзі жұманың алдында және кейін намаз оқудың сүннет екенін білдіреді. Ибн Ражаб «Фатх әл-Бариында»: **«Бұл хабардың мәтіні жұманың алдындағы және кейінгі намаздың Пайғамбарға көтерілетінін білдіреді»**, – деген. Сондай-ақ Әбу Йәъла «Муснадында» сахих тізбекпен Әбу Һурайра мен Жәбирден (Аллаһ оларға разы болсын): **«Аллаһтың елшісі жұма күні құтба айтып тұрғанда Сулайк әл-Ғатафани келді. Аллаһтың елшісі одан: «Келер алдында намаз оқыдың ба?»**, – деп сұрады. Ол: **«Жоқ»**, – деп жауап берді. Пайғамбар оған: **«Екі рәкағат оқы да ол екеуін жеңілдет»**, – деді деп айтқан. Ибн әл-Қаййим «Зад әл-Ма’адында» жеткізушілері сенімді деген. Және Әбу әл-Баракат ибн Таймия: **«Пайғамбардың: «Келер алдында намаз оқыдың ба?»**, – деген сөзі ол екі рәкағаттың мешітке сәлем намазы емес, жұманың сүннеті екенін білдіреді», – деген.

Ибн Мажа «Сунанында»: Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһтың елшісі жұманың алдында төрт рәкағат оқитын және рәкағаттардың арасын бөлмейтін»**, – деген. Бұл хадисті мухаддис ғұламалар әлсізге шығарған. Ал бізде және көптеген ғұламалардың ұстанымында бұл хадис дәлелге алынады. Өйткені Ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) амалы осы мәтінді қуаттаған. ат-Тирмизи «Сунанында»: **«Абдулла ибн Масғуд жұманың алдында төрт рәкағат және соңында төрт рәкағат оқыған»**, – деп риуаят еткен. хабардың дәрежесі сахих. Сондай-ақ Абд ар-Раззақ өзінің «Мусаннафында» Қатададан **Ибн Масғудтың жұмадан бұрын төрт рәкағат және кейін төрт рәкағат оқығанын** риуаят еткен. әл-Хафиз ибн әл-Хажар «Талхисында» бұл хабарды сахих деп бағалаған. Тағы бір риуаятта Әбу Абдрахман ас-Салами: **«Ибн Масғуд жұманың алдында төрт рәкағат және кейін төрт рәкағат оқуымызды бұйырған»**, – деп айтқан. Бұл хабардың жеткізушілерін Ибн Хажар «Дироясында» сенімді деген. Тағы бір хабарда имам жұмаға шығар алдын Пайғамбарымыздың жұбайларының бірі Сафия бинт Хуаййидің (Аллаһ оған разы болсын) төрт рәкағат оқығаны, сосын имамға ұйып екі рәкағат жұма оқығаны риуаят етілген.

Хадис ғұламаларының көзқарасында жұманың алдындағы сүннет қанша рәкағат оқыса да не оқымаса да әркімнің еркіндегі нәпілге саналса, бізде **бекітілген сүннет** саналады. Өйткені ханафи мәзһабының фикһ негіздерінде **сүннет** ұғымы шариғат негізі ретінде Пайғамбардың сүннетімен

қатар сахабалардың да сүннетін қамтиды. Сол себепті Ибн Масғудтың жұма алдында әрдайым төрт рәкағат оқығаны туралы сахих хабар негізге алынып, жұма алдында төрт рәкағат оқу бекіген сүннет саналады.

Ал жұманың соңындағы төрт рәкағат сүннеттің атқарылуы Аллаһ елшісінің: **«Жұма оқыған кісі одан кейін төрт рәкағат оқысын!»**, – деген хадисіне негізделген. Бұл хадисті Муслим «Сахихында» риуаят еткен.

Жетінші мәселе: Құтпа кезінде жамағат тарапынан нәпіл оқылмау.

Бізде және мәликилерде жұма және айт күндері имам құтпа айтқанда қандай болмасын нәпіл, тіпті мешітке сәлем намазын атқару мәкрүһ саналады. Құтпаны тыңдау – парыз, ал мешітке сәлем намазы – нәпіл. Мешітке сәлем намазы үшін құтпаны тыңдаусыз қалдыруға, тіпті біреуді жақсылыққа бұйыру мақсатында азғантай сәт алаңдауға рұқсат етілмейді. Сондықтан имам мінбеге шыққан кезде намаз да, сөз де тоқтайды. Бұл уақытта мешітке кірген кісі намаз оқымай, тыныш отыра қалады. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) жеткен Аллаһ елшісінің: **«Жұма күні имам құтпа айтып тұрғанда қасындағы кісіге: «Сөйлемей, тыныш отыр!»**, – десен, бос сөз айтқан болдың», – деп айтқанын Муслим «Сахихында» риуаят еткен.

Абдулла ибн `Амру (Аллаһ оған разы болсын): **«Жұмаға үш түрлі кісі қатысады. Біреуі жұмаға қатысады және онда бос сөз айтады. Бұның алған үлесі осы болады. Келесі кісі жұмаға қатысады және дұға жасап отырады. Аллаһ оның дұғасына қаласа, жауап береді, қаласа, жауап бермейді. Тағы бір кісі жұмаға тыныш және үндемей қатысады, мұсылманның мойнынан аттамайды, ешкімді ренжітпейді. Оның жұмасы келесі жұмаға дейін және тағы үш күн артығымен кәфарат болып жазылады. Өйткені Аллаһ тағала: «Кім жақсылық істесе, оған тағы сондай оны бар»**, – деп айтқан дегенін риуаят еткен. Хадисті Әбу Дәуд риуаят еткен және дәрежесі хасан.

Шафиғилер мен ханбалилерде мешітке сәлем намазын имам құтпа айтып тұрса да, атқарусыз қалдырмау сүннет саналады. Олар әл-Бұхаридің «Сахихында» (2/56) Жәбирдің (Аллаһ оған разы болсын) риуаятындағы Аллаһ елшісінің (соллаллоһу алайһи уа саллам): **«Кім сендерден имам құтпа айтып тұрғанда не мінбеге шыққанда келсе, екі рәкағат оқысын!»** және Муслимнің (Сахихында) (2/597): **«Жұма күні Аллаһ елшісі (соллаллоһу алайһи уа саллам) мінбеде отырғанда Сулайк әл-Ғотофаани келіп отыра қалды. Пайғамбар (соллаллоһу алайһи уа саллам) оған: «Екі рәкағат оқыдың ба?»**, – деді. Ол: **«Жоқ»**, – деді. Пайғамбар. **«Тұр да екі рәкағат оқып ал!»**, – деген хадистерін дәлелге алған.

Жәбірдің бірінші риуаяты бізде және мәликилерде құтпа кезінде сөйлеуге тыйым салынбай тұрған кезеңде айтылып, сосын үкімі өшкен хабар саналады. Өйткені Муслимнің «Сахихында» (2/583) Әбу Һурайраның риуаятындағы Аллаһ елшісінің (соллаллоһу алайһи уа саллам): **«Жұма күні имам құтба айтып тұрғанда қасындағы кісіге: «Сөйлемей, тыныш отыр!», – десен, бос сөз айтқан болдың»,** – деген хадис қасындағы кісіні жақсы іске бұйырудан қайтаруда. Ал жақсы іске бұйыру амалының дәрежесі нәпілден жоғары тұрады, яғни парыз саналады.

Мәликилер: «Біздің көзқарасымыздың салмақты болуы, өйткені құтпа кезінде нәпіл атқармау мединалықтардың амалына сәйкес келеді, екіншіден, салыстыру бойынша құтпаны тыңдау парыздығы мешітке сәлем намазынан жоғары тұрады,» – деп түсіндірген.

Жәбірдің екінші риуаятына келсек, кейбір ғұламалардың көзқарасында бұл хадистің талабы мешітке сәлем намазын емес, жұманың алдындағы сүннетті білдерді. Олар бұған Жәбірден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен тағы бір сахих риуаятты дәлел етеді. **«Аллаһтың елшісі (соллаллоһу алайһи уа саллам) жұма күні құтба айтып тұрғанда Сулайк әл-Ғатафани келді. Аллаһтың елшісі (соллаллоһу алайһи уа саллам) одан: «Келер алдында намаз оқыдың ба?», – деп сұрады. Ол: «Жоқ», – деп жауап берді. Пайғамбар (соллаллоһу алайһи уа саллам) оған: «Екі рәқағат оқы да ол екеуін жеңілдет», – деді деп айтқан.**

Ибн әл-Қаййим «Зад әл-Ма'адында» жеткізушілері сенімді деген. Әбу әл-Баракат ибн Таймия: «Пайғамбардың: **«Келер алдында намаз оқыдың ба?»,** – деген сөзі ол екі рәқағаттың мешітке сәлем намазы емес, жұманың сүннеті екенін білдіреді деген. «Зад ал-Ма'ад»: 1/417. Сондай-ақ біздің ғасырымыздағы Әбу Йайланың «Муснадына» зерттеу жасаған мухаддис Хусейн Әсад Салиим бұл хадистің тізбегін сахих деген.

Міне, құрметті талапкерлер, лекцияның мазмұны қамтыған кейбір фикһи мәселелердің ханафи мәзһабындағы үкімдерінің басқа мәзһабтағы үкімдерден өзгеше болуы мужтаһидтердің шариғи дәлелдердің тізбектері мен мәтін мағыналарымен жұмыс істеу тәсілдерінің өзегешелігімен байланысты екенін аңғардыңыздар. Аллаһ тағала баршамызға салиқалы өмірге негіз болатын пайдалы ілім, сондай-ақ тартыстан сақтап, өзара түсінушілік пен бірлігімізді нығайтатын ілім мен салиқалы қарым-қатынастар нәсіп етсін.